



Қазақстан
КОММУНИСТІ

1970

12-10

ДЕКАБРЬ

1970

Қазақстан КОММУНИСТІ

ҚАЗАҚСТАН КП ОРТАЛЫҚ
КОМИТЕТІНІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ
және СЛАСИ ЖУРНАЛЫ

12 ДЕКАБРЬ 1970

1921 жылғы сентябрьден бастап шығып келеді

СОВЕТ ОДАҒЫНЫҢ КОММУНИСТІК ПАРТИЯСЫ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ПЛЕНУМЫ ТУРАЛЫ ИНФОРМАЦИЯЛЫҚ ХАБАР

1970 жылғы 7 декабрьде КПСС Орталық Комитетінің Пленумы болды. Пленумда СССР Министрлер Советі Председателінің орынбасары, СССР Мемлекеттік жоспарлау комитетінің председателі Н. К. Байбаков жолдастың «СССР халық шаруашылығын өркендетудің 1971 жылға арналған мемлекеттік жоспары туралы» және СССР финанс министрі В. Ф. Гарбузов жолдастың «СССР-дің 1971 жылға арналған мемлекеттік бюджеті туралы» баяндамаларын тыңдап, талқылады.

КПСС Орталық Комитетінің Пленумы Совет Одағы Коммунистік партиясының кезекті XXIV съезі 1971 жылғы 30 мартта шақырылсын деп ұйғарды.

Пленумның соңында КПСС Орталық Комитетінің Бас секретары Л. И. Брежнев жолдас сөз сөйледі.

КПСС Орталық Комитетінің Пленумы талқыланған мәселелер жөнінде тиісті қаулылар қабылдады.

Орталық Комитеттің Пленумы осымен аяқталды.

КПСС ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ ПЛЕНУМЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ СССР ХАЛЫҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫН ӨРКЕНДЕТУДІҢ 1971 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН МЕМЛЕКЕТТІК ЖОСПАРЫНЫҢ ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТТІК БЮДЖЕТІНІҢ ЖОБАЛАРЫ ТУРАЛЫ

СССР халық шаруашылығын өркендетудің 1971 жылға арналған мемлекеттік жоспарының және мемлекеттік бюджетінің жобалары негізінен мақұлданды.

СССР халық шаруашылығын өркендетудің 1971 жылға арналған жоспарының жобасын және бюджетінің жобасын СССР Жоғарғы Советінің карауына енгізу СССР Министрлер Советіне тапсырылсын.

КПСС ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ ПЛЕНУМЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ КПСС XXIV СЪЕЗІН ШАҚЫРУ МЕЗГІЛІ ТУРАЛЫ

Совет Одағы Коммунистік партиясының кезекті XXIV съезі 1971 жылғы 30 мартта шақырылсын.

ҚАЗАҚСТАН КОМПАРТИЯСЫ

ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ПЛЕНУМЫ

1970 жылғы 17 ноябрьде Алматыда Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің XV пленумы болды.

Пленум мына мәселелерді талқылады:

Қазақстан Коммунистік партиясының кезекті XIII съезін шақыру туралы;

Республикадағы комсомол ұйымдарына партиялық басшылықты жайы және оны одан әрі жақсарту жөніндегі шаралар туралы.

Күн тәртібінің бірінші мәселесі бойынша КПСС Орталық Комитеті Саяси Бюросының мүшелігіне кандидат, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші секретары Д. А. Қонаев жолдас сөз сөйледі.

Пленум Қазақстан Коммунистік партиясының кезекті XIII съезі 1971 жылғы 24 февральда шақырылсын деп қаулы алды.

Екінші мәселе бойынша Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің екінші секретары В. Н. Титов жолдас республикадағы комсомол ұйымдарына партиялық басшылықтың жайы және оны одан әрі жақсарту жөніндегі шаралар туралы баяндама жасады.

Пленум талқыланған мәселе бойынша қаулы қабылдады.

ҚАЗАҚСТАН КОМПАРТИЯСЫНЫҢ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ XV ПЛЕНУМЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ

Қазақстан Коммунистік партиясының кезекті XIII съезін шақыру туралы

1. Қазақстан Коммунистік партиясының кезекті XIII съезі 1971 жылғы 24 февральда шақырылсын.

2. Съездің мынадай күн тәртібі бекітілсін:

1) Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің есебі — баяндамашы Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің бірінші секретары Д. А. ҚОНАЕВ жолдас.

2) Қазақстан Компартиясы Тексеру комиссиясының есебі — баяндамашы Тексеру комиссиясының председателі В. А. БОНДАРЕНКО жолдас.

3. Сайлау:

а) Қазақстан Коммунистік партиясының Орталық Комитетін сайлау;

б) Қазақстан Коммунистік партиясының Тексеру комиссиясын сайлау.

4. Қазақстан Компартиясының XIII съезіне өкілдіктің нормасы мынадай болып белгіленсін: партияның 400 мүшесінен шешуші дауыспен бір делегат және партияның мүшелігіне 400 кандидаттан кеңесші дауыспен бір делегат.

5. Қазақстан Компартиясының XIII съезіне делегаттар КПСС Уставына сәйкес облыстық партия конференцияларында жабық (жасырын) дауыс беру жолымен сайланады.

Совет Армиясының, ішкі және шекара әскерлерінің партия ұйымдарында есепте тұрған коммунистер Қазақстан Компартиясының XIII съезіне делегаттарды тиісті облыстық партия ұйымдарымен бірге облыстық партия конференцияларында сайлайды.



АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫН ӨРКЕНДЕТУДЕГІ ЖАҢА КЕЗЕҢ

Совет халқы Ленин партиясының 1971 жылғы 30 мартта болатын XXIV съезін шаруашылық пен мәдениеттің барлық саласында татымды тартулармен, келелі жеңістермен қарсы алу үшін жалынды жігермен, тасқындаған шабытпен күрес жүргізуде. Партияның XXIII съезінің тарихи шешімдерін, бесжылдықтың тапсырмаларын орындау жолында Совет елі тамаша табыстарға жетті.

Бес жыл ішінде бүкіл Одақ көлемінде өндірілген өнеркәсіп өнімінің мөлшері өткен бесжылдықтағымен салыстырғанда бір жарым есе өсті. 1970 жылы, бесжылдықтың соңғы жылында, өнеркәсіп өнімінің жалпы көлемі былтырғымен салыстырғанда 8 процент, еңбек өнімділігі жоспардағы 5,2 процент орнына 6,7 процент артты. Сөйтіп халық шаруашылығы үстіміздегі жылы жоспардан тыс кемінде 5 миллиард сомның өнеркәсіп өнімін алғалы отыр.

Елімізде ғылым мен техника шарықтап өркендеуде. «Луна-16» автомат станциясының ұшып барып, Ай бетіне қонуы, оның топырақ түрлерін алып, қайтадан Жерге әкелуі — совет ғалымдары мен конструкторларының, инженерлері мен жұмысшыларының таңғажайып жаңа жетістіктерін, таланты мен шеберлігін сипаттайтын айқын дәлел. Бұдан кейін көп ұзамай барша әлем тағы бір кереметтің куәсі болды — «Луна-17» автомат станциясы космонавтика тарихында тұңғыш рет Айға өзі жүретін «Луноход-1» автомат аппаратын жеткізді. Жерден басқарылатын бұл аппарат Ай бетінде аса бағалы ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізді. Бұрын ертегілерде ғана айтылып, қиялдауға ғана болатын, ал енді өмір шындығына айналған бұл керемет жаналыққа дүние жүзінде таңданбаған, сүйсінбеген жан жоқ.

1970 жылы Отанымыздың колхоздары мен совхоздары еліміздегі егіншілік тарихында бұрын-соңды болып көрмеген мөлшерде мол астыққа кенелді. Мемлекет қамбасына құйылған астық жоспардағыдан едәуір артық. Шитті мақта, қызылша, овоц, картоп, сүт, жұмыртқа, жүн сияқты өнімдер де былтырғыдан көп дайындалды.

Қазақстан өнеркәсібінің, транспортының және құрылыс ұйымдарының қызметкерлері бесжылдық жоспардың тапсырмаларын ойдағыдай орындап шығу үшін өздерінің күш-жігерін аямай жұмсады.

Республика ауыл шаруашылығының қызметкерлері үстіміздегі жылы мемлекетке 13 миллион 317 мың тонна, яғни 813 миллион пұт астық сатты, ал жоспар бойынша белгіленген мөлшер 598,2 миллион пұт болатын. Бес жыл ішінде мемлекетке жыл сайын орта есеппен 746 миллион пұт астық тапсырылып отырды.

Үстіміздегі жылы Қазақстан малшылары да зор табысқа ие болды. Олар мемлекетке сүт, жұмыртқа, жүн тапсыру жөніндегі жылдық жоспарларын мерзімінен бұрын орындап шықты. Дайындау пункттеріне 1 605 мың тонна сүт, 601 миллион жұмыртқа, 104,2 мың тонна жүн өткізілді. Былтырғы мөлшермен салыстырғанда 150 мың тонна сүт, 127 миллион жұмыртқа, 19,3 мың тонна жүн артық дайындалды.

Соңғы төрт жыл ішінде ғана Қазақстан мемлекетке 3 миллиард пұт астық, 4 миллион тонна ет, 6 миллион тоннадан астам сүт сатты. Бүкіл республика бойынша өткізілген астықтың төрттен үш бөлегін, еттің үштен бірден көбірегін, сүттің жартысын тың алқабында құрылған совхоздар берді. Партияның көрегендік саясатымен, кеменгерлік басшылығымен игерілген ұлан-ғайыр тың жер өзін өзі әлдеқашан толық ақтағаны былай тұрсын, қазірде өзінің мол жемісін беріп отыр. Сая мындаған совет адамы үшін тың алқабы шынайы өмір мектебі, терек білім ордасы болды. Тың өңірінде қоныс тепкен жаңа совхоздарда біздің дарынды замандастарымыз әрқилы үздік техниканың, осы заманғы агротехниканың тілін жетік білетін майталман мамандар, айтулы механизаторлар, он саусағынан өнері тамған шеберлер болып өсіп жетілді.

Әсіресе қостанайлықтар еліміздің астық қорына мол үлес қосты. Үстіміздегі жылы Қостанай облысының диқандары бітік егін өсіріп, оны дер кезінде жинап алды, мемлекетке 239,4 миллион пұт астық сатты. Облыс еңбеккерлері мемлекетке өнім өткізу жөніндегі бесжылдық социалистік міндеттемелерін ауыл шаруашылық өнімдерінің барлық түрінен мерзімінен бұрын орындап шықты. Қостанайлықтар 5 жыл ішінде Отанымыздың қамбасына жоспардағы 658 миллион пұт орнына бір миллиард екі миллион алты жүз мың пұт астық құйды. Бұл өткен бесжылдықтарымен салыстырғанда екі еседен де артық. Мемлекетке 529 мың тонна ет, 1 миллион 233 мың тонна сүт, 332 миллион жұмыртқа, 16,1 мың тонна жүн сатылды. Облыс малшылары биыл бесжылдық жоспардан тыс 50 мың тонна ет, 70 мың тонна сүт, 90 миллион жұмыртқа дайындағалы отыр.

Ауыл шаруашылығын өркендетуде жеткен зор табыстары үшін, белгіленген жоспарды асыра орындап, үстіміздегі бесжылдықта мемлекетке бір миллиардтан астам астық бергені үшін Қостанай облысы екінші рет Ленин орденімен наградталды.

Орал облысының диқандары мемлекетке жоспар бойынша 33 миллион пұт және міндеттеме бойынша 66 миллион пұт астық өткізуге тиісті болатын, іс жүзінде олардың сатқан астығы 70 миллион пұттан асып түсті. Қазір бұл облыста малдың негізгі түліктерінің саны жоспарда белгіленген мөлшерге жетіп отыр.

Астаналық Алматы облысының да екінші рет Ленин орденімен наградталуы — облыс еңбекшілерінің осы бесжылдықтағы ерен еңбегінің айғағы.

Мұның бәрі — Коммунистік партияның ауыл шаруашылығын жедел ерге бастыру жөніндегі сара жолының, көрегендік саясатының шарапаты. Партияның бұл саясаты XXIII съездің, партия Орталық Комитетінің 1965 жылғы март, 1966 жылғы май, 1968 жылғы октябрь және 1970 жылғы июль Пленумдарының шешімдерінде белгіленген болатын. Бұл саясатты белгілегенде партия ауыл шаруашылығының қоғам тіршілігіндегі зор маңызын ескерген-ді. Атап айтқанда, халық тұтынатын товарлар жөніндегі қоғам қажетінің төрттен үш бөлегін ауыл шаруашылық өнім-

дері және ауыл шаруашылығының шикізатынан жасалған бұйымдар өтеп отырады; еліміздің бүкіл ұлттық табысының үштен бір бөлегінен астамын ауыл шаруашылығы береді. КПСС Программасында: «Қуатты өнеркәсіппен қатар гүлденіп өскен, жан-жақты өркендеген, мол өнімді ауыл шаруашылығын жасау — коммунизм орнатудың міндетті шарты» делінген.

Коммунистік партияның ауыл шаруашылығы жөніндегі саясаты социализмнің артықшылықтарын барынша толық пайдалануға, колхоз-совхоз өндірісінің тиімділігін арттыруға бағытталған. Бұл саясаттан келіп шығатын нақты шаралардың жүзеге асырылуы — бүкіл социалистік экономикамызды ойдағыдай өркендетудің, совет халқының тұрмыс жағдайын жақсартып, мәдени дәрежесін көтерудің аса маңызды кепілі. Л. И. Брежнев жолдас Орталық Комитеттің март Пленумында жасаған баяндамасында былай деп көрсеткен-ді: «Ауыл шаруашылығын өрге бастыру—коммунизмді ойдағыдай орнату үшін бізге өмірлік қажетті іс екенін біз түсініп отырмыз. Бүкіл халықтық осы міндетті шешу үшін біз ауыл шаруашылығының берік экономикалық негізін жасауға тиіспіз. В. И. Ленин бұл мәселені партияның экономикалық саясатының аса маңызды мәселелерінің бірі деп қарады, өйткені мұның өзі Совет мемлекетінің негіздерінің негізіне — жұмысшы табы мен шаруалардың қатынастарына қатысты мәселе».

Ауыл шаруашылығын өрге бастырудың негізгі бір жолы оның материалдық-техникалық базасын нығайту, егіншілік пен мал шаруашылығын жан-жақты интенсификациялау екені мәлім. Ғылымның жетістіктерін пайдалану, техникамен жабдықтау, еңбек өнімділігін арттыру дәрежесі жағынан ауыл шаруашылығын социалистік өнеркәсіптің деңгейіне көтеру қазіргі кезде партия саясатының өзегі, барша халықтың міндеті болып отыр.

Ауыл шаруашылық өнімдерін дайындаудың бірнеше жылға арналған тұрақты жоспарын белгілеу нәтижесінде ауыл шаруашылығын өркендетуді жоспарлаудың берік негізі қаланды. Мемлекетке жоспардан тыс өткізілетін астық бағасының, сондай-ақ мал шаруашылығы өнімдері бағасының арттырылуы колхоздар мен совхоздардың рентабельділігін көтеруге, шаруашылық есепті нығайтуға, еңбекшілердің еңбекке деген ынта-ықыласын күшейтуге мүмкіндік туғызды.

Елімізде колхоздар мен совхоздардың экономикасы едәуір нығайып, деревня еңбеккерлерінің табысы өсті. Колхоздардың жалпы орташа жылдық табысы соңғы төрт жыл ішінде 20 миллиард сомға жетті, бұл 1962—1965 жылдардағыдан 5,8 миллиард сом артық. Совхоздардың жалпы өнімі 1965 жылы 21 миллиард сом болса, 1969 жылы 24 миллиард сом болды. 1965 жылғымен салыстырғанда совхоз қызметкерлерінің орташа табысы 26 процент, ал колхозшылардың табысы 33 процент өсті. Үстіміздегі бесжылдық ішінде ауыл-селода көптеген мәдениет ошақтары, тұрмыс түзеу орындары мен мекемелері пайда болды.

Колхоз-совхоз өндірісін интенсификациялауда ғылымның ролі арта түсіп отыр. Ғылым мен техниканың жетістіктерін өндіріске енгізу ауыл шаруашылық өнімдерін молайтуға, өнімнің сапасын жақсартып, өзіндік құнын төмендетуге үлкен септігін тигізді. Мәселен, Қазақстандағы тың алқабының қас ортасына орналасқан Бүкіл одақтық астық шаруашылығы институты (директоры А. И. Бараев жолдас) өзіне телініп берілген егіс көлемінен жылма-жыл мол өнім алып келеді. Тың өңірінде небәрі 4 институт және 9 тәжірибе станциясы бар. Бұлар ауыл шаруашылық дақылдарының жергілікті жағдайларға өте-мөте қолайлы сорттарын іріктеп алуда, мал тұқымын асылдандыруда, агротехникалық тәсілдер белгілеуде көп жұмыс атқарды. Бұлардың ұсыныстарын қазір тың өңіріндегі барлық шаруашылықтар қолданып келеді. Ұлы Октябрь революциясы-

ның 53 жылдық мерекесі тұсында биязы жүнді «Оңтүстік Қазақстан мериносын» өсіргені үшін республикамыздың бір топ ғалымдарына СССР Мемлекеттік сыйлығының берілуі де ғылымның ауыл шаруашылығына үлкен үлес қосып отырғанын дәлелдейді.

Совет мемлекеті, жұмысшы табы ауыл шаруашылығына қыруар көмек көрсетіп келеді. Соңғы төрт жыл ішінде колхоздар мен совхоздарға одан бұрынғы төрт жылмен салыстырғанда минералдық тыңайтқыш 1,8 есе, 251 мың трактор, 55 мың астық комбайны, 168 мың жүк автомобилі және басқа техника артық берілді, мұның бәрі ақшаға шаққанда 1 100 миллион сом болады. Қазақстан совхоздары мен колхоздары үстіміздегі бесжылдықта мемлекеттен жаңадан 107 мыңнан астам трактор, 13 мың автомобиль, 42 мыңға жуық астық комбайнын және басқа көптеген техника алды. Биыл республиканың егін даласында 210 мыңнан астам трактор, 100 мыңнан астам астық комбайны, сан мыңдаған автомобиль жұмыс істеді. Жаңа бесжылдықта Совет мемлекеті Қазақстан ауыл шаруашылығына 142 мың трактор, 70 мың автомобиль, 120 мың трактор тіркемесін, 90 мың комбайн бергелі отыр.

Елімізде 1966—1969 жылдары ауыл шаруашылығы өнімдерінің орташа жылдық мөлшері 79 миллиард сомға жетті, яғни бұдан бұрынғы бесжылдықтағыдан 12,7 миллиард сом артық. Осы жылдар ішінде астықтың жалпы түсімінің орташа жылдық мөлшері 162 миллион тонна болды, бұл 1961—1965 жылдардағыдан 32 миллион тонна көп. Бұрын Одақ көлемінде талай жылдар бойы әр гектардан небәрі 8—10 центнер астық алынып келген болса, өткен төрт жыл ішінде егіннің түсімі гектарына 13,2 центнерден айналды.

Біздің республикада өткен төрт жылда ауыл шаруашылығының жалпы өнімі одан бұрынғы төрт жылмен салыстырғанда 22 процент артты, орта есеппен әр жылда өндірілген астық мөлшері 20,3 миллион тоннаға жетті, яғни бұрынғыдан 40 процент өсті. Дәнді дақылдар шығымдылығы гектарына 2,7 центнер артты. Кейбір облыстарда бұл көрсеткіш едәуір жоғары екенін көреміз. Мәселен, Қостанай облысында осы бесжылдықта егіннің түсімділігі орта есеппен гектар басына 4,5 центнер, Орал облысында биылғы жылдың өзінде ғана — 3 центнер артты.

КПСС Орталық Комитетінің июль Пленумының шешімдерінде көрсетілгеніндей, астық өндіруді еселеп арттыру бұрынғыша өзекті проблема болып қала береді. Келесі бесжылдықта елімізде орта есеппен жыл сайын 195 миллион тонна (мұның ішінде Қазақстанның үлесі 24 миллион тонна) астық өндіріліп отыруға тиіс. Осы нысанға жету үшін елімізде колхоз-совхоз жерінің әр гектарынан алынатын өнімді кемінде 4 центнер арттыру керек.

Белгіленген мөлшерде егін шығымдылығын арттыру үшін бірқыдыру нақты шараларды жүзеге асыру қажет болады.

Біріншіден, техниканы, механизмдер мен жабдықтарды барынша толық пайдалану парыз. Тек осының нәтижесінде ғана ғылым мен озат тәжірибенің ең жаңа жетістіктеріне негізделген үздік технологияны білгірлікпен, дәйектілікпен қолдануға болады. Осыған орай комплексті механикаландыру мен электрлендіру ауыл шаруашылық өндірісінің тиімділігін, еңбек өнімділігін, колхоздар мен совхоздардың рентабельділігін арттырудың шешуші шарты екенін ұмытпаған жөн.

Екіншіден, Қазақстан жағдайында егістік пен шабындықты, сондай-ақ мал жайылымдарын жақсартуға, топырақтың құнарлылығын арттыруға бағытталған мелиорация және жер суландыру, жер қыртысын су және жел эрозиясынан аман сақтау шаралары ерекше маңыз алады.

Үшіншіден, ауыл шаруашылығын химияландыруға мықты назар аударылуға тиіс. Өйткені қазіргі кезде ауыл шаруашылық дақылдары

өніміне келетін өсімнің кем дегенде жартысы тыңайтқыштарды және басқа химиялық заттарды қолдану есебінен алынып жүр. Ғалымдардың есебі бойынша 30 миллион тонна минералдық тыңайтқыш қолданған күнде алынатын өнім мөлшері сондай, бұл өнімді тыңайтқышсыз өндіру үшін жаңадан 28 миллион гектар жерге егін салуға тура келер еді.

КПСС Орталық Комитетінің июль Пленумында минералдық тыңайтқыштар шығаратын өнеркәсіпті өркендетуге ерекше көңіл бөлінді. Жаңа бесжылдықтың аяғында өндірілетін тыңайтқыштар мөлшері 90 миллион тоннаға жеткізілмек, мұның 72 миллион тоннасы ауыл шаруашылығына берілетін болады. Бұл саладағы ең жауапты міндет қолда бар және келешекте алынатын тыңайтқыштың әрбір центнерін барынша үнемдеп, тиімді пайдалануда болып отыр.

Үстіміздегі бесжылдықта мал мен құстың өнімділігі артып, мал шаруашылығының өнімдері көп өндірілді. Соңғы төрт жылда Қазақстанда мал өнімдерін өндіру едәуір өсті, атап айтқанда, ет өндіру 14 процент, сүт — 26 процент, жүн — 15 процент және жұмыртқа 26 процент артты.

Жаңа бесжылдықта елімізде жыл сайын өндірілетін еттің мөлшерін 15,6 миллион тоннаға, сүтті 98 миллион тоннаға, жұмыртқаны 51 миллиардқа жеткізу міндеті алға қойылып отыр. Бұл міндетті жүзеге асыру ісіне Қазақстан едәуір үлес қосуға тиіс.

Партия мен мемлекеттің бұл тапсырмасын абыроймен орындап шығу үшін әрбір шаруашылықтағы, әрбір фермадағы мүмкіндіктердің, резервтердің көзін тауып, пайдалана білу қажет.

Мал шаруашылығын интенсификациялаудегі негізгі шарттардың бірі — еңбек өнімділігін арттыру, яғни еңбекті неғұрлым аз жұмсап, өнімді неғұрлым көп өндіру. Осы тұрғыдан қарағанда көптеген колхоздарда бір центнер сүт өндіруге екі және одан да көп адам күні жұмсалып жүргенін тиімді деп есептеуге болмайды. Сүтті бұдан анағұрлым арзан өндіріп отырған шаруашылықтар да аз емес. Бұл ала-құлалық көбінесе ферманың техникамен қарулану, өндіріс процестерін механикаландыру дәрежесіне байланысты. Июль Пленумының шешімдеріне сәйкес мал фермалары көптеген жаңа машина мен жабдық алмақшы.

Республиканың совхоздары мен колхоздары биыл мал азығын жеткілікті мөлшерде дайындап алды. Шаруашылықтардың дені жемшөпті мал қыстайтын қоралар мен жайылымдардың басына тасып жеткізді. Қазақстанның оңтүстік облыстарындағы шаруашылықтарға мейлінше жайсыз тиген бұрнағы жылғы қатаң қыстың сабағын ескере отырып, көптеген шаруашылықтар жемшөпті барынша ұқыптылықпен үнемдеп жұмсауда, мал азығын өндеп, сапасын жақсарту, құнарлылығын арттыру жолымен өнім мөлшеріне жұмсалатын шығындарды азайтуда. Бірақ мал азығын жұмсауда ысырапкерлікке, ұқыпсыздыққа жол беріп отырған шаруашылықтар да жоқ емес. Бұл кемшілікті дереу жою, малдың өлім-жітімін, қысыр қалуын мейлінше азайту, әр фермада малдың қандылығы мен салмағын арттыру арқылы елімізге неғұрлым көп ет беру — партия ұйымдары мен шаруашылық басшыларының бүгін таңдағы ең ардақты міндеті. Бұл жерде қатты ескеретін бір жәйт, етке мал өткізу мен мал басын өсіру шаралары үйлестіріле жүргізілуі керек. Орал еңбеккерлерінің малды жайыл семірту және бордақылау жөніндегі тәжірибесі барлық малшыларымызға үлгі бола алады. Облыс бойынша 4 жыл ішінде етке өткізілген ірі қараның орташа тірілей салмағы 304 килограмнан 347 килограмға, қойдың салмағы 40 килограмнан 43 килограмға, шошқаның салмағы 92 килограмнан 119 килограмға жетті. Биыл етке өткізілген ірі қараның орташа салмағы 363 килограмм болды. Ал әлі де арылмай келе жатқан жаман әдет бойынша етке салмағы төмен, арық мал өткізудің мемлекетке де, шаруашылыққа да тиімсіз екені әркімге аян.

КПСС Орталық Комитетінің 1965 жылғы март Пленумынан кейін елімізде сүт өндіру ісі едәуір алға басты. Төрт жыл ішінде әр сиырдан сауылған сүт орта есеппен 266 килограмм артты. Өткен жылы Москва және Ленинград облыстарында әр сиырдан 3 мың килограмнан астам сүт сауылғаны, ал бұлармен жағдайы бірдей бірқатар басқа облыстар мен республикаларда, оның ішінде Қазақстанда да сауылған сүт мөлшері анағұрлым аз екені бұл саладағы мол резервтердің әлі де жөнді пайдаланылмай келе жатқанын көрсетеді.

Өткен жылы елімізде әр сиырдан 2 253 килограмм сүт сауылған болса, бұдан былайғы жерде бұл мөлшер 2 600 килограммға жеткізілуі қажет. Осыған байланысты сауын малды жақсылап бағып күту керек және сүт өндіру мөлшерін көбейтумен қатар сүттің майлылығын арттыру шарасын қарастырған жөн, өйткені мұны тіпті оннан бір процент өсірген күннің өзінде де еліміз қосымша миллиондаған килограмм сарымай алатын болады.

Жаңа бесжылдықта ауыл шаруашылығының қажетіне 77,6 миллиард сом күрделі қаржы беріледі, мұның ішінде 45,9 миллиард сом құрылыс-монтаж жұмысына арналады. Оның үстіне колхоздардың осы мақсатқа жұмсайтын қаржысы 43 миллиард сом болмақ.

1971 жылдан бастап ауыл-селода комплексті жоспарлау енгізіледі, яғни өндіріс объектілерімен қатар клубтар, мәдениет үйлері, мектеп жасына дейінгі балалар мекемелері, тұрғын үй салынуға тиіс. Мұның өзі құрылыс жұмысының тиімділігін арттырады, сонымен қатар село құрылысын тәртіпке салуға, әсіресе осы күнге дейін орын алып келе жатқан жарамсыз әдетті — бір объект салынып бітпей жатып, жаңа құрылысты бастау сияқты практиканы біржолата жоюға көмектеседі. Жоспар бойынша салынатын құрылыс жайларын материалдармен, сметалық-жобалау документтерімен қамтамасыз ету ісін партия, совет және шаруашылық органдары үнемі бақылап отыруға міндетті.

Екі жылдан бері республикамыздың шаруашылықтарында өндіріс объектілерін, әсіресе мал қораларын салу ісі кең өріс алып отыр. Көптеген шаруашылықтар барлық малға жылы да жайлы пана боларлық қора салып алды. Олар орталықтардан алынатын құрылыс материалдарымен қатар жергілікті материалдарды да жақсы пайдалана білді. Бұл ретте Шымкент облысының Созақ ауданындағы «Жартытөбе» совхозының тәжірибесін әбден құптауға болады. Совхозда екі жылдың ішінде бірыңғай жоба бойынша 45 қой қора салынған. Құрылыс жобасын жасарда совхоз басшыларының көп ойланып-толғануына тура келіпті: қораның қабырғасына бұрынғыдай саз балшықтан құйылған қышты пайдалану жөн емес, өйткені мұндай қора көпке бармай, жауын-шашында құлап қалады, ал күйдірген кірпішті екі жүз километр жерден тасып әкелгенде құрылыс екі есе қымбатқа түседі, оның үстіне жеткілікті мөлшерде кірпіш те табыла бермейді. Сондықтан барлық жерде де қой қоралардың қабырғалары совхоз инженерінің ұсынысы бойынша бір есе цементке төрт есе құмды араластырып, қалыпқа құйған қоспадан (пескоблок) тұрғызылған. Мұндай қоралардың жауын-шашынға өте төзімді екеніне малшылардың көзі жетіп отыр. «Жартытөбе» совхозының бұл тәжірибесі ауданның барлық шаруашылықтарында, тіпті одан тысқары жерлерде де қолданыла бастап отыр.

Мал қыстату — аса жауапты науқан. Партия ұйымдары мен барлық коммунистер осы үлкен істің жетекшілері, ұйымдастырушылары болуға тиіс. Республика колхоздары мен совхоздары малдың күтімін жақсартып, қондылығын арттыру, малдан неғұрлым көп төл алып, аман өсіру, малдың өнімділігін арттыра түсіп, мемлекетке өнім өткізу жөніндегі социалистік міндеттемелерді дер кезінде орындау жолында жаңа табыстарға жетеді деп кәміл сенуге болады. Бұған барлық малшылардың,

шопандардың, сауыншылардың, механизаторлардың сұрапыл қиыншылықтарға төтеп беретін, азынаған боранда да, үскірік аязда да жасымайтын қайрат-жігері, жеңімпаз ерлік еңбегі кепіл.

Қазір диқандарымыз болашақ егіннің қамын ойлап, көктемгі егіске қызу әзірленуде. Таяуда газеттерде Қостанай облысы еңбекшілерінің 1971 жылғы көктемгі егіске үлгілі әзірленіп, оны ойдағыдай өткізу жөніндегі үндеуі жарияланды. Республикамыздағы шаруашылықтардың коллективтері қостанайлықтардың бастамасын қызу қолдауда.

Қостанай диқандары өз үндеуін нақтылы шаралармен дәйектеп отыр. Облыстың совхоздары мен колхоздары 3 миллион гектардан астам зябь жыртып, 870 мың гектар пар айдаған, дәнді дақылдардың жоғары сапалы сортты тұқымын жеткілікті мөлшерде қамбаға күйіп қойған.

Облыс еңбеккерлері партиямыздың XXIV съезі ашылатын күнге дейін барлық тракторларды, егін салатын және жер өңдейтін машиналарды түгел жөндеуден өткізіп, сақадай сайлап қоюға міндеттенді. Көктемгі егіс жұмыстары басталғанға дейін астық комбайндарының және пішен жинайтын техниканың дені жөнделмек.

Қостанай диқандары егіске арналатын барлық алқапта қар тоқтауға, келесі жылдың егістігіне 55 мың тонна стандартты тук және 1 884 мың тонна органикалық тыңайтқыш енгізуге ұйғарды.

Қостанайлықтар совхоздар мен колхоздарды механизатор кадрларымен тезірек қамтамасыз ету жөнінде үлкен қамқорлық жасап отыр. 1971 жылы кәсіби-техникалық училищелерде және арнаулы курстарда 11 260 механизатор даярланбақ. Қалалар мен аудан орталықтарында көктемгі егіс пен егін жинау басталғанға дейін 3 мың механизатор даярланып шығады.

Көптеген шаруашылықтарда механизатор кадрларының зәрулігі сондай, жұмыстың қауырт кездерінде, әсіресе егін жинау маусымында мыңдаған механизаторлар сырттан әкелініп жүр. Ендігі жерде бұл практикадан біржола бас тартып, механизаторлар даярлау ісін бүкіл республикада мықтап жолға қою керек. Мұнда комсомолдеріміз бен жастарымыз үлкен роль атқара алады. Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің үстіміздегі жылғы ноябрь айында болып өткен XV пленумы механизатор кадрларын даярлауға, әрбір совхоз бен колхозды өз механизаторларымен қамтамасыз етуге комсомол ұйымдарының белсене қатысуы қажет екенін атап көрсетті. Осыған орай Қазақ мемлекеттік ауыл шаруашылық институты студенттерінің оқу бітіргенде алып шығатын негізгі мамандығына қоса механизатор өнерін де меңгеру жөніндегі бастамасын барынша қостау керек.

Қорыта айтқанда, бұл шаралардың бәрі келесі жылғы егіннен мол өнім алудың кепілі болатынында, ауыл шаруашылығын жаңа биік белеске көтеруге септігін тигізетінінде ешбір күмән жоқ.

Берген сертке берік болу, сөз бен істің бір жерден шығуын көздеу — совет адамдарының ізгі дәстүрі. Қабылданған социалистік міндеттемелердің әрбір кәсіпорында, құрылыста, колхоз бен совхозда толық орындалуын қамтамасыз ету, коммунизмнің материалдық-техникалық базасын тезірек жасау жолында, Отанымыздың күш-қуатын арттыра беру жолында қажырлы күрес жүргізе отырып, өнімді еселеп өндіру, сөйтіп КПСС XXIV съезі мен Қазақстан Компартиясының XIII съезін тамаша тартулармен қарсы алу — республика партия ұйымдарының, барша коммунистері мен еңбекшілерінің ардақты борышы.

РЕЗЕРВИМІЗ ҰШАН-ТЕҢІЗ

Ш. КОСПАНОВ.

Орал облыстық партия комитетінің бірінші секретары

Байтақ еліміздегі сияқты Орал облысының еңбекшілері де ауыл шаруашылығын шұғыл өркендету программасын белгілеп берген КПСС Орталық Комитеті июль (1970 ж.) Пленумының шешімдерін зор қанағаттанғандық сезіммен қарсы алды. Бұл түсінікті де. Өйткені колхоздар мен совхоздардың экономикасын онан әрі нығайтуда, ауыл шаруашылығын бұрынғыдан да биік, жаңа сатыға көтеруде бұл шешімдердің маңызы орасан зор.

Л. И. Брежнев жолдас КПСС Орталық Комитетінің июль Пленумында жасаған баяндамасында: «Ауыл шаруашылығын онан әрі өрге бастыру таяудағы болашақта да біздің басты шаруашылық және саяси міндетіміздің бірі болып қала береді» деп көрсетті. Бұл — еліміздің ауыл шаруашылығын қарышты қадаммен өркендету қажеттігін бейнелейтін дәйекті тұжырым, партиялық баға. Мұны өскелең социалистік өміріміз, жылдан жылға қарыштай дамыған экономикамыздың өзі талап етіп отыр. Шынында да ауыл шаруашылығы өнімдерін еселеп арттырмайынша өнеркәсіпті, әсіресе жеңіл өнеркәсіпті шикізатпен қамтамасыз ету, тұрмысымыздың жоғары талаптарына сай азық-түлік молшылығын жасау мүмкін емес.

Орал өңірі — құнарлы жер көлемі кең, перспективасы мол, бай өлке. Аяқталғалы отырған бесжылдық ішінде партия мен үкіметтің айрықша қамқорлығы нәтижесінде, ауыл-село еңбеккерлерінің партияның XXIII съезі, КПСС Орталық Комитетінің одан кейінгі Пленумдары шешімдерін ойдағыдай орындау жолындағы қажырлы еңбегі, творчестволық күш-жігері арқасында облыс ауыл шаруашылығының бейнесі түбегейлі өзгерді. Егіншілік мәдениеті артып, мал шаруашылығының даму дәрежесі өсті. Егіннің шығымдылығы, ауыл шаруашылығынан алынатын өнімдердің мөлшері едәуір ұлғайды. Колхоздар мен совхоздар көп салалы, механикаландырылған ірі шаруашылықтарға айналды. Егіншілік пен мал шаруашылығында істейтін тұрақты маман кадрларымыз да бар.

Қазір бізде ауыл шаруашылығын бұрынғыдай стихиялы жолмен емес, ғылыми негізде, практикада сыналған озат тәжірибеге сүйеніп жүргізуге мүмкіндік туып отыр. Олай болса, ауыл шаруашылық өндірісін мықтап өрге бастыру жөнінде біздің алдымызға жоғары талап, зор міндет қойылуы заңды. Облыс партия ұйымы ауыл-село еңбеккерлерін, қалың еңбекші бұқараны осы міндеттерді орындауға жұмылдыра отырып, ауыл шаруашылығын онан әрі өркендету, оның мол резервтерін жете пайдалану жөнінде елеулі жұмыс атқарғаны мәлім. Бұған үстіміздегі бесжылдықта қол жеткен табыстар куә.

Астық өндіруді арттыру ауыл шаруашылығын өркендетудің түйінді проблемасы болып келгені және солай болып қала беретіні түсінікті. Облыс еңбеккерлері осы бесжылдықта бұл салада айтарлықтай еңбек етті, көптеген игі шараларды жүзеге асырды. Соның нәтижесінде астық өндіру және оны мемлекетке сату жөніндегі бесжылдық жоспар мерзімінен бұрын, үш жылда орындалды, мемлекетке бесжылдық жоспардан тыс 97 миллион пұт жоғары сапалы астық сатылды. Бұл жылдар ішінде облыс бойынша астықтың түсімі әр гектардан орта есеппен жоспарда көрсетілгендегіден үш центнер артты. Ал жеке аудандардың көрсеткіші бұдан да жоғары.

Биылғы мерекелі жыл облыс еңбеккерлері үшін астық өндіруді онан әрі арттыру, егін шығымдылығын молайту жолында батыл қадам жасалған жыл болды. Олар В. И. Лениннің туғанына жүз жыл толуын, республикамыздың елу жылдық мерекесін лайықты қарсы алу жолында қажырлы күрес жүргізе отырып, мемлекетке 66 миллион пұт астық сату жөніндегі міндеттемесін абыроймен орындап шықты, сөйтіп Отан қоймасына 70 миллион пұт астық тапсырды.

Егіншілік мәдениетін арттыруда біздің көптеген шаруашылықтар, механизаторлар мен мамандар мол тәжірибе жинақтады. Олардың көбі егін шығымдылығын арттырудың, техниканы тиімді пайдаланудың нағыз шеберлері болып алған. «Пермь», «Ульянов», «Правда» газеті атындағы, «Ақбұлақ» совхоздары мен «Қызыл ту» колхозы барлық егістік жер көлемінен тұрақты мол өнім алатын, аса ірі астық фабрикаларына айналып отыр. Олардың әрқайсысы жыл сайын Отанға екі миллион пұттан астық тапсырып келеді.

КПСС Орталық Комитеті июль Пленумының қаулысына сәйкес алдағы бесжылдықта облыс колхоздары мен совхоздары үстіміздегі бесжылдықтың әр жылындағы 33 миллион пұт орнына мемлекетке жыл сайын 42 миллион пұт астық тапсыруға тиіс. Мұның үстіне жыл сайын жоспарға қосымша 35 процент мөлшерінде астық сатылмақ. Былайша айтқанда, облыс шаруашылықтары жылына мемлекетке 56,5 миллион пұт астық сататын болады. Мұндай маңызды да жауапты міндетті біздің облысымыз ойдағыдай орындай алады деп сенеміз. Бұған қазірдің өзінде-ақ берік негіз қаланып жатыр.

Қазір әрбір шаруашылықта гектар сайын мол өнім алу, «Егіншілік мәдениеті жоғары коллектив» деген құрметті атаққа ие болу жолындағы күрес кең өріс алған. Барлық шаруашылық өздеріне қажетті тұқым қорын толық құйып алды. Зябь жырту, егістік жерді әзірлеу жұмыстары сапалы атқарылды. Жеке шаруашылықтарда мол өнімді отрядтар құрылды. Олар қазір егістікке минералдық және жергілікті тыңайтқыштар шығарып жатыр. Сондай-ақ картоп пен овощ егісінің көлемін ұлғайтып, одан алынатын өнімді молайту жөнінде де нақты шаралар белгіленді. Жаңа бесжылдықтың аяғында облыс колхоздары мен совхоздарында картоп өндіру үш есе, овощ 2,8 есе артатын болады.

КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советі елімізде, оның ішінде Қазақстанда мал шаруашылығын өркендетуге, оның өнімдерін өндіруді арттыруға бағытталған шешімдер қабылдағаны белгілі. КПСС Орталық Комитетінің июль Пленумының қаулысы партия, совет, ауыл шаруашылық органдарынан мал шаруашылығын өркендетуде орын алып келген кемшіліктерді батыл жоюды, мал мен құс санын көбейтумен қатар олардың өнімділігін шұғыл арттыруды талап етті.

Үстіміздегі бесжылдықта Орал облысының еңбекшілері мал шаруашылығы өнімдерін өндіруді арттыру жөнінде бірқатар жұмыс атқарды. Бесжылдықтың төрт жылы ішінде ет өндірудің жылдық орта мөлшері бұдан бұрынғы жылдармен салыстырғанда 5 процент, сүт өндіру 13 процент, жүн 16 процент артты. Өткен төрт жыл мен биылғы тоғыз айдың қорытындысы бойынша облыс шаруашылықтары мемлекетке сүт, жүн, қаракүл елтірісін сату жөніндегі бесжылдық тапсырманы толық орындады. Жыл аяғына дейін бесжылдықтың ет өндіру, жұмыртқа сату жөніндегі тапсырмасы да ойдағыдай орындалады. Бұл жылдар ішінде малдың өнімділігі де едәуір артты. Бесжылдықтың төрт жылы ішінде әр сиырдан сауылған сүт облыс бойынша 325 килограмм өсіп, ол 1969 жылы 2 054 килограмм болды. Әр қойдан қырқылған жүн 2,7 килограмнан 3,1 килограмға жетті. Етке тапсырылған әрбір ірі қараның тірідей салмағы 304 килограмнан 347 килограмға, қой 40 килограмнан 43 килограмға, шошқа 92 килограмнан 119 килограмға дейін артты.

Бесжылдықтың өткен жылдары ішінде облыстың жеке шаруашылықтары мал санын және оның өнімділігін қатар арттыра отырып, жоғары көрсеткіштерге ие болды. Мысалы, Жымпиты ауданының «Правда» газеті атындағы совхозы төрт жылда ірі қараның, оның ішінде сиырдың санын екі еседен де асыра көбейтті. Қазір совхозда 7 668 ірі қара, оның ішінде 2 165 сиыр бар. 1965 жылы совхоз етке 5 292 центнер мал тапсырған болса, үстіміздегі жылдың аяғына дейін 10 700 центнер ет тапсыратын болады, оның 7 190 центнерін осы жылғы 1 октябрьге дейін өткізіп те қойды. Былайша айтқанда, ет тапсыру 1965 жылға қарағанда екі еседен де астам артып отыр. Мал санын арттырып, оның өнімділігін молайтуда «Аңкаты», «Чапаев» совхоздарының да көрсеткіштері жақсы. Бұлардың бай тәжірибесі мен шаруашылықты жүргізудегі озат әдістері облыстың басқа шаруашылықтарына да үлгі-өнеге болары сөзсіз.

Алайда мал шаруашылығын өркендетуде, әсіресе мал санын көбейтуде облыста елеулі кемшіліктерге жол беріліп отырғанын ашып айтуға тиіспіз. Бұл жөнінде КПСС Орталық Комитетінің декабрь (1969 ж.) Пленумында біздің облыс орынды сыналды. КПСС Орталық Комитетінің июль Пленумында «қызметкерлердің бірсыпырасының арасында өнім өндіруді арттыру міндетін малдың санын көбейтпей-ақ, оның өнімділігін арттыру есебінен шешуге болады», деген пікір кең тараған деп көрсетілді. Бұл аталған кемшіліктің біздің облыс шаруашылықтарының жұмыс практикасына да тікелей қатысы бар. Сондықтан біз алдағы уақытта бұл сыннан тиісті қорытынды шығарып, мал шаруашылығын өркендетуде малдың саны мен оның өнімділігін қатар арттыруға қатаң бағыт ұстайтын боламыз.

Жаңа бесжылдықта ауыл шаруашылығын, әсіресе мал шаруашылығын өрге бастыруда біздің зор міндеттерді шешуімізге тура келіп отыр. Қазір бұл міндеттер облыс бойынша белгіленіп, айқындалған. Шаруашылықтардың есебі бойынша алдағы бесжылдықтың аяғында біз ірі қара санын 400 мың, яғни 16 процент, қойды 3 миллион 165 мың, яғни 21,5 процент, шошқаны 91 мың, яғни 90 процент арттыруға тиіспіз. Бұған қоса мал мен құстың басқа түрлері де едәуір арттырылмақ.

Облыс колхоздары мен совхоздарының 1971—1975 жылдарға арналған ет тапсыру жоспарлары анықталған. Бұларда бесжылдық жоспарды орындаудың нақты шаралары да белгіленген. Егер дәлірек айтатын болсақ, 1975 жылы облыс бойынша 110 мың тонна ет сатылуға тиіс, ал алдағы жылы 95 мың тонна ет тапсырылмақ. Сүт сату жыл сайын 50 мың тонна мөлшерінде белгіленді. 1975 жылы тапсырылатын жүн 11,6 мың тоннаға, жұмыртқа 30 миллионға жеткізіледі. КПСС Орталық Комитеті июль Пленумының шешімдеріне сәйкес облыс шаруашылықтары мемлекетке жоспарға қосымша 8—10 процент шамасында мал шаруашылығы өнімдерін өткізуге тиіс.

Мал шаруашылығын өркендетуде жаңа бесжылдық міндеттерін ойдағыдай жүзеге асырудың басты шарты — ең алдымен малдың саны мен өнімділігін қатар арттыру. Сондықтан біз соңғы жылдары кеміп кеткен мал санын, әсіресе төлдейтін мал санын толықтыруға баса назар аударып отырмыз. Бұл жөнінде жер-жерде нақты шаралар белгіленген. Мұнымен қатар мал тұқымын асылдандыру, малдың қысыр қалмауын қамтамасыз ету, қойды, әсіресе сиырды қолдан ұрықтандыру әдісін батыл сінгізу, сөйтіп төлді көп алып, аман сақтау шаралары көзделіп отыр. Айта кету керек, бұған дейін шаруашылықтарда саулықтарды қолдан ұрықтандыруды ноябрьдің екінші жартысы мен декабрьге қалдыру, сиырды қолдан ұрықтандыруға теріс қарау фактілері орын алып келді. Енді малды қолдан ұрықтандыруға, оны ұйымшылдықпен өткізуге айрықша маңыз беріліп, бұл жұмыс қатаң бақылауға алынатын болды. Бұл шаралар мал санын өсіруге елеулі ықпал етеді деп ойлаймыз.

Мал шаруашылығы өнімдерін өндіруді арттырудың басты резерві — ет малын интенсивті түрде өркендету, оның қондылығын арттыру. Бұл

жөнінде бізде қолайлы жағдай, жинақталған мол тәжірибе бар. «Аңқаты», «Чапаев», «Пермь», «Ульянов» сияқты совхоздардың тәжірибесі көрсетіп отырғанындай, жақсы күтімге алып, құнарлы жемшөппен азықтандырған жағдайда етке тапсырылатын әрбір ірі қараның тірідей салмағын 400—500 килограмға дейін жеткізуге болады.

Біз ірі қарамен бірге қой шаруашылығына, оның өнімділігін арттыруға да баса назар аударуға тиіспіз. Интенсивті бордақылау әдісін тек ірі қара мен шошқаға ғана емес, қойға да батыл қолдану керек. Бұл әдістің пайдасын мынадай мысалдан айқын көруге болады. Облыс шаруашылықтары жыл сайын етке 1 миллионнан астам қой өткізеді. Олардың орташа салмағы облыс бойынша 43 килограмнан ғана келіп отыр. Біз мұны экономикалық жағынан тиімсіз деп есептейміз. Қойды интенсивті азықтандыру әдісімен семіртсек, қосымша жүздеген тонна ет, жүн алған болар едік. Міне бұл ет пен жүн өндіруді ұлғайтудың резерві ұшан-теңіз екенін көрсетеді.

Сондықтан біз ірі қараны, қой мен шошқаны интенсивті бордақылау әдісін қолдана отырып, жаңа бесжылдықта етке тапсырылатын әрбір ірі қараның салмағын облыс бойынша орта есеппен 370—400 килограмнан, қойды 45—48, шошқаны 100—120 килограмнан өткізуді міндет етіп отырмыз. Қазір озат шаруашылықтарда ірі қара мен шошқаны, қойды азықтандыратын механикаландырылған арнаулы алаңдар ұйымдастырылған. Бұл әдісті барлық шаруашылыққа енгізу керек.

Бізде шошқа мен құс етін де молайтуға мүмкіндіктер бар. Алайда бұл сала әлі де болса баяу дамып келеді. Таяу жылдары Ростоши шошқа совхозы мен Орал құс фабрикасын кеңейтіп, ірілендіру, астық совхоздарында шошқа, құс етін дайындайтын ірі фермалар ұйымдастыру арқылы ет өндіруді арттыру көзделіп отыр. Бұған қоса бізде жылқы, түйе шаруашылығын өркендетуге де мүмкіндік мол. Мұны назардан тыс қалдыруға тиіс емеспіз. Үй қоянын өсіру жөнінде де жүзеге асырылатын шаралар аз емес.

Мал шаруашылығын өрге бастырудың негізгі шарттарының бірі—жеткілікті жемшөп болуын қамтамасыз ету. Шынын айту керек, үстіміздегі бесжылдықта жайылымдар мен шабындықтарды жақсарту жөніндегі шаралар орындалмай қалды. Соңғы кезде мал азығындық шөп егу, әсіресе жүгері егу жұмысы бәсеңсіп кетті. Жаңа бесжылдықта бұл мәселелерге айрықша көңіл бөліп, әрбір шаруашылықта малға жұғымды, тұрақты қоры бар, жемшөп базасын жасауға тиіспіз. Жемшөптің барлық түрін — пішенді, сүрлемді, басқа да мал азығын көп дайындау қажет, бұл үшін ең алдымен азықтық дақылдар мен шөптердің шығымдылығын арттыру шарт. Біздің колхоздар мен совхоздарда жемшөптік белок жетіспейді. Осыған байланысты беде, жоңышқа, соя, бұршақ, сондай-ақ шөп ұнын өндіруді арттыру қажет.

Егіннен тұрақты мол өнім алып, малды құнарлы жемшөппен қамтамасыз етудің көзі — жерді суландыру. Облыста жергілікті су қоры есебінен жерді көлдетіп суару мүмкіндігі зор. Үстіміздегі бесжылдықта әсіресе су шаруашылығы құрылысында елеулі жұмыс атқарылды. 69 миллион текше метр су қоймасы бар Киров су-техникалық торабы, Киров, Первомай магистральды каналдары, Әжімбет суландыру каналы пайдалануға берілді. Соның нәтижесінде 835 мың гектар жайылым мен шабындық суландырылды. Жалпы көлемі 70 мың гектар жерді суландыра алатын су шаруашылығы құрылысы қайта жабдықталды.

Жеке шаруашылықтарда тұрақты жер суару учаскелері салынууда. Мәселен, Мәншүк Мәметова атындағы, «Көшім», «Жеміс-овощ» совхоздарында, Приурал ауданының партияның XX съезі атындағы, «Вперед к коммунизму» колхоздарында осындай жер суару учаскелері салынды. Жерді суландыру облыс жағдайында өте тиімді екенін атап айту керек. Өткен жылдар ішінде тұрақты суарылған алқаптардан алынған өнім басқа жерлерге қарағанда бір жарым есе көп болды.

Сондай-ақ бізде шабындықтар мен жайылымдардың құнарлылығын арттыруға бағытталған ірі-ірі шаралар жүзеге асырылып келеді. Қазір 76 шаруашылықтың бір мыңнан тоғыз мың гектарға дейін көп жылдық шөп егісі бар. Волга суландыру жүйесін дамыту жобасы жасалып жатыр. Онда біздің облысқа үлкен орын берілген. Басқа да күрделі шаралар іске асырылмақ. Бұл игі істер алдағы бесжылдықта ауыл шаруашылығын жаңа биік белеске көтеруге, Орал өңірін республикамыздағы аса бай, мол өнімді алқапқа айналдыруға мүмкіндік беретіні сөзсіз.

КПСС Орталық Комитеті июль Пленумының қаулысында ауыл-селодағы мәдени-өндірістік құрылысқа көп көңіл бөлінген. Әрине, бұл орынды да. Өйткені құрылысты кең өрістетпейінше адамды тұрғын үймен, малды жайлы, жылы қорамен қамтамасыз ету мүмкін емес. Бірақ ауыл-село құрылысында кемшілік көп, құрылыс жоспары жыл сайын орындалмай келеді. Облыста қой малының 86 проценті ғана қорамен қамтамасыз етілген, ал 17 мың ірі қараның жылы орны жоқ. Осы жылдың өткен тоғыз айы ішінде ірі қараға арнап қора салу, оны пайдалануға беру жоспары небәрі 23-ақ процент орындалды.

Біздің ойымызша, ауыл-село үшін тұрғын үйлердің, мал қораларының жан-жақты ойластырылған жақсы жобаларын жасау керек. Сонымен қатар селолық құрылыс жоспарын толық орындауға мүмкіндік беретін қуатты материалдық базалар жасау қажет. Бұл жағдай мал шаруашылығының өндірістік базасын нығайтуға, ауыл-селода мәдени-шаруашылық құрылысты кең өрістетуге мүмкіндік берер еді. Мал қораларын салу және ауыл шаруашылығындағы, әсіресе мал шаруашылығындағы еңбекті көп керек ететін жұмыстарды механикаландыру біз үшін бұрынғысынша маңызды мәселе болып қалып отыр.

Қолда бар техниканы тиімді пайдалану — егіншілік пен мал шаруашылығында еңбек өнімділігін арттырудың, өнімнің өзіндік құнын кемітудің шешуші факторы. Облыс шаруашылықтары техникамен, әсіресе трактормен, комбайнмен жеткілікті қамтамасыз етіліп отырған жоқ деп айта алмаймыз. Әрине, көктем егісі, мал азығын дайындау, егін орағы сияқты ауыл шаруашылық маусымдарын дер кезінде, сапалы өткізу үшін, КПСС Орталық Комитеті июль Пленумы қаулысында көрсетілгеніндей, шаруашылықтарға әлі де мол өнімді, қуатты техника қажет болатыны рас. Бірақ бұл арада қолда бар техниканы өнімді пайдалану, оны күтіп ұстау туралы айрықша сөз етуге тура келіп отыр. Өйткені, жасыратыны жоқ, бізде ауыл шаруашылық техникасы нашар пайдаланылады. Мысалы, облыс колхоздарындағы тракторлардың 70 проценті, совхоздардағы тракторлардың 90 проценті бір сменада ғана пайдаланылып жүр. Ал өткен жылы автомашиналарды пайдалану көрсеткіші бұдан да төмен болды. Ендігі басты міндет — барлық техниканы өнімді пайдалану, соның негізінде ауыл шаруашылық өндірісінде еңбек өнімділігін арттыру, атқарылатын жұмыс құнын барынша кеміту.

Мал шаруашылығындағы тағы бір шешілмей келе жатқан мәселе — кадр мәселесі. Бізде мал бригадаларын толық қамту үшін әлі үш мыңнан астам адам керек. Әсіресе кадр мал шаруашылығы басым шаруашылықтарда жетіспей отыр. Партия, совет, комсомол ұйымдары жастарды мал шаруашылығына тарту жөнінде біраз жұмыс жүргізді. Оның нәтижесі де жоқ емес. Алдағы уақытта малшыларға мәдени-тұрмыстық жағдай жасау, оларды материалдық және моральдық жағынан ынталандыру арқылы тұрақтандыру, механизаторлардың бірқатарын мал шаруашылығында жұмыс істеуге жіберу міндетін алға қойып отырмыз. Сондай-ақ мал шаруашылығындағы кадрлардың мамандық және идеялық дәрежесін арттыруға да қамқорлық жасауымыз керек.

Партия мен үкімет соңғы жылдары белгілеген ынталандыру шаралары нәтижесінде колхоздар мен совхоздардың экономикасы едәуір нығайды. Өткен шаруашылық жылын облыс совхоздары 70 миллион сом пайдамен аяқтады. Ал колхоздардың пайдасы жоспардағы 8,5 миллион

сом орнына 37 миллион сом болды. Қазір совхоздардың бәрінде де шаруашылықты нығайту қорлары жасалған. Колхоздардың бөлінбейтін қорлары едәуір толықтырылды. Дегенмен біз ауыл-селодағы экономикалық жұмысты күшейте түсуге тиіспіз. Совхоздарды толық шаруашылық есепке көшіріп, ауыл шаруашылық жұмыстарын ұйымдастыруды жетілдіре түсу қажет. Үстіміздегі жылы жана жағдайда жұмыс істеуге тағы 34 совхоз көшті, сөйтіп шаруашылық есепке көшкен совхоз саны бізде 38 болып отыр. Бұл, әрине, жаңа іс, ол барынша қолдауды, жетілдіруді, нақты көмекті керек ететіні сөзсіз.

Жаңа бесжылдықта көлемі жағынан бұрын істелгеннің бәрінен де асып түсетін, зор жұмыстар атқаруға тура келіп отыр. Ауыл шаруашылығы саласында партия мен үкімет алға қойған ұлы міндеттерді ойдағыдай орындау үшін бүкіл жұртшылықтың, әсіресе айбынды жұмысшы табының зор көмегі, қамқорлығы керек. Ал ауыл шаруашылығы қызметкерлеріне, колхоздар мен совхоздардың басшыларына, мамандарына қойылатын талап бұрынғыдан да жоғары. Белгіленген жоспардың толық және асыра орындалуын қамтамасыз ету, шаруашылықты тиімді жүргізу бұлжымайтын заң болуға тиіс. Партия, совет ұйымдары мемлекеттік және еңбек тәртібін нығайта отырып, кадрларды іскерлік, тапсырылған іске жауапкершілікпен қарау рухында тәрбиелеуге, сөйтіп, еңбекші коллективтерін жаңа жетістіктерге бастауға міндетті.

Бұл күндері облыс еңбекшілері КПСС XXIV съезін халық шаруашылығының барлық саласында лайықты табыстармен қарсы алу жолындағы жарысты кенінен өрістетуде. Озат коллективтер өздеріне көтеріңкі міндеттемелер қабылдап, партия съезі құрметіндегі бүкіл халықтық жарыстың инициаторы болуда. Ауыл шаруашылығының еңбеккерлері мал санын арттыру, оның өнімділігін молайту, мал қыстатуды, көктем егісіне әзірлікті үлгілі ұйымдастыру жолында бүкіл ынта-жігерін сала еңбек етіп жатқаны күмәнсіз.

Алдағы ауыл шаруашылық жылының межесі — облыс бойынша егіннің әр гектарынан орта есеппен 11,5 центнерден өнім жинау, әр жүз саулықтан 95 козы, әр жүз сиырдан 90 бұзау алып аман өсіру, әр сиырдан орта есеппен 2 100 литр сүт сауу, әр койдан орта есеппен 3,2 килограмм жүн қырку; мемлекетке жоспарға қосымша 35 процент астық, 8—10 процент мөлшерінде мал шаруашылығы өнімдерін тапсыру. Осы міндеттерді ойдағыдай орындау — облыс еңбеккерлерінің, барлық партия, совет органдарының қасиетті борышы.

ЕҢБЕК ЗАҢЫ ЖӘНЕ СОВЕТ АДАМЫ

Жұмысшы табының, бүкіл еңбекші бұқараның еркін бейнелейтін советтік социалистік заңдар — Коммунистік партияның халқымыздың түбегейлі мүдделерін жүзеге асыруға және қорғауға бағытталған саясатының айқын көрінісі. В. И. Ленин Совет өкіметінің алғашқы күндерінен бастап совет заңдарын шығаруға және оны дамытуға айрықша назар аударып, жас мемлекетіміздің праволарын тұжырымдау қызметіне тікелей басшылық етті, Совет өкіметінің жер туралы, бейбітшілік туралы тарихи декреттері, қаналған еңбекші халық праволарының Декларациясы сияқты аса маңызды документтерді өз қолымен жазды. Кеменгер көсемнің басшылығымен, әрі тікелей қатысуымен жарыққа шыққан бірінші Советтік Конституция, еңбек туралы, неке және семья туралы алғашқы кодекстер, азаматтық, жер кодекстері дүние жүзіндегі тұңғыш социалистік мемлекетті баянды етуде, советтік социалистік заңдылықты нығайтуда маңызды роль атқарды.

Совет Одағының Коммунистік партиясы социалистік право мен заңдылық туралы лениндік ілімді басшылыққа ала отырып, совет заңдарын дамыту және барынша жетілдіру ісіне айрықша қамқорлық жасап келеді. Елімізде коммунизм құрылысын кең өрістетуге байланысты советтік заңдарды дамытудың жаңа кезеңі басталды. Халық шаруашылығына басшылық етуде демократизм принциптерінің едәуір дамуы, одақтас республикалардың, еңбекшілер депутаттары жергілікті Советтерінің праволары кеңейтілуі қоғамдық қатынастарды реттеудің жаңа формаларын талап етті, заң шығаруды дамытуға, оның коммунистік құрылыс талаптарынан артта қалуын жоюға жағдай жасады. Қазіргі жағдайда социалистік заңдылықты нығайтудың және заңдарды жетілдірудің лениндік идеялары Коммунистік партия мен Совет мемлекетінің программалық міндеті болып отыр.

Біздің елімізде коммунистік қоғам орнату міндеттерін шешуде советтік еңбек заңдары маңызды роль атқарады. Сондықтан 1970 жылғы 15 июльде сегізінші сайланған СССР Жоғарғы Советінің бірінші сессиясының «СССР Одағы мен одақтас республикалардың Еңбек туралы заңдарының негіздерін бекіту туралы Заңды» қабылдауы біздің мемлекетіміздің өміріндегі аса елеулі оқиға болып табылады. Бұл — Коммунистік партияның лениндік саясатының дәйектілікпен жүзеге асырылуының тағы бір жарқын көрінісі.

Еңбек туралы заңдардың негіздері — біртұтас қоғамдық заң, ол дүние жүзіндегі тұңғыш социализм елінде жарты ғасыр ішінде болған орасан зор саяси және әлеуметтік-экономикалық өзгерістерді бейнелейді. Еңбек туралы жаңа заңның міндеттері оның бірінші статьясында айқын-анық белгіленген. Советтік еңбек заңдары, делінген онда, барлық жұмысшылар мен қызметшілердің еңбек қатынастарын реттейді, еңбек өнімділігін, қоғамдық өндірістің тиімділігін арттыруға, осының негізінде еңбекшілердің материалдық және мәдени тұрмыс дәрежесін көтеруге, еңбек тәртібін нығайтуға, әрбір жұмысқа жарамды адамның қоғам игілігіне еңбек етуін бірте-бірте ең бірінші өмірлік қажетіне айналдыруға жағдай жасайды.

Экономиканы жоспарлы түрде жүргізетін социалистік қоғам еңбекке жарамды әрбір азаматты жұмыспен қамтамасыз етеді. Советтік еңбек правосының негізгі принциптерінің бірі — әрбір азаматтың өз мамандығына, кәсібіне, іскерлік қабілетіне сәйкес жұмысты қалауынша тандап алып, соған орай ерікті түрде еңбек шартын жасасу принципі. Жаңа заңда азаматтардың жұмысқа қабылдануына ешқандай дәлелсіз қарсылық жасауға тыйым салынып, олардың өздері қалаған жұмысын алу

правосы қамтамасыз етілген. СССР Конституциясына сәйкес, деп көрсетілген Еңбек туралы заң негіздерінде, азаматтарды жұмысқа қабылдаған кезде жынысына, нәсіліне, ұлтына, дінге көзқарасына қарай олардың правосына қандай да болсын шек қоюға, жеңілдік жасауға жол берілмейді.

Еңбек ету правосына берілген елеулі кепілдіктер жөніндегі ережелердің де мәні зор. Бұл ережелер бойынша кәсіпорын, мекеме, ұйым басшылары жұмысшыдан не қызметшіден еңбек шартында көрсетілмеген жұмыстар атқаруын талап етуге правосы жоқ, сондай-ақ қызметкердің келісімінсіз оны басқа жұмысқа ауыстыруға жол берілмейді, бұл заңда тура көрсетілген кейбір жағдайларда ғана болуы мүмкін. Еңбек заңы негіздерінде әкімшіліктің ұйғарымы бойынша қызметкерді жұмыстан босатуға негіз боларлық барлық дәлелдер белгіленген. Заңда тұжырымдалған негіздер бойынша кәсіподақ комитеті келісім берген жағдайда ғана кәсіпорын, мекеме, ұйым әкімшілігінің ұйғарымымен жұмысшының не қызметшінің жұмыстан босатылуы мүмкін. Ал әкімшілік жұмысшыны не қызметшіні заңда көрсетілген негіздерге қарама-қайшы, сондай-ақ еңбек шартының белгіленген тәртібін бұзу жолымен жұмыстан босатса, бұл заңсыз болып табылады, жұмыстан босатылған азамат еңбек дауларын қарайтын органдар арқылы бұрынғы қызметіне қайтадан орналастырылады.

Социалистік қоғамда жұмыс уақытының заң жолымен белгіленуі жұмыс күнінің ұзақтығы белгілібір шамадан аспауын, қайта оның еңбек өнімділігін арттыру негізінде жоспарлы түрде қысқарып отыруын қуаттайды. Мұның өзі — бір жағынан, еңбекшілердің қоғамдық пайдалы еңбек әрекеттерін жүзеге асыруға жасалған қамқорлық болса, екіншіден, жұмысшылар мен қызметшілердің еңбегін қорғау, олардың жұмыстан бос уақытта дем алуға еріктілік правосын қорғау деген сөз. Сондықтан да социалистік қоғам жұмыс күнінің белгіленген ұзақтығы қатаң сақталуын қадағалап отырады және оның бұзылу фактілеріне төзімділік жасай алмайды.

Сондай-ақ жұмысшылар мен қызметшілердің атқарған жұмысы үшін мемлекеттен кепілді жалақы алу правосын қорғау жөніндегі мәселелер де заң негіздерінде өзінің дұрыс шешімін тапқан. СССР Конституциясының 118-статьясында еңбек ету правосы атқарылған еңбектің саны мен сапасына қарай жалақы төленумен тығыз байланысты екені атап көрсетілген.

Социалистік қоғамда еңбекке қарай ақы төлеу принципі адамдардың өндіріс нәтижесіне, еңбек өнімділігінің артуына материалдық жағынан ынталылығын қамтамасыз етеді, жеке және қоғамдық мүдделерді ойдағыдай ұштастыруға мүмкіндік береді, қызметкердің өз мамандығын көтеруіне жағдай жасайды. Жаңа заң негіздерінде ауыр, еңбек жағдайы денсаулыққа зиянды жұмыстарда, ауа райы тым қолайсыз жерлерде жұмыс істегенде еңбекке көтеріңкі ақы төлеу белгіленген, ал жұмысшылар мен қызметшілердің өндірістік жоспарларды асыра орындауға, өндірістің тиімділігін арттыруға, еңбек өнімділігін өсіруге, өнім сапасын жақсартуға, ресурстарды үнемдеуге материалдық жағынан ынталылығын күшейту мақсатымен еңбекке ақы төлеудің сыйлық беру жүйесі енгізілуі мүмкін. Бұл қағидалар коммунизмді «энтузиазмнің тікелей өзіне сүйену емес, қайта ұлы революция туғызған энтузиазмнің көмегі арқылы, жеке адамның мүддесіне, жеке адамның ынталануына» (Шығармалар, 33-том, 41-бет) сүйене отырып құру керек деген В. И. Ленин идеяларына дәл келіп отыр.

Социалистік экономиканы дамытуда еңбек тәртібін нығайтудың маңызы зор екені түсінікті. Бұл жөнінде Совет мемлекетінің алғашқы жылдарында В. И. Ленин «Совет өкіметінің кезектегі міндеттері» деген еңбегінде былай деп жазды: «Өзіміздің соғысып, жеңіп алғанымызды, өзіміздің декреттегенімізді, заңға айналдырғанымызды, талқылап,

белгілегенімізді баянды ету керек, — күнбе-күнгі еңбек тәртібінің берік формалары ретінде баянды етуіміз керек. Бұл — ен қиын, бірақ ен игілікті міндет, өйткені бұл міндетті орындағанда ғана біз социалистік тәртіп орнатамыз» (Шығармалар, 27-том, 264-бет).

Коммунистік партия мен Совет мемлекеті социалистік еңбек тәртібінің маңызы мен мәні туралы лениндік идеяларды басшылыққа ала отырып, адамдарды еңбекке коммунистік көзқарас рухында тәрбиелеуге баса назар аударып келеді. Қазір еңбек тәртібін онан әрі нығайту, саяси-тәрбие жұмысының әдістері мен формаларын жетілдіру, өндірістік тәртіпті бұзушыларға қарсы күресті күшейту қажеттігі елімізде кең өрістеген шаруашылық құрылыс міндеттерінен туып отыр. Бұл міндеттер партияның XXIII съезінің, КПСС Орталық Комитеті декабрь (1969 ж.) Пленумының шешімдерінде айрықша атап көрсетілген. Сондай-ақ КПСС Орталық Комитетінің, СССР Министрлер Советінің, ВЦСПС-тің және ВЛКСМ Орталық Комитетінің «Халық шаруашылығында өндіріс резервтерін пайдалануды жақсарту және үнем тәртібін күшейту туралы» хатында бұл мәселелерге баса назар аударылған.

Кәсіпорындардағы, мекемелер мен ұйымдардағы еңбек тәртібі еңбекке саналы көзқарасты тәрбиелеу, иландыру әдісі, адамның адал еңбегін мадақтау сияқты маңызды шаралар арқылы камтамасыз етіледі деген белгілі қағида заң негіздерінде баянды етілген. Сонымен бірге еңбек тәртібін бұзған кейбір қызметкерлерге қажет болған жағдайда әкімшілік жолмен жазалау, қоғамдық ықпал жасау шаралары қолданылатыны жаңа заң негіздерінде ескерілген.

Өздерінің еңбектегі міндеттерін ойдағыдай, адал атқарып жүрген жұмысшылар мен қызметшілерге әлеуметтік, мәдени-тұрмыс саласында бірінші кезекте артықшылықтар мен жеңілдіктер берілуі (санаторийлер мен демалыс үйлеріне жолдама беру, тұрғын үй жағдайын жақсарту, тағы басқалары) еңбек тәртібін нығайтуда маңызды роль атқарады.

Заң негіздерінде әсіресе әйелдер мен жас өспірімдердің еңбегін қорғау мәселелеріне айрықша көңіл бөлінген. «Россия халықтары праволарының Декларациясында» ерлер мен әйелдер теңдігін бүкіл әлемге паш еткен социалистік принцип Совет мемлекетінің праволық басты принциптерінің бірі болып отыр. Жұмысқа орналасу, жалақы алу, жұмыс уақыты мен демалыс уақытының ұзақтығы жөнінде әйелдерге ерлермен бірдей право берген бұл принцип Совет мемлекетінің барлық праволық нормаларында, әсіресе Еңбек туралы заң негіздерінде берік баянды етілген. Заң негіздерінде әйел еңбегін реттеуге байланысты өз алдына арнаулы гарау берілуі айрықша атап өтерлік жағдай. Мұнда әйелдер еңбегін ауыр, денсаулыққа зиянды жұмыс процестерінде, жер астындағы жұмыстарда (жер астындағы кейбір жеңіл жұмыстар мен санитарлық, тұрмыс қажетін өтеу жұмыстарынан басқасы) пайдалануға қатаң тыйым салу көзделген. Халық шаруашылығының әйел еңбегі айрықша қажет кейбір салаларында, онда да уақытша шара есебінде болмаса, әйелдерді түнгі жұмыстарға тартуға жол берілмейді. Сондай-ақ әйелдерді кесімді уақыттан тысқары кезде, демалыс күндерінде жұмысқа тартуға, екі қабат және емізулі баласы бар аналарды, бір жасқа дейінгі баласы бар әйелдерді командировкаға жіберуге тыйым салынған.

Сонымен бірге бір жастан сегіз жасқа дейінгі баласы бар әйелдерді өз келісімінсіз командировкаға жіберуге, кесімді уақыттан тысқары кезде жұмысқа пайдалануға болмайды. Екі қабат әйелдерді, бала емізетін және бір жасқа дейінгі баласы бар аналарды жеңілірек жұмысқа ауыстыру, екі қабат кезінде және босанғанда оларға демалыс беру, бөбекті тамақтандыру үшін үзіліс ретінде арнаулы уақыт бөлу туралы Ереженің белгіленуі, міне мұның бәрі — совет әйелдерінің еңбек бостандығын камтамасыз етуге бағытталған аса игі шаралар.

Совет заңы әйелдерді екі қабаттығына, емізулі баласы болуына байланысты дәлелдермен жұмысқа алмай қоюға, олардың жалақысын кемі-

туге тыйым салған, сондай-ақ екі қабат әйелдерді, бала емізетін аналарды, бір жасқа дейінгі баласы бар әйелдерді жұмыстан босату жөнсіз деп табады. Тіпті кәсіпорын, мекеме, ұйым толық жабылып қалған жағдайда да әйелдер міндетті түрде жұмысқа орналастырылады.

Заң негіздерінің жас өспірімдер еңбегін қорғауға арналған тарауында оларға айрықша жағдайлар, жеңілдіктер жасалатыны атап көрсетілген. Кәмелетке жетпегендер тек 16 жасқа толғаннан кейін ғана жұмысқа алынады, кейбір ерекше жағдайларда, онда да кәсіподақтардың фабрика, завод жергілікті комитеттерінің келісімімен 15 жасқа толған жастарды жұмысқа алуға болады. Ауыр, еңбек жағдайы денсаулыққа зиянды, әрі қауіпті жұмыстарда, сондай-ақ жер астындағы жұмыстарда 18 жасқа толмаған жастардың еңбегін пайдалануға мүлде тыйым салынуы, оларды түнгі негізгі жұмыс уақытынан тысқары кездегі, демалыс күндеріндегі жұмысқа тартуға жол берілмеуі — жас өспірімдерге жасалып отырған тамаша қамқорлықтың айғағы.

Совет мемлекетінде әлеуметтік қамсыздандыру ісі жылдан жылға кең өріс алып отыр. Қазір өз еңбегімен күн көретін барлық адамды әлеуметтік тұрғыдан қамсыздандыру жөніндегі лениндік идея бізде толығымен жүзеге асты. Енді біздің әділетті заңға сәйкес жұмысшылар мен қызметшілер, тиісті жағдайларда олардың семья мүшелері де, міндетті түрде мемлекеттік әлеуметтік тұрғыдан қамсыздандырылуға тиіс. Әлеуметтік қамсыздандыру тәртібі бойынша уақытша еңбекке жарамсыз болып қалған адамға жәрдем беріледі, қартайғанда, мүгедек болғанда, асырайтын адамынан айырылған жағдайда, сондай-ақ ұзақ жылғы қызметі үшін пенсия тағайындалады.

Мемлекет тарапынан берілетін жәрдемнің басқа да түрлері көп. Мәселен, әйелдерге екі қабат кезінде, босағанда жәрдем берілетіні белгілі. Сонымен бірге еңбекшілердің денсаулығын қалпына келтіру мақсатымен санаторийлер мен курорттарда емделуге, демалыс үйлерінде, профилакторийлерде тынығуға бөлінетін қаржы өз алдына бөлек.

Коммунистік партия, Совет мемлекеті өндірісті басқаруға жұмысшылар мен қызметшілерді кеңінен қатыстыруға әрдайым баса назар аударып келеді. В. И. Ленин Совет өкіметінің декреттерін жүзеге асыруда, оның орындалуын бақылауда еңбекшілердің қызу ат салысуы қажеттігін айрықша атап көрсетті. Жаңа заң негіздерінде кәсіпорындар мен ұйымдардың коллективтеріне өндірісті басқару саласында кең праволар берілген. Жұмысшылар мен қызметшілердің өндірісті басқаруға қатысуы кәсіподақтар, халықтық бақылау органдары, жалпы жиналыстар, өндірістік кеңестер, конференциялар, қоғамдық-бұқаралық жұмыстың басқа да сан алуан формалары арқылы жүзеге асырылады.

Совет заңдарының сақталуына бақылау жасауда прокуратураның алатын орны ерекше. В. И. Ленин совет заңдарының сақталуына бақылау жасау, бұл заңдардың демократиялық мәнін қалың бұқара арасында кең түсіндіру жөнінде прокуратураның жұмысына айрықша маңыз бергені мәлім. Осыған орай заң негіздерінде барлық министрліктер мен ведомстволардың, кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың және олардың басшыларының еңбек туралы заңдарды нақтылы орындауына жоғарыдан бақылау жүргізу СССР Бас Прокурорына жүктеледі деп көрсетілген. Бұл жөнінде жаңадан құрылған одақтық-республикалық юстиция министрліктеріне жүктелетін міндет айрықша.

Совет еңбекшілерінің еңбек праволары бұрмаланған жағдайда оны қорғау мақсатымен заң негіздерінде еңбек дауларын қарайтын органдар құру және оның қызметінің демократиялық принциптерін дәйектілікпен жүзеге асыру көзделген. Заң негіздеріне сәйкес еңбек дауларын кәсіпорындарда, мекемелер мен ұйымдарда құрылған кәсіподақ комитеті мен әкімшіліктің теңбе-тең өкілдерінен тұратын, еңбек даулары жөніндегі комиссиялар, кәсіподақтардың фабрика, завод, жергілікті комитеттері, аудандық (қалалық) халық соттары қарайды.

Бұл — еңбек дауларын демократиялық және әділетті жолмен шешу жөніндегі лениндік идеялардың жүзеге асып отырғандығының көрінісі.

Еңбек дауларын қараудың совет заңдарында белгіленген тәртібі азаматтардың еңбек праволарының әртүрлі озбырлықтан қорғалуын қамтамасыз ету, бұл правоар бұзылған жағдайда қалпына келтіру мақсатын көздейді. Сонымен бірге біздің заңдар советтік социалистік мемлекеттің мүдделеріне нұқсан келтірілмеуін қамтамасыз етуге, бұл мүдделерді өз міндетіне немқұрайды, жауапсыз қарайтын, қара басының мүдделерін қоғам мен мемлекет мүдделерінен жоғары қоятын кейбір сана-сезімі төмен, арам ниетті адамдардың қаскүнемдігінен қорғап отыруға бағытталған.

Сондықтан еңбек дауларын қарайтын ең бірінші заңды орган еңбек даулары жөніндегі комиссия болуға тиіс. Егер жұмысшы не қызметші еңбек даулары жөніндегі комиссияның шешімімен келіспейтін болса, ол бұл мәселені шешу жөніндегі арызын кәсіподақтардың фабрика, завод, жергілікті комитетіне береді. Әлгі қызметкер кәсіподақ комитетінің шешіміне де наразы болса, бұл еңбек дауын шешу жөнінде халық сотына өтініш жасай алады. Ал еңбек дауы туралы кәсіподақ комитетінің шығарған қаулысы заң ережелеріне қайшы келген жағдайда, кәсіпорын, мекеме әкімшілігі де бұл мәселені шешу туралы сот органдарына өтініш айта алады.

Сонымен бірге бұзылған еңбек праволарының неғұрлым тез шешілуін және қалпына келтірілуін қамтамасыз ету мақсатымен заң негіздері әкімшіліктің ұйғарымы бойынша қызметтен босатылған жұмысшылар мен қызметшілерді бұрынғы орнына қайта орналастыру жөніндегі еңбек дауларын тікелей халық соттары қарауға тиіс деп белгіледі.

Совет мемлекеті жұмысшылар мен қызметшілердің еңбек правоарын, социалистік қоғамның мүдделерін қорғай отырып, басшы қызметкерлер еңбек заңдарын бұзғандығы үшін, кәсіпорынға, мекеме мен ұйымға жүктелген заң талаптарын орындамағаны үшін қатаң жауап беретіндігін тұжырымдады. Заң негіздерінде бұл мәселеге де ерекше назар аударылған.

ССР Одағы мен одақтас республикалардың Еңбек туралы заңдарының негіздері 1971 жылдың 1 январынан бастап күшіне енеді. Мемлекеттік басқару органдары, кәсіподақтар, кәсіпорындар мен мекемелер, кооперативтік және қоғамдық ұйымдар, сондай-ақ еңбекшілер жаңа заң ережелерінің мүлтіксіз, дәл орындалуын қамтамасыз етуге тиіс. Ал еңбек туралы жаңа заңның мән-мазмұны бүкіл еңбек қызметі саласында ұйымшылдықты арттыруға бағытталған. Жаңа еңбек заңын жүзеге асыру елімізде коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасау, социалистік мемлекетіміз экономикасының өркендеуін шапшаңдату, халқымыздың әл-ауқатын жақсарту ісінде қалың еңбекші бұқараның творчестволық белсенділігін арттыра түсетіндігі кәміл.

Р. ТАЗУТДИНОВ,

Қазақ ССР Жоғарғы сотының мүшесі

БҰҚАРАНЫҢ ӨНДІРІСТЕГІ БЕЛСЕНДІЛІГІ

Б. ТӨРТҚАРИН,

*еңбекшілер депутаттары Шығыс Қазақстан облыстық Советі
атқару комитетінің председатели*

Қенді Алтай — Қазақстандағы, тіпті бүкіл еліміздегі түсті және сирек кездесетін металдар өндіретін аса ірі аймақтардың бірі. Мұнда Совет өкіметі тұсында тұрғызылған Өскемен қорғасын-мырыш, титан-магний, Лениногор, Ертіс полиметалл, Зырян қорғасын, Белогор кен-байыту комбинаттары, Ертіс химия-металлургия, Өскеменнің машина, конденсатор, аспап жасау, автомобиль жөндеу заводтары сияқты өнеркәсіп алыптары бар. Облыс өнеркәсібі жоспарлау мен экономикалық көтермелеудің жаңа жүйесіне көшіп, дамудың қарқынды кезеңін бастап отыр. Қазір бізде 116 өнеркәсіп орны жаңа жүйе бойынша жұмыс істейді.

1966 жылы елімізде жоспарлау мен экономикалық көтермелеу жүйесіне көшкен алғашқы кәсіпорындардың бірі — В. И. Ленин атындағы Өскемен қорғасын-мырыш комбинаты. Кәсіпорынның коллективі, коммунистері, осында жұмыс істейтін жергілікті Советтердің депутаттары КПСС XXIII съезінің шешімдерін орындай отырып, жаңа экономикалық реформаға көшуге байланысты көптеген аса күрделі шараларды жүзеге асырды. Олар өнім өндіру нормасы, еңбекке ақы төлеу, комбинат заводтары мен цехтарының қарым-қатынасы сияқты мәселелерді талқылап, экономикалық есептер жасады, ұйымдастыру жұмысын жетілдіру жөнінде түрлі ұсыныстар енгізді, сөйтіп кәсіпорынды жаңа жүйеге көшіруге әзірледі. Алғашында барлық мәселе жан-жақты ойластырылған сияқты болып көрінді. Бірақ кейін өндірістік-техникалық шараларды бастауыш, цехтық партия ұйымдары жиналыстарында, депутат топтарының мәжілістерінде талқылау кезінде көптеген толықтырулар, өзгерістер енгізуге тура келді.

Комбинаттың партия ұйымдары, депутат топтары жаңа экономикалық реформаны ойдағыдай жүзеге асыру үшін металлургтер арасында лекциялық насихатты кең өрістетті. «КПСС XXIII съезінің шешімдері және экономикалық міндеттер», «Жаңа бесжылдық белестері», «Үнемшілдік тәртібі» және басқа тақырыптарда терең мағыналы, тартымды лекциялар оқылды, баяндамалар жасалды. Мұндай маңызды жұмысқа басшы партия, совет қызметкерлері, кәсіпорын мамандары кең қатысып, қызу ат салысты. Олар жаңа экономикалық жүйенің артықшылықтарын ашып көрсетіп, нақты мысалдармен түсіндіре білді.

Металлургтер арасында жүргізілген үгіт-түсінік жұмысы, кадрлардың экономикалық оқуы, партиялық-ұйымдастыру шаралары ойдағыдай нәтиже берді, мұның өзі комбинат коллективін жоспарлау мен экономикалық көтермелеудің жаңа жағдайында жұмыс істеуге мүмкіндік туғызды. Алғашында шаруашылық есепке комбинаттың өндірістік үш бөлімі: қорғасын, мырыш және күкірт қышқылы өндірісі көшті. Бұлардың жаңа жағдайда жұмыс істеу тәжірибесін зерттей келіп, комбинат партия комитеті бұл мәселені өз мәжілісінде қарады. Талқылау барысында кейбір жетістіктермен бірге елеулі кемшіліктердің беті ашылды. Мырыш өнді-

рісі цехтарында материалдық ресурстардың жұмсалыуына бақылау на-
шар, цехтық шаруашылық есепке жете мән берілмеген. Партия комитеті
экономикалық реформаны жүзеге асыруда байқалған кемшіліктерді жою
жолдарын белгілеп, комбинат басшыларына, цехтардың технологтары
мен мастерлеріне жаңа жағдайда жауапкершілікті мейлінше күшейтуді
тапсырды.

Комбинат әкімшілігі партком шешімін жүзеге асыра отырып, цех-
тардағы экономикалық жұмысты жолға қою, негізгі технологиялық
процестерді жетілдіру, материалдық ресурстардың жұмсалыуын қатаң
есепке алып, бақылау орнату жөнінде шұғыл шаралар қолданды. Цех-
тық партия ұйымдары секретарьлары мен партбюро мүшелері қайта ірік-
теліп, жаңадан сайланды. Қазір партия ұйымдары жетекшілерінің көп-
шілігі — техникалық-экономикалық орта дәрежелі білімі бар, тәжірибелі,
іскер маман адамдар.

Экономикалық реформаны жүзеге асыру үстінде комбинат метал-
лургтерінің творчестволық белсенділігі де едәуір артты. Жүздеген ком-
мунистер, жергілікті Советтердің депутаттары — коммунистік еңбек ет-
кінділері, жанашылдар, құрметті металлургтер. Олардың мұндай жоғары
атаққа іске ынталы қарауы, қоғамдық мүддеге жанашырлық жасауы,
творчестволық белсенділігі арқасында жеткені анық.

Сондай өндіріс озаттарының бірі — коммунист И. Д. Быков жолдас.
Оның слесарь болып істегеніне биыл 10 жылдан асты. Ол бір өзі металл
сүзгілерінің 28 секциясын қамтиды. Жұмыс істегелі бірде-бір рет авария
жасап көрген емес. Аса көп экономикалық пайда беретін 20 рационали-
заторлық ұсыныс енгізді. Ол сонымен бірге белсенді үгітші, кәсіподақ
тобының жетекшісі. Бас энергетика бөлімінің инженері И. И. Афонин
жолдастың есімі де жұртшылыққа жақсы таныс. Ол өндірісті ұйымдас-
тырушы жетік инженер болумен бірге комбинат жасақшыларының же-
текшісі де. Комбинатта екі мыңнан астам металлург жасақшылық мін-
детін мінсіз атқарады.

Комбинат парткомы, цехтық партия ұйымдары өндірістің шешуші
учаскелерінде коммунистердің, жергілікті Советтер депутаттарының жұ-
мыс істеуін қамтамасыз етіп отырады. Қазір кәсіпорындағы коммунис-
тердің 90 проценті өндірісте тікелей еңбек етіп жүр. Комбинат метал-
лургтерінің жалпы білім дәрежесін, іскерлік қабілетін арттыруға баса
көңіл бөлінеді. Соңғы жылдары мыңдаған металлург өз мамандықтарын
арттырды, жүздеген адам институттер мен техникумдарды бітіріп шық-
ты. Бұл олардың өндірісті шебер ұйымдастыруына қолайлы жағдай
жасап отырғаны сөзсіз.

Өндіріс технологиясының ұдайы өзгеріп, жаңарып отыруына қарай
мамандық міндеттері де қиындай түседі. Мәселен, соңғы кезде қорыту-
шының, слесарьдың, аппаратшының жұмысы едәуір қиындады. Осыған
байланысты олар өндіріс технологиясын жете меңгеріп, аса күрделі ба-
қылау аспаптарын шебер басқара білулері керек. Жеткілікті білімі,
қажетті даярлығы жоқ адам бұл жұмысты атқара алмайды. Осыған
орай комбинатта кем дегенде 8—10 кластық білім алу, бірнеше маман-
дықты меңгеру міндетті шарт болып отыр.

Еңбекті ғылыми негізде ұйымдастыру жөнінде 16 түрлі жоспар жа-
салып, бұған цех қызметкерлері де қызу қатысты. Бұл жоспарларда 246
ғылыми шара қамтылған. Оның 200-ден астамы қазірдің өзінде өндіріс-
ке енгізіліп, комбинат миллиондаған сом экономикалық пайда та-
уып отыр.

Жаңа экономикалық реформаның негізгі ерекшеліктерінің бірі —
еңбекшілерді өз еңбегінің нәтижесіне материалдық жағынан ынталанды-
ру. Мұның өзі жұмысшылар мен инженер-техник қызметкерлерді өнімді
көп өндіруге, оның сапасын жақсартуға, негізгі қорларды толық, әрі
тиімді пайдалануға мүдделі етеді. Осыған орай комбинатта ұтымды ша-
ралар жасалды да. Қазір әрбір цехтың өндірістік процесінің ерекшелік-

тері қатан ескерілетін болды, бұқараның творчестволық инициативасы, еңбектегі белсенділігі кең құлаш жайып отыр. Соның нәтижесінде елімізде тұңғыш рет қорғасын қорыту практикасында оттегімен үрлеу әдісі бізде кең қолданыла бастады. Бұл әдіс шлак өңдеу, концентрат күйдіру, мырыш кектерін тазарту процесінде де қолданылып жүр. Бұл жағдай қорыту пештерінде қорғасын балқыту мөлшерін 20 процент арттыруға, кокстың жұмсалудың 25 процент азайтуға мүмкіндік берді. Технологиялық процесте оттегіні қолдану қазірдің өзінде бірнеше миллион сом қаржы үнемдеуге жағдай жасап отыр.

Электротермиялық пештің күйдіру бөлімшесіндегі аэросепарацияның да экономикалық пайдасы орасан зор. Қорғасын тазартуда тайқазанды электрмен қыздырудың жаңа әдісі өндіріске енгізілді. Мазутпен қыздыруға қарағанда мұның өзі еңбек өнімділігін едәуір арттырды. Социалистік Еңбек Ерлері, қалалық Советтің депутаты Жәпек Алдабергенов, Әутәліп Қалиев, Лениндік сыйлықтың лауреаты Иван Котов, тағы басқалары бұл жұмыста тамаша еңбек үлгісін көрсетіп жүр.

Бірқатар шет елдерде соңғы жылдары аккумулятор өнеркәсібінде күшала-қорғасын құйындысы қолданыла бастады. Бұл пайдалануға тиімді әрі арзан. Ал біздің елімізде бұл өнім бұрын өндірілмейтін. Совет үкіметінің бізде осындай жаңа материал өндіретін завод салып беру жөніндегі ұсынысын Англия мен Франция қабылдағанымен, олардың қойған шарты біз үшін экономикалық жағынан тиімсіз болып шықты. Міне осындай жағдайда Өскемен металлургтері бұл маңызды мәселені өздері шешуді қолға алды. Олар осы материалды өндіретін тиісті құрал-жабдықтарды өздері жобалап, дәлме-дәл жасады, сөйтіп күшала-қорғасын құйындысы өндірісінің технологиясын әзірледі. Бұл өнімді өндіру қазір комбинатта ойдағыдай игеріліп отыр.

Жоспарлау мен экономикалық көтермелесудің жаңа жағдайында жұмыс істеу проблемалары Өскемен қорғасын-мырыш комбинатында негізінен шешілген. Бұл, әрине, металлургтердің творчестволық ізденісін бәсеңдетпесе керек. Кәсіпорынның ішкі резервтері ұшан-теңіз, оларды іске қосу парыз. Оның ең бастысы — техникалық прогресті күшейту, өндірісті жоспарлауды онан әрі жетілдіру, экономикалық жағынан ынталандыруды арттыру.

Облыстың басқа кәсіпорындарында да жаңа экономикалық реформа белгілі дәрежеде осылай жүзеге асырылып жатыр. Қазір партия, совет органдары өндіріс мәселелеріне жете зер салып, өзінің бүкіл қызметін кәсіпорындардың бірқалыпты жұмыс істеуін қамтамасыз ету, өнім сапасын жақсарту, үнем тәртібін күшейту, рентабельділік дәрежесін арттыру, еңбекшілерді моральдық және материалдық жағынан ынталандыру шараларын ойдағыдай жүзеге асыруға бағыттап отырады. Облыстың партия, совет органдарының жұмысындағы елеулі бір ерекшелік, олар соңғы жылдары экономика мәселелеріне, кәсіпорындардың озат тәжірибесін таратуға, бұл үшін тиісті конференциялар, семинарлар, арнаулы мектептер ұйымдастыруға айрықша жауапкершілікпен қарайтын болды. Мәселен, Өскемен, Лениногор, Зырян қалаларында бастауыш партия ұйымдары секретарьларының, кәсіпорындар басшыларының, бас инженерлерінің, экономистерінің экономикалық білімдерін көтеру курстары жұмыс істейді.

Сондай-ақ цех мастерлерінің, учаске, смена, бригада жетекшілерінің экономикалық білімдерін толықтыру жөніндегі семинарлар, үйірмелер, курстар тікелей кәсіпорындарда ұйымдастырылған. Облыс бойынша 170 экономикалық мектеп, 54 семинар, 113 лекторий жұмыс істейді. Қалалар мен аудандарда, жеке кәсіпорындарда экономикалық теория мәселелеріне арналған конференциялар өткізу дәстүрге айналған. Өскеменде, Лениногорда экономикалық факультеттері бар техникалық прогресс университеттері ұйымдастырылды. Сонымен бірге еңбекті ғылыми негізде ұйымдастырудың қоғамдық институттары да жұмыс істейді.

Партия ұйымдарының, депутат топтарының жұмыс тәжірибесі көрсетіп отырғанындай, экономикалық реформаны жүзеге асыруға күнілгері тынғылықты әзірлік жүргізілген, алдын ала экономикалық талдау жасалған кәсіпорындарда жұмыс нәтижелері де жақсы. Бұл жөнінде әсіресе Лениногор, Глубокое партия, совет органдарының жұмыс тәжірибесі назар аударарлық. Ертiс полиметалл комбинатының партия комитеті, цехтық партия ұйымдары КПСС Орталық Комитеті сентябрь (1965 ж.) Пленумының шешімдерін жүзеге асыруды перспективалық жұмыс жоспарын жасаудан бастады. Ұзақ мерзімге белгіленген жоспар бүкіл жұмыстың басты бағыттарын айқындап алуға көмектесті. Кәсіпорынды жоспарлау мен экономикалық көтермелеудің жаңа жағдайына көшіруге әзірлік мәселесі барлық цехтарда кеңінен талқыланды.

Бұл мәселе Глубокое аудандық Советінің кезекті сессиясында арнайы қаралып, экономикалық реформаны жүзеге асырудың нақты шаралары белгіленді. Ең алдымен экономикалық теорияны үйрену қолға алынды, бұл үшін комбинат цехтарында экономикалық конференциялар ұйымдастырылды, соңынан жалпы комбинат бойынша конференция болып өтті. Комбинат қызметкерлері жанаша жұмыс істеуге көшкен Норильск кен-байыту, Өскемен қорғасын-мырыш, Балқаш кен-металлургия комбинаттарының тәжірибесімен танысты. Мұның өзі бұл кәсіпорындарда жіберілген қателіктерді болдырмауға, ескерілмеген жәйттерді есте сақтауға мүмкіндік берді. Арнайы құрылған экономикалық комиссия Белоусовка шахтасында, мыс қорыту зауытында, бүкіл комбинатта негізгі қорлардың пайдаланылуына жан-жақты байыпты талдау жасады. Соның нәтижесінде бір жыл ішінде ғана 557 мың сом экономикалық пайда келтірілді. Комбинат кәсіпорындарында 200-ден аса ғылыми-техникалық конференция, қоғамдық байқау, конкурс өткізілді, қоғамдық негізде экономикалық талдау жасайтын 5 бюро жұмыс істеді.

Ертiс полиметалл комбинатында жаңа техниканы өндіріске енгізу, рационализаторлық қозғалыс, озат тәжірибені қолдану жұмыстарына бақылау жасайтын арнаулы комиссия құрылған. Бұл комиссия Р. С. Медведев жолдас басқарған забойшылар бригадасының жарты жылдық жұмысына экономикалық талдау жасап, бағалы ұсыныс енгізді. Белоусовка руднигінің төртінші кен қабатында творчестволық бригада құрылып, сол арқылы кәсіпорын шығарған руданың қорытылған металл мөлшері анықталды, сөйтіп комбинаттың бүкіл қызметін бағалау, жоспарлау мен еңбек ақы төлеу нормаларын өзгерту жөнінде дәйекті тұжырымдар жасалды. Экономикалық жұмыс нәтижесі партия комитетінің мәжілісінде қаралып, соңынан жұмысшылар жиналыстарында талқыланды.

Сондай-ақ Белоусовка шахтасының бастығы Қ. Н. Минетто жолдастың «Белоусовка руднигі шахтасында жоспарлау мен экономикалық көтермелеу жағдайында шығарылған рудадан металл алу мөлшерін арттыру туралы» баяндамасы да аса мазмұнды болды. Бұл мәселенің партком мәжілісінде талқылануы жаңа реформаның тиімділігін айқын көрсетті.

Жоспарлау мен экономикалық көтермелеудің жаңа жүйесі бойынша жұмыс істеуде Лениногор полиметалл комбинаты жинақтаған тәжірибе де мол. Мұнда өндірістік жоспарды жұмысшылар жиналысында қарау практикаға айналдырылған. Экономикалық совет пен баланс комиссияларының жұмысы жолға қойылған. Комбинатта жас мамандардың жаңа техниканы өндіріске енгізуге, ғылыми-зерттеу жұмыстарын орындауға қатысуына байқау өткізу тәжірибесі де мейлінше нәтижелі болып отыр. Бұл тәжірибенің басты міндеті — жас мамандарды ғылыми-зерттеу жұмысына тарту, олардың техникалық прогресті күшейтуге ықылас-ынтасын арттыру. Қазір Лениногор руднигінде белгілі бір мамандық жұмысшылары арасында социалистік жарыс кең өріс алған. Жарыстың бұл формасы басқа коллективтерге де таратылуда. Биыл мамандық бойын-

ша ұйымдастырылған социалистік жарыс қорытындылары шығарылып, өндіріс озаттарына тандаулы скреперші, забойшы, бұрғышы, шофер атактары берілді.

Облыс партия ұйымдарында коммунист депутаттардың есебін тыңдау практикаға енгізілді. Бұл жағдай жергілікті Советтер депутаттарының қоғам өмірінде белсенділік көрсетіп, сайлаушылар алдындағы жауапкершілігін арттыруға зор септігін тигізіп жүр. Мәселен, жөндеу-механика базасында қызмет істейтін коммунист, Лениногор қалалық Советінің депутаты А. П. Дадин жолдас соңғы кезде қоғамдық істерден бойын аулақ салып, депутаттық міндеттеріне салақ қарай бастаған. Қалалық Советтің финанс-бюджет жөніндегі тұрақты комиссиясының мүшесі бола тұрып, оның мәжілістеріне сирек қатысатын болған. Лениногор жөндеу-механика базасының партия бюросы А. П. Дадин жолдастың есебін тындап, оның осы кемшіліктерін атап көрсеткен. Қазір ол қоғам жұмысына белсене араласатын болды. Мұндай мысалдарды көптеп келтіруге болады.

Партия, совет органдарының басшылығымен жүзеге асырылған ұйымдастыру-техникалық шаралардың нәтижесінде Лениногор полиметалл комбинатында руда өндіру қазір 1965 жылғымен салыстырғанда 20 процент, тазартылмаған қорғасын өндіру 10 процент, мырыш үш еседей, күкірт қышқылы — 2,2 есе ұлғайып отыр. Ал өнім өткізу 48 процент, еңбек өнімділігі 45 процент артты. Өнімнің өзіндік құны кеміп, кәсіпорынның рентабельділігі қамтамасыз етілді. Облыстың басқа да негізгі кәсіпорындары бесжылдық жоспарды мерзімінен бұрын орындап, зор табысқа ие болып отыр.

Партия, совет органдары партия ұйымдарының, депутат топтарының, шаруашылық басшыларының назарын ішкі резервтерді іске қосу, жаңа техника мен технологияны, еңбекті ғылыми негізде ұйымдастыруды, рационализаторлық ұсыныстарды өндіріске енгізу ісіне ұдайы аударып отырады. Облыстық партия комитеті мен облыстық Совет атқару комитеті руда байыту және металлургия өндірісінде экстракциялық, сорбциялық технологияны кең енгізу мәселесін арнайы қарап, тиісті шешім қабылдады. Өскемен титан-магний комбинатында еңбекті ғылыми негізде ұйымдастыру жұмысының тәжірибесі қорытылып, бұл жөнінде де нақты шаралар белгіленді.

Свердлов облыстық партия ұйымының өнегесі бойынша бізде еңбекті ғылыми негізде ұйымдастыру жөніндегі облыстық совет құрылды. Оның бірнеше секциясы бар. Қазір қалалар мен аудандарда, өнеркәсіп орындарында еңбекті ғылыми негізде ұйымдастыру жөнінде 146 совет, 503 бригада мен топ жұмыс істейді. Еңбекті ғылыми негізде ұйымдастыру шараларын өндіріске енгізу есебінен бір жылдың ішінде ғана 1,7 миллион сом экономикалық пайда келтірілді. Бұл жөнінде әсіресе Лениногор, Ертіс полиметалл, Зырян қорғасын, Өскемен қорғасын-мырыш, титан-магний комбинаттары, мебель фабрикасы, «Востокстройдеталь» тресі коллективтерінің көрсеткіштері көңіл толарлық.

Жаңа экономикалық реформаны жүзеге асырып жатқан кәсіпорындардың жұмысында елеулі кемшіліктер де бар екенін ашып айтуымыз керек. Мәселен, бірқатар кәсіпорындардың қабылдаған жоспарларында шаруашылықтың ішкі резервтері толық ескерілмейді, техника мен жабдықтардың қуаты жете пайдаланылмайды. Бұл жөнінде партия ұйымдары мен депутат топтарының ықпалы әлі мардымды емес.

Кәсіпорындардағы ынталандыру қорына бөлінген қаржыны жоғарғы орындардың ешбір негізсіз кемітіп тастау фактілері де кездесіп жүр. Мысалы, Өскемен титан-магний комбинатында техникалық-экономикалық көрсеткіштердің өсуіне, бекітілген ынталандыру қорының нормативтеріне сәйкес бір жылға ынталандыру қоры 2 миллион 569 мың сом болып белгіленген еді. Алайда Қазақ ССР Түсті металлургия министрлігі бұл қорды 2 миллион 169 мың сом мөлшерінде бекітіп, 400 мың сом

кемітіп тастады, ал кәсіпорынның өнім өткізу, өндіріс рентабельділігін арттыру жөніндегі жоспарын өзгерткен жоқ. Бұл жағдай кәсіпорынның ішкі резервтерді сарқа пайдалануға, өнімнің өзіндік құнын кемітуге, пайданы көп табуға деген ынталылығына нұқсан келтіретіні сөзсіз.

Материалдық ынталандыру қорларын пайдалануда белгілі дәрежеде қиыншылықтар туып отыр. Әлеуметтік-мәдени объектілер құрылысы осы қорлардың есебінен, көбіне шаруашылық әдіспен жүзеге асырылады. Бірақ мұндай жағдайда кәсіпорындар объектіні материалдық-техникалық ресурстармен, яғни құрылыс материалдарымен, механизмдермен қамтамасыз етуде көп қиыншылықтарға кездесіп жүр. Ал кәсіпорындардың ынталандыру қоры есебінен салынатын объектілерін құрылыс ұйымдарының жоспарына енгізу мүмкіндігі жоққа тән. Өйткені олардың өндірістік базасы мен еңбек ресурстары жеткіліксіз, соның салдарынан олар өздеріне бөлінген күрделі қаржыны да толық игере алмай жатады. Сондықтан бұл — кең ойласып, түбегейлі шешуді керек ететін мәселе.

Бізде жоспарлау мен экономикалық көтермелеу жүйесін кең насихаттау үшін, еңбекшілер арасында экономикалық оқуды байыпты жүргізу үшін қажетті әдебиеттер, көрнекі құралдар жетіспейді. Осы уақытқа дейін ынталандыру қорын жасаудың бірыңғай нормативі жоқ. Әрбір кәсіпорын ішкі цехтық қарым-қатынасты өз білгенінше жүргізеді, цехтар мен рудниктер өндірген өнімнің бағасын мөлшерлеп, шамамен қояды. Әрине, мұндай жағдайға ешбір жол беруге болмайды.

Тағы бір айта кетерлік жағдай, жаңа реформаның негізгі шарты — экономиканы жоспарлаудың ғылыми дәрежесін көтеру кәсіпорын жоспарларында жеткілікті қолданылмай келеді. Экономикалық көрсеткіштер өндіріс жоспарынан, күрделі құрылыс жоспарынан өзгеше белгіленеді, өндіріс жоспарымен ұштастырылмайды, содан келіп кәсіпорын жоспарының негізгі көрсеткіштеріне жылына 3—5 рет өзгерістер енгізіледі. Сондықтан кәсіпорындардың «төменнен» белгіленген жоспарлардың негүрлым зейін қоя зерттеп, оларға алдын ала тиісті түзетулер енгізгеннен кейін оны біржола баянды ету қажет.

Облыстың партия, совет ұйымдары экономикалық реформа артықшылықтарын толық пайдаланып отыр деп айтуға болмайды. Сондықтан облыстық партия комитеті, облыстық Совет атқару комитеті, аудандық, қалалық партия, совет органдары шаруашылыққа басшылық ету жөніндегі жұмыс стилі мен әдістерін жетілдіре отырып, партияның экономикалық саясатын дәйекті түрде жүзеге асыруға тиіс.

Соңғы кезде экономикалық реформа құрылыс ұйымдарына да енгізіле бастады. «Главвостокстройға» қарасты құрылыс трестері жоспарлау мен экономикалық көтермелеудің жаңа жүйесіне көшудің келелі мәселелерін кең талқылап, нақты шаралар белгілеп жатыр. Қазір қалалық Советтердің өнеркәсіп және құрылыс жөніндегі тұрақты комиссиялары өз жұмысын едәуір жандандыра түсті. Депутаттар өнеркәсіп, құрылыс ұйымдарының жұмысындағы кемшіліктердің бетін ашып, оларды дер кезінде жоюға ықпал етіп келеді. Қалалық, аудандық Советтердің атқару комитеттері мердігерлерге көмек көрсетудің жаңа жолдарын іздестіріп, шаруашылық реформасының негізгі принциптерін қалыптастыруға күш салуда.

Бұл күндері облыстың барлық еңбекшілері КПСС XXIV съезі құрметіндегі жарысты кең өрістетіп, социалистік міндеттемелерін абыроймен орындап шығу үшін күресуде. Жергілікті партия, совет органдарының жұмысы бұқараның творчестволық белсенділігін онан әрі өршіту, жоспарлау мен экономикалық көтермелеудің жаңа жүйесінің артықшылықтарын кең пайдалану, сөйтіп кеңді Алтайдың қазына байлығын коммунизм құрылысының қажеттеріне молынан жарату мүддесіне бағытталып отыр.

ЖҰМЫСШЫ ТАБЫНЫҢ ЖАС ТҮЛЕКТЕРІН ШЫҢДАЙЫҚ

Ә. АЛЫБАЕВ,

*еңбекшілер депутаттары Павлодар облыстық Советі
атқару комитетінің председателі*

Қазіргі техникалық прогресс заманында қоғамдық өндірісте еңбек өнімділігін арттырудың маңызы зор екені мәлім. Ал еңбек өнімділігін арттырудың сенімді, дұрыс әдістерінің бірі, деп көрсетті В. И. Ленин, бұқара арасында кәсіби-техникалық білімді кең тарату. Қазір, партияның ХХІІІ съезінің, КПСС Орталық Комитеті декабрь (1969 ж.) Пленумының шешімдеріне сәйкес қоғамдық өндірістің тиімділігін, еңбектің өнімділігін арттыру әрбір кәсіпорынның басты міндеті болып отырған кезде, маман жұмысшы кадрлар даярлаудың негізгі формасы саналатын кәсіби-техникалық білім беру ісін өрістетудің практикалық маңызы зор.

Соңғы кезде біздің облысымыз еліміздің, оның ішінде республиканың аса ірі өнеркәсіпті-экономикалық ауданына айналып отыр. Бесжылдық ішінде Павлодарда трактор, алюминий заводтары, Ермак ферросплав заводының бірінші кезегі, Ермак ГРЭС-інің үш энергоблогы, Екібастұздың 5-ші, 6-шы көмір разрездері салынып, іске қосылды. Ертіс—Қарағанды каналының 170 километрлік құрылысы аяқталды, алты мың километр электр линиясы тартылды. Осы бесжылдық тұсында барлығы 30-дан астам ірі кәсіпорын тұрғызылып, пайдалануға берілді. Қазір минералдық тыңайтқыштар өндіретін химия комбинаты салынып жатыр. Бірқатар кәсіпорындарды техникалық жағынан қайта жарақтандыру, комплексті механикаландыру, автоматтандыру шаралары жүзеге асырылуда.

Облыс өнеркәсібінің осындай қарышты қадаммен өркендеуі жұмысшылар мен инженер-техник қызметкерлерді мейлінше көп қажет етіп отырғаны түсінікті. Сондықтан маман жұмысшы кадрларды еліміздің басқа аудандарынан шақыруға, ондай кадрлардың біраз бөлігін облыстың кәсіби-техникалық училищелерінде даярлауға тура келді. Қазір бізде маман жұмысшылар даярлайтын 16 қалалық, 11 селолық кәсіби-техникалық училище бар. Бұларда бір мезгілде 11 мыңнан астам жігіт пен қыз оқиды. Облыстың кәсіби-техникалық оқу орындары жыл сайын 60 мамандық бойынша 7 мыңнан астам жұмысшы кадрларын даярлап шығарады. Үстіміздегі бесжылдықта кәсіби-техникалық училищелердің, бұларда оқитын шәкірттердің саны екі еседен де көбірек өсті. Бұл уақыт ішінде осы училищелер аралуан кәсіп пен мамандық бойынша халық шаруашылығына 30 мыңнан астам жас жұмысшы даярлап берді.

Кәсіби-техникалық училищелердің талай түлектері творчестволық еңбектің тамаша үлгі-өнегесін көрсетіп, бүкіл облысқа даңқын жайып жүр. Мәселен, Ленин атындағы совхоздың трактор-егіс бригадасының бригадирі, Социалистік Еңбек Ері Т. Волков, трактор заводының фрезершісі, тандаулы фрезершілердің Бүкіл одақтық конкурсының озаты А. Ващенко, Абай атындағы совхоздың комбайншысы, Еңбек Қызыл ту орденді М. Галушко, «Озерный» совхозының тракторшысы, еңбек озаты Ә. Қайыркелдина, тағы басқалары — өмірге кәсіби-техникалық мектептен жолдама алған, кешегі жас түлектер. Мұндай мысалдарды көптеп келтіруге болар еді.

Соңғы жылдары өнеркәсіп орындары мен құрылыс ұйымдарының жұмысын жақсартуға байланысты облыстық, қалалық, аудандық партия, совет органдары кәсіби-техникалық білім беру ісіне баса назар аударып келеді. Кәсіби-техникалық оқу жүйесін ұлғайту, инженер-педагог кадрлардың сапалық құрамын жақсарту, оқу орындарына таңдаулы жастар есебінен шәкірттер іріктеу, оларға қажетті мәдени-тұрмыстық жағдайлар жасау әсіресе жергілікті Советтердің әрдайым шұғылданатын маңызды ісіне айналып отыр. Жергілікті Советтердің тікелей ат салысуы арқасында облыста шаруашылық әдіспен училищелердің материалдық-техникалық базасын нығайту жұмысы кең өріс алып отыр. Үстіміздегі жылдың тоғыз айы ішінде 65 мың сомдық мастерскойлар, лабораториялар, мәдени-тұрмыс орындары, тағы басқа да үйлер салынды. Өндірістік қызметтен түскен қаржы есебінен соңғы екі жылда 59 класс пен лаборатория, 30 мастерской, 12 спорт залы салынып, пайдалануға берілді.

Өз ісіне жетік маман жұмысшы кадрлар даярлау ең алдымен оқу-тәрбие процесін үлгілі ұйымдастыруға көп байланысты. Бізде оқу процесін жетілдіру, шәкірттер арасындағы идеялық-тәрбие жұмысын жақсарту жөнінде жақсы тәжірибе жинақтаған училищелер аз емес. Мәселен, Успен, Октябрь селолық училищелерінің, Павлодар қаласындағы № 137, № 120, № 76 училищелердің педагог коллективтері оқушыларға өндірістік мамандық үйрету, коммунистік тәрбие беру жөнінде маңызды міндеттерді жүзеге асырып келеді. Сондай-ақ Павлодардағы № 148, Ермак қаласындағы № 164, Максим Горькийдегі № 140 училищелерде тағы басқаларында өндірістік оқу жақсы жолға қойылған.

Мысалға Павлодардағы № 148 кәсіби-техникалық құрылыс училищесін алайық. Ол шәкірттердің өндірістік оқуына қажетті жабдықтармен, әр алуан аспаптармен, құрылыс материалдарымен толық қамтамасыз етілген. Мұнда мамандық меңгеретін түрлі мастерскойлар, оқу кабинеттері бар, пән үйірмелері жұмыс істейді. Оқушылар өндірістік практиканы «Павлодарстройпуть» тресінің құрылыстарында өтеді. Міне осындай жағдайда шәкірттердің құрылысшы мамандығын меңгеруі де ойдағыдай болып отыр.

Кәсіби-техникалық училищелердің инженер-педагог кадрларын іріктеу, орналастыру, олардың сапалық құрамын жақсарту жөнінде жергілікті Советтердің атқарып отырған жұмысы едәуір. Облыстағы жұмысшы кадрларын даярлайтын училищелердің педагогтары — негізінсіз өз мамандығына жетік, тәжірибелі қызметкерлер. Үстіміздегі оқу жылының басында олардың қатарына жоғары, арнаулы орта білімі бар 50-ден астам жас маман келіп қосылды. Оқу орындары қызметкерлерінің кәсіби мамандығын жетілдіру мақсатымен мамандық арттыру жөніндегі Бүкіл одақтық институттың Алматыдағы филиалына жыл сайын 30—40 оқытушыны, өндірістік оқу мастерін жіберіп отырамыз. Сонымен бірге оқытушылардың жалпы білімі мен техникалық дәрежесін көтеру жөнінде облыс орталығындағы тұрақты жұмыс істейтін семинардың маңызы үлкен.

КПСС Программасында атап көрсетілгеніндей, ғылым мен техниканың қарыштап дамуына байланысты кәсіби-техникалық білім беру, өндірістік оқу ісін бұдан былай да жетілдіре түсу керек, сөйтіп өндірісте жұмыс істеушілердің шеберлігі олардың жалпы білім дәрежесін көтерумен ұштастырылуы, жас кадрлардың инженер-техник, агроном, тағы басқа да мамандықтар алуы қажет. Осыған орай орта білімді маман жұмысшылар даярлау үшін кәсіби-техникалық білім беру жүйесінің жаңа типті оқу орындарын құрудың маңызы айрықша болып отыр. Мұндай оқу орындарында шәкірттер 3—4 жыл оқуға тиіс.

Кәсіби-техникалық училище оқушыларының жалпы білім дәрежесін арттыру қажеттігі мейлінше айқын. Қазақ ССР Министрлер Советінің шараларына сәйкес 1967 жылы Ермакта ашылған № 164 кәсіби-техникалық училищеде үш жылдық оқу программасы енгізілген. Осы үш жыл-

дың тәжірибесі оқушылардың кәсіби білім алу, өндірістік дағдыға үйрену ісін тез игеріп, өндіріс технологиясын терең түсінетіндігін аңғартып отыр. Қазір механизатор даярлайтын Ертіс селолық, Павлодардағы құрылысшылар даярлайтын № 148, Екібастұздағы кеншілер даярлайтын № 163 кәсіби-техникалық училищелерде үш жылдық программамен сабақ өткізіліп жүр. Алдағы уақытта химия комбинаты, алюминий заводы, «Главпавлодарстрой» тресі үшін кадрлар даярлайтын училищелер негізінде оқу мерзімі 3—4 жылдық оқу орындарын ұйымдастыру көзделіп отыр.

Көптеген училищелерде оқушыларға коммунистік тәрбие беру жөнінде бірқатар жұмыс жүргізіліп келеді. Әйтсе де саяси-тәрбие жұмысында әлі де елеулі кемшіліктер орын алып отырғанын жасыра алмаймыз. Училищелерде әрбір шәкіртке жете көңіл бөлінбейді, кейбір оқушылардың сабақ үлгірмеу, тәртіпсіздік жасау себептері дер кезінде зерттелмейді, зерттелген күнде де оларға ақыл-кеңес, нақты көмек беру, қамқорлық жасау жағы жеткіліксіз. Бірқатар оқу орындарында мәдени-көпшілік жұмысы нашар ұйымдастырылған. Соның салдарынан оқушылар бос уақытында немен айналысарын білмей, текке сенделіп жүреді, ал мұның өзі жеке шәкірттердің қоғамдық тәртіпті бұзуы сияқты ұнамсыз жайларға әкеп соғып жүр. Сондықтан педагог коллективтері жастарды тапсырылған іске жауапкершілікпен қарау, еңбекке социалистік көзқарас, ұқыпсыздық пен қырсыздыққа, жалпы кемшілік атаулыға төзбеушілік рухында тәрбиелеуге тиіс.

Облыстық партия комитеті мен облыстық Совет атқару комитеті жұмысшы табының жас түлектері арасында саяси-тәрбие жұмысын жақсарту ісіне әрдайым көңіл бөліп, бұл жөнінде бірқатар игі шараларды жүзеге асырып келеді. Соңғы кезде жастар арасында саяси-бұқаралық, үгіт-түсінік жұмысын күшейту, оқытушылар мен өндірістік оқу мастерлерінің шәкірттерге коммунистік тәрбие беру жөніндегі ролі мен жауапкершілігін арттыру кәсіби-техникалық оқу орындарының басшыларына айрықша қатаң тапсырылды.

Кәсіби-техникалық училищелердің оқу-материалдық базасын нығайтпайынша маман жұмысшы кадрлар даярлауды тыңғылықты ұйымдастыру мүмкін емес. Соңғы үш жылда облыстың кәсіби-техникалық оқу орындарының күрделі құрылысына 6 миллион сом қаржы жұмсалды. Қазір училищелерде 248 оқу кабинеті, 42 лаборатория, 78 өндіріс мастерскойы бар. Бұл мастерскойларда металл кесетін, ағаш өңдейтін 200 станок және басқа әртүрлі жабдықтар орнатылған. Ауыл-селодағы кәсіби-техникалық училищелердің қарамағына 297 трактор, 89 комбайн, 1 350 басқа да ауыл шаруашылық машинасы берілген.

Әрине, кәсіби-техникалық училищелердің материалдық-техникалық базасын нығайту осы училищелер арнайы кадр даярлайтын базалық кәсіпорындар мен ведомстволардың басшыларына көп байланысты. Бізде училищелердің мұң-мұқтажына мемлекеттік тұрғыдан қарап, оларға қамқорлық жасап отырған кәсіпорындар, құрылыстар, совхоздар аз емес. Мәселен, «Павлодарстройцуть» тресінің, трактор заводының, Качиры ауданындағы «Федоровский» совхозының, тағы басқаларының кәсіби-техникалық училищелерге көрсетіп отырған көмегі елеулі. Асылында, училищелердің оқу-техникалық базасын нығайту базалық кәсіпорындар басшыларының жауапты да төл ісі болуға тиіс.

Облыстық Совет атқару комитеті оқу-материалдық базасы нашар бірқатар училищелердің мұң-мұқтажын ескере отырып, оларға нақты көмек көрсете бастады. Мысалы, Баянауыл, Қуйбышев, Лебяжі селолық училищелерінің оқу базасын нығайту шаралары белгіленді, бұларда жаңадан оқу кластарын, өндіріс мастерскойларын салу, бұрынғыларын кеңейту көзделіп отыр. Республикада жұмысшы кадрларын даярлау, олардың кәсіби мамандығын жетілдіру шараларына сәйкес облыс училищелеріне теориялық-өндірістік оқу процесіне қажетті құрал-жабдық-

тар, металл кесетін, ағаш өңдейтін станоктар, тракторлар, комбайндар, басқа да ауыл шаруашылық техникасы берілді. Сонымен бірге олардың оқу базасы техникалық құралдармен, қажетті оқулықтармен, методикалық әдебиетпен толықтырылды, ал мұның өзі жас жұмысшылар даярлау сапасын жақсартуға жағдай жасап отыр.

Еңбекшілер депутаттарының жергілікті Советтері кәсіби-техникалық мектеп өмірінің бірде-бір өзекті мәселесін назардан тыс қалдыруға тиіс емес. Облыстық Совет атқару комитеті шәкірттердің мәдени-тұрмыс жағдайын жан-жақты зерттеп, бұл жөнінде өзінің мәжілісінде арнайы мәселе қарады. Мәселені әзірлеуге облыстық атқару комитеті жанынан құрылған арнаулы комиссия, жергілікті Советтердің депутаттары белсене ат салысып, кәсіби-техникалық мектеп оқушыларына мәдени-тұрмыстық жағдай жасау ісінде орын алып келген ірі-ірі кемшіліктерді ашты, сөйтіп сол кемшіліктерді жоюдың нақты жолдарын ұсынды. Облыстық атқару комитетінің мәжілісі мәселені егжей-тегжейлі талқылау барысында комиссияның қорытындыларына сүйене отырып, кәсіби-техникалық оқу орындары шәкірттерінің мәдени-тұрмыстық жағдайын жақсартуға, олардың арасында саяси-көпшілік жұмысын кең өрістетуге бағытталған шешім қабылдады.

Осы жылғы сентябрь, октябрь айларында барлық базалық кәсіп-орындарда жас жұмысшылардың өндірісте тұрақтап жұмыс істеу жайын тексеріп, оның қорытындысын облыстық атқару комитетінің мәжілісінде талқыладық.

Селолық жердегі кәсіпорындар мен шаруашылықтардың кейбір басшылары жас жұмысшылар мен механизаторлар колхоз бен совхозда көп тұрақтамайды, олар қалаға кетіп қалады деп сылтау айтып жүр. Қалалық жерде мәдени-ағарту мекемелерінің саны жағынан кейбір артықшылықтардың бары рас. Ал шындап қолға алса, жас кадрларды тұрақтандыруға көңіл бөлінсе, қажетті мәдени тұрмыстық жағдайды кез келген ауыл-селода жасауға болатыны анық. Бар кемшілік шаруашылықтардың кейбір басшыларының қырсыздығынан, оралымсыздығынан болып отыр. Сондықтан бұл салада да жергілікті Советтердің әлі де атқарар ісі қыруар.

Облыстың халық шаруашылығы, әсіресе сан салалы өнеркәсібі маман жұмысшы кадрларды барған сайын көп керек етіп отырғаны белгілі. 1971—1975 жылдары облыстың кәсіби-техникалық училищелеріне 40 мың жігіт пен қызды қабылдап, халық шаруашылығына 39 мың жас маман жіберу көзделіп отыр. Бұл жағдай облыстың базалық кәсіп-орындары мен құрылыстарының, колхоздары мен совхоздарының басшыларынан, жергілікті партия, совет, комсомол органдарынан маман жұмысшы, механизатор кадрларды даярлау, тұрақтандыру, тәрбиелеу, олардың өнімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету мәселелеріне асқан жауапкершілікпен, мемлекеттік тұрғыдан қарауды талап етеді.

Биыл халық шаруашылық жоспары бойынша облыстың кәсіби-техникалық училищелеріне 8 470 адам қабылдануы керек. Бұл жоспардың толық орындалатынына сенім зор. Өйткені биыл кәсіби-техникалық училищелердің басшылары жергілікті Советтермен, комсомол ұйымдарымен бірлесе отырып, сегіз жылдық және орта мектептерді бітіретін оқушылардың мамандық таңдауына көмектесу, оларды училищелерге тарту жөнінде бірқатар жұмыс жүргізді.

Қаһарман жұмысшы табы — социалистік қоғамның жетекші күші, пағыз еңбек гвардиясы. Еліміздің саяси, экономикалық және мәдени өмірінің барлық саласында оның атқарып отырған ролі зор. Сондықтан жұмысшы табының қатарын кәсіби-техникалық білім беру жүйесі түлектерінің есебінен толықтырып отыру — партия, совет органдарының, бүкіл жұртшылықтың қасиетті борышы.

ПАРТИЯ ТОПТАРЫНА ҚАМҚОРЛЫҚ КЕРЕК

Қоғам өмірінде, біздің бүгінгі болмысымызда партияның басшылық ролінің маңызы ерекше. Халық шаруашылығының қай саласын, кез келген учаскесін алсақ та, партияның бағыттаушы күші мен игі ықпалы айқын аңғарылып отырады. Сондықтан да коммунизм құрылысының міндеттері партияның негізі болып табылатын бастауыш партия ұйымдарының жауынгерлік қабілетін мейлінше арттыра беруді қатты талап етіп отыр. «Цехтық ұйымдар мен партиялық топтардың кең жүйесі бар бастауыш партия ұйымдары, — делінген КПСС Орталық Комитетінің партияның XXIII съезіне есепті баяндамасында, — партияның саясатын жүзеге асыруда, коммунистерді тәрбиелеуде шешуші роль атқарады, партияны бұқарамен байланыстырып, құрылыс пен жасампаздық процесі тікелей жүріп жатқан жерлерде жұмыс жүргізеді».

Шынында да бастауыш партия ұйымдары, олардың төменгі буындары ретіндегі цехтық ұйымдар мен партия топтары коммунистер мен партияда жоқ бұқараға жақын тұрады, әрбір адам көз алдында, олардың талап-тілегі, іскерлік қабілеті, ой-өрісі өздеріне аян. Ауданымызда шаруашылық пен мәдениет құрылысына үлкен ықпал жасап, еңбекшілерді алда тұрған алуан істерді ойдағыдай орындауға жұмылдырып отырған партия топтары аз емес. Олардың саны жыл сайын көбейіп келеді. Өткен жылғы есеп беру-сайлау жиналысынан бері де көптеген партия тобы жаңадан құрылды. Ал бастауыш партия ұйымдары олардың жұмысына күнбе-күн басшылық етіп, практикалық көмек көрсетіп отырады.

Мәселен, «Қарқаралы» совхозындағы партия комитетінің (секретары А. Әдіманов жолдас) жұмысын алайық. Мұнда 6 цехтық ұйым мен 9 тұрақты партия тобы бар. Бұлар партия комитетінің шын мәніндегі сенімді сүйенішіне, негізгі тірегіне айналып отыр. Партия комитеті солар арқылы жергілікті жердегі жағдайды күнбе-күн көріп-біліп, өз ықпалын жүргізіп отырады. Соның нәтижесінде совхоз коллективі зор жетістіктерге не болып келеді. Ол өткен жылы ауа райының қолайсыз болғанына қарамастан бітік егін өсіріп, астық сату жоспарын асыра орындап шықты, бесжылдықтың төрт жылы ішінде Отан қоймасына 1200 тонна астықты артық өткізді. Сондай-ақ өткен төрт жылдың мемлекетке ет, сүт тапсыру жөніндегі тапсырмасы да артығымен орындалды.

Бұл күнде совхоз жұмысшылары, коммунистері КПСС Орталық Комитеті июль (1970 ж.) Пленумының шешімдерін жүзеге асыру жолында қажырлы күрес жүргізіп, жаңа биік белестерге бой ұрып отыр. Совхоз биылғы жылы да егіннен мол өнім алды. Мемлекетке астық, ет, сүт тапсырудың жылдық жоспары асыра орындалды. Мал азығының да берік қоры жасалып жатыр. Бір айта кететін жағдай, аудан бойынша мемлекетке өткізілетін сүттің жартысына жуығын осы совхоз береді, ал ет өткізуден де үлесі үлкен.

Партия ұйымының есебінде тұратын 90-ға тарта коммунистің көпшілігі өндірістің шешуші учаскелерінде жұмыс істейді. Мәселен, бақташылар

А. Мұстафин, К. Фоис, тағы басқалары бағымындағы әр сиырдың тәулігіне 700—800 грамм салмақ қосуын қамтамасыз етіп, жақсы ісімен жұрт құрметіне бөленіп жүр. Осындай мінсіз, адал еңбегімен өзгелерге үлгі-өнеге көрсетіп жүрген коммунистер совхозда аз емес.

Совхоз партия комитеті тек өндіріске қатысы бар мәселелермен ғана шұғылданып қоймай, көп реттерде адамдардың саяси білім дәрежесінің артуына, мәдени-тұрмыс жағдайының жақсаруына, тіпті бос уақытын мазмұнды өткізуіне де көңіл бөліп отырады. Бұл жөнінде цехтық ұйымдар мен партия топтарының атқарып отырған жұмысы аз емес. Бұл совхозда цехтық ұйымдар мен партия топтарын партия жұмысын жақсы білетін, еңбекте озат, беделді, ең кемі орта білімі бар коммунистер басқарады. Мұның өзі сан қырлы партия жұмысының пәрменді жүргізіліп, алда тұрған міндеттердің кезінде, дұрыс шешілуіне зор септігін тигізіп жүр.

Совхоз партия комитеті цехтық ұйымдар мен партия топтарының жетекшілеріне үнемі практикалық көмек көрсетіп, олармен тоқсан сайын тұрақты семинар өткізіп тұрады. Мұндай семинарларда олар қалың бұқара арасында саяси-тәрбие, үгіт-көпшілік жұмысын жүргізудің түрлері мен әдістерін үйренеді, өзара тәжірибе алысады, сөйтіп партия жұмысының үлкен мектебінен өтеді. Цехтық ұйымдар мен партия топтары коммунистердің еңбекке деген белсенділігін арттырумен бірге олардың білім дәрежесі мен іскерлік қабілетіне қарай партиялық тапсырмалар беріп, бұлардың орындалуын қамтамасыз етіп отырды.

Әсіресе совхоздың бірінші, төртінші бөлімшелеріндегі цехтық партия ұйымдарының жұмысы жақсы жолға қойылған. Бұларда партиялық-ұйымдастыру, саяси-бұқаралық жұмыс күні бұрын белгіленген, коммунистердің жалпы жиналысында бекітілген жоспар бойынша дәйекті түрде жүзеге асырылады. Бірінші бөлімшенің цехтық партия ұйымында (секретары Р. Унгефук жолдас) 22 коммунист бар. Олардың көпшілігі тікелей өндірісте еңбек етеді, қажырлы еңбектің үлгі-өнегесін көрсетіп жүрген жандар. Мәселен, КПСС мүшелері, жас тракторшылар Т. Нұржанов, Қ. Тұрбаев жолдастар қысы-жазы бірдей қажымай-талмай еңбек етіп, ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруді арттыру ісіне лайықты үлес қосып жүр. Бөлімшеде мұндай өндіріс озаттары көп.

Бірінші бөлімшенің коллективі бесжылдықтың өткен төрт жылының мемлекеттік жоспарын ет жөнінен 101,2 процент, сүт жөнінен 119,7 процент орындады. Сондай-ақ мемлекетке астық сату жоспары да асыра орындалды. Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру және өткізу жоспарының орындалуы бөлімшеде биыл да жақсы. Бұл бөлімше жұмысшыларының ынтымақты еңбегінің, коммунистердің ұйымдастырушылық, авангардтық ролінің нәтижесі екені даусыз. Қарқаралы аудандық партия комитетінің жақында болып өткен пленумы осы бөлімше партия ұйымының жақсы жұмысын айрықша атап көрсетті.

«Қарқаралы» совхозының партия комитеті цехтық ұйымдар мен партия топтарының жұмысын жаңа талаптарға сай ұйымдастыра отырып, коммунистердің саяси білім дәрежесін көтеруге де ерекше мән беріп келеді. Мұнда 120 адам партия оқуы жүйесінде оқып жүр. Бұл үшін үш бастауыш, бір коммунистік тәрбие мектебі, жастарға арналған «Кругозор» мектебі ұйымдастырылған. Бұларда сабақты практикалық тәжірибесі мол, саяси білімі жеткілікті насихатшылар жүргізеді.

Еңбекшілерге идеялық саяси тәрбие беру — партия жұмысының аса маңызды бір бөлігі. Сондықтан да совхоз еңбеккерлері арасында коммунистік және жұмысшы партияларының Москва Кеңесінің материалдары, В. И. Лениннің туғанына 100 жыл толуы, Советтік Қазақстанның 50 жылдығы, КПСС Орталық Комитеті июль Пленумының шешімдері жайында және ағымдағы саясат жөнінде лекциялар оқылып, баяндамалар жасалады, әңгімелер өткізіліп тұрады. Совхозда тұрақты төрт үгіт пункті құрылған.

Онда 50 үгітші, 15 саяси хабаршы, 24 лектор, баяндамашы бар. Мәселен, А. Жубеков, К. Фишер, Х. Әшірбеков, Р. Садықов, Б. Смайылов, В. Миллер, Н. Орманбетов, тағы басқалары — жұмысшылардың көңілінен шығып жүрген лекторлар.


«Қарқаралы» совхозының жеке бөлімшелеріндегі цехтық партия ұйымдарының жұмысында кемшіліктер де жоқ емес. Әйтсе де партия комитеті сол кемшіліктерді кезінде көріп, тез түзетіп отырады. Мәселен, совхоздың «Ақбұлақ» бөлімшесіндегі партия ұйымы коммунистер жиналыстарында бірыңғай шаруашылық жағына ғана назар аударып, жұмысшылардың мәдени-тұрмыс жағдайын біржола ұмыт қалдырған. Бөлімшедегі комсомол ұйымына партия ұйымы тарапынан практикалық көмек көрсетілмей келген. Жақында совхоз партия комитеті бюро мәжілісінде «Ақбұлақ» бөлімшесі партия ұйымының есебін тыңдап, оның жұмысындағы кемшіліктерді батыл ашып көрсетті, сөйтіп оған кезінде нақты көмек жасады.

Сондай-ақ «Киргизия» совхозы партия комитетінің цехтық ұйымдар мен партия топтарына басшылығы біркелкі тәуір. Қазір мұнда 150-ге тарта коммунист бар, шаруашылықтың ыңғайына қарай 8 цехтық ұйым, 4 партия тобы құрылған. Солардың ішінде «Кент» бөлімшесіндегі цехтық партия ұйымының (секретары А. Хасенов жолдас) жұмысы атап өтуге тұрарлық.

Цехтық партия ұйымы коммунистердің авангардтық ролін арттыра отырып, олардың еңбекте озат, қоғам жұмысында белсенді болуына жетіскен. Мұнда жазғы ауыл шаруашылық жұмысы қызған кезде уақытша партия топтарын құру практикаға айналдырылған. Мұның өзі коммунистер мен партияда жоқ еңбеккерлерді топтастырып, диқандар мен малшылар арасында саяси-бұқаралық жұмысты ықпалды да әсерлі жүргізуге қолайлы жағдай жасайды. Мәселен, мал азығын дайындау кезінде пішеншілер бригадасында уақытша партия тобы ұйымдастырылды. Бұл топқа коммунист Г. А. Зайрута жолдас жетекшілік етті. Топ құрамында 3 коммунист, 5 комсомол мүшесі болды. Цехтық партия ұйымы бұл топтың жұмыс жоспарын жасап, әр коммунистің алдына нақты міндеттер қойды. Оның орындалуы топ жетекшісінің күнделігіне түсірілді. Партия тобы пішеншілер арасында саяси-бұқаралық жұмысты өрістете отырып, бригада бойынша мал азығын дайындау жоспарының 105 процент орындалуып қамтамасыз етті. Дайындалған шөпті мал қыстайтын орынға тасып, жеткізу ісі тыңғылықты ұйымдастырылды. Сондай-ақ былтыр егін жинау кезінде ұйымдастырылған, М. Меңғалиев жолдас жетекшілік еткен партия тобының жұмысы да жемісті болғаны жұртқа аян.

Жиналыс — коммунистердің тәрбие мектебі. Оны дұрыс өткізіп, күн тәртібіне қойылатын мәселелерді іріктей білудің маңызы зор. Сондықтан да көптеген цехтық ұйымдар мен партия топтары партия жиналысына айрықша көңіл бөліп, оның уақтылы, тиісті дәрежеде өткізілуін қамтамасыз етіп отырады. «Кент» бөлімшесі коммунистерінің кезекті бір жиналысында КПСС Орталық Комитетінің, СССР Министрлер Советінің, ВЦСПС-тің және ВЛКСМ Орталық Комитетінің хаты талқыланды. Осы жиналыста шығып сөйлеген шопан К. Баймағамбетов жолдас өткен жылы өзіне бекітіліп берілген 513 қойды жайып бағу арқасында әр қойдың тірідсі салмағын 53 килограмға жеткізгенін, сөйтіп мемлекетке қоңды мал өткізгенін айтты. Ал шопандар О. Жексенбин, Т. Құрманғалиев жолдастар әр жүз саулықтан жоспардағыдан әлдеқайда көп төл алып, аман өсіріп отырғанын сөз етті. Осы жиналыста коммунистер бөлімше бойынша қоғамдық мал санын көбейту, оның өнімдерін өндіруді арттыру мәселелерін толғана кең сөз етіп, нақты шаралар белгіледі. Қазір бөлімшеде мал шаруашылығы өнімдерін өндіру және мемлекетке тапсыру жоспары асыра орындалып отыр.

Ауданның Фрунзе атындағы совхозының, Қарағайлы кен байыту комбинатының бастауыш, цехтық партия ұйымдары да партия топтарына ұдайы көмек көрсетіп, нақты басшылық жасап келеді. Совхозда құрылған жеті партия тобы коммунистердің, барлық еңбеккерлердің белсенділігін



арттырып, шын мәніндегі бұқара жетекшісі, табыс ұйтқысы болып отыр. Совхоз коллективі соңғы жылдары зор табысқа жетіп, мемлекетке астық сатудың бесжылдық жоспарын төрт жылда орындады. Мал шаруашылығы саласындағы табыстары да мол.

Осы совхоздың үшінші бөлімшесіндегі М. Шәйкенов жолдас басқарған партиялық топтың жұмысы да үлгі етерліктей. Топ құрамындағы коммунистердің бәрі — еңбек озаттары. Мұнда биыл егін жинау, мал азығын дайындау жұмыстары асқан ұйымшылдықпен қызу жүргізілді. Партия тобы адамдарға саяси ықпал жасаудың бар мүмкіндіктерін шебер пайдалана біледі. Мұндағы «Астық молшылығы» атты қабырға газеті бөлімше өмірінің айнасына айналған. Еңбек адамдарының өнегелі істері мен кездескен кемшіліктер кезінде газет бетінен орын алып отырады.

Алайда аудан партия ұйымдарында партиялық-ұйымдастыру жұмысы барлық жерде бірдей емес. Көптеген партия ұйымдары мен партия топтары еңбекшілер арасында саяси-тәрбие жұмысын өз дәрежесінде жүргізе алмай келеді. Мұндай кемшіліктер әсіресе автобаза, аудандық тұтынушылар одағы, «Прогресс» совхозы партия ұйымдарының жұмысында жиі кездеседі. Ал бірқатар партия ұйымдарының, атап айтқанда «Бақты», «Еңбек», «Ынтылы» совхоздары партия ұйымдарының партия топтарына басшылығы нашар. Мәселен, «Бақты» совхозында 4 партия тобы құрылған деп есептеледі, ал шындығында бұлар тек қағаз жүзінде ғана ұйымдастырылып келген, жүргізіп отырған айтарлықтай ұйымдастыру жұмысы болған жоқ. Тек аудандық партия комитетінің кезінде көңіл аударып, көмек көрсетуі нәтижесінде ғана жағдай біраз жөнделе бастады.

Жақында ауданның партия ұйымдарында есеп беру-сайлау жиналыстары болып өтті. Бастауыш, цехтық ұйымдар мен партия топтарының жетекшілігіне істе сыналған, өз жолдастарының сеніміне ие болған, тәжірибелі, алғыр коммунистер келді. Сондықтан совхоздар мен колхоздардың, өнеркәсіп орындарының партия комитеттері бастауыш ұйымдардың секретарьлары мен партия топтарының жетекшілеріне партия жұмысына басшылық ету өнерін үйретіп, оларға ұдайы нақты көмек көрсетіп отыру қажет.

Қарқаралы аудандық партия комитетінің ұйымдастыру бөлімі бастауыш партия ұйымының құрамды бөлігі болып табылатын цехтық ұйымдар мен партия топтарына басшылықты жақсартып отырып, олардың жұмыс стилі мен әдістерін жетілдіру, іскерлік қабілетін арттыру, оларға күнбе-күн қамқорлық көмек көрсетіп отыру жөнінде көптеген ұйымдастыру шараларын жүзеге асыруға тиіс.

Қарағанды облысы.

С. АСАНОВ,
Қарқаралы аудандық партия
комитетінің нұсқаушысы.

ПАРТИЯЛЫҚ ТАПСЫРМА— ТӘРБИЕ ҚҰРАЛЫ

Біздің колхоздың партия ұйымы КПСС XXIII съезінің шешімдерін жүзеге асыра отырып, коммунистердің өндірістегі авангардтық ролін арттыру, колхозшылар арасында саяси-тәрбие, үгіт-көпшілік жұмысын жақсарту жөнінде соңғы жылдары бірқатар жұмыс атқарды. Соның нәтижесінде село еңбеккерлері колхоз экономикасын нығайту, ауыл шаруашылық өнімдерін өндіруді арттыру саласында көрнекті табыстарға ие болып келеді. Бесжылдықтың алғашқы төрт жылында бұған дейінгі төрт жылмен салыстырғанда колхозда астық өндіру 39 процент, ет өндіру 12 процент, сүт өндіру 7 процент артты. Өткен бесжылдықтың әр жылында мемлекетке орта есеппен 15 245 центнер астық сатқан болсақ, үстіміздегі бесжылдықтың әр жылында 33 238 центнер астық өткіздік. Осы бесжылдықтың алғашқы төрт жылында Отан қоймасына 40 мың центнер орнына 133 мың центнердей астық тапсырылды.

Ауыл-село еңбеккерлерін қоғамдық өндірісті онан әрі өркендету ісіне жұмылдырып, олардың еңбектегі белсенділігін, творчестволық инициативасын өршітуде әрбір коммунистің партия ұйымының жұмысына белсене ат салысып, белгілі бір тапсырмалар орындап отыруының, өзі жұмыс істейтін өндіріс саласында коллективтің табысына ұйтқы бола білуінің зор маңызы бар.

Колхозда ауыл шаруашылық өнімдерін өндіруді ұдайы арттырып отыру үшін ең алдымен коммунистерді өндірістің шешуші учаскелеріне орналастырып, олардың еңбекші бұқараға үлгі-өнеге көрсетуін ұйымдастыра білдік. Қазір колхоз партия ұйымының есебінде 171 коммунист тұрады. Олардың 159-ы тікелей өндірісте істейді, бұл барлық коммунистің 93 проценті шаруашылықтың шешуші салаларында еңбек етеді деген сөз.

Біз әрбір коммунистке өздерінің ұйымдастырушылық, іскерлік қабілетіне, білім дәрежесіне қарай партиялық тапсырма беріп, оны кезінде тыңғылықты орындауына үнемі көмектесіп отырамыз. Мұндай жағдайда бірде-бір коммунист партия ұйымының назарынан тыс қалмайды. Сондықтан да біз партиялық тапсырманы аса маңызды тәрбие құралы, партия жұмысының пәрменді құрамды бөлігі деп түсінеміз. Бұл жұмыстың формалары мен әдістерін барынша жетілдіре түсу партия комитетінің бұдан былай да баса назар аударатын мәселесі болып қала бермек. Коммунистерге партиялық тапсырма беру, біріншіден, олардың бұқара арасындағы жетекшілік ролін арттыруға, идеялық-саяси жағынан шындалуына ықпал етсе, екіншіден, колхозшылар арасындағы ұйымдастыру, саяси-тәрбие жұмысының пәрменді болуына, өндірістік мәселелердің ойдағыдай шешілуіне жағдай жасайды. Бізде өздеріне жүктелген партиялық тапсырманы тыңғылықты орындап, колхозшыларды өнімді еңбек етуге жұмылдырып жүрген коммунистер аз емес.

Мәселен, № 1 өндіріс бригадасының жұмысын алайық. Мұнда цехтық партия ұйымының есебінде 19 коммунист бар. Олардың 15-і тікелей өндірісте жұмыс істейтін адамдар: механизаторлар, звено жетекшілері. Олар тек өндіріс озаттары ғана емес, сонымен бірге ауыл өміріне, қоғамдық ұйымдардың жұмысына белсене араласады. Мұнда цехтық партия ұйымын звено жетекшісі, Социалистік Еңбек Ері Рахиям Сейітова басқарады. Ол — кішіпейіл, коммунистер арасында беделді, өз ісіне жетік тындырымды адам. Р. Сейітова жолдас бригада коммунистерінің шын мәніндегі жетекшісі бола білуде.

Бұл ұйымда партиялық тапсырма берілмеген бірде-бір коммунист жоқ. Партия ұйымы жеке коммунистерге берілген тапсырманың орындалуын ұдайы қадағалап отырады. Бригада партия ұйымында өткізілген әрбір жиналыста кемінде бір-екі коммунистің есебі тыңдалады. Мысалы, жуырда өткен бір жиналыста коммунист Әсім Норузов өзіне жүктелген партиялық тапсырманы қалай орындап жүргені жайында өз жолдастары алдында есеп берді. Жиналыс шынайы жолдастық, қатаң талап қою, өзара сын жағдайында, қызықты да әсерлі болып өтті.

Коммунистерге партиялық тапсырма беру, оның кезінде орындалуын қамтамасыз ету машина-трактор мастерскойының цехтық партия ұйымында да жақсы жолға қойылған. Мұнда колхоз аулы микроаудандарға бөлініп, әрбір коммунистке бекітіліп берілген. Коммунистер партия ұйымының тапсырмасы бойынша өз учаскелерінде саяси-тәрбие, үгіт-көпшілік жұмыстарын жүргізеді. Олар әрбір сенбі сайын жұмыстан кейін өздеріне бекітілген учаскелеріне баруды дағдыға айналдырған. Коммунистер өз микроаудандарындағы тұрғындармен әңгімелесіп, олардың хал-жағдайын, талап-тілектерін біледі, оларға елімізде, бүкіл дүние жүзінде болып жатқан маңызды жаңалықтарды айтып береді, тұрғындардың колхоз өндірісіне, қоғам жұмысына қалай қатысып жүргеніне зер салады. Мұндай кездесулер әдетте колхозшыларда жақсы әсер қалдырып жүр.

Коммунистердің Устав талаптарын орындауға жауапкершілігін, еңбектегі, қоғам өміріндегі авангардтық ролін арттыру—колхоз партия комитеті әрдайым назар аударып отырған басты мәселелердің бірі. Бұл мәселе цехтық ұйымдар мен партиялық топтарда ғана емес, колхоз партия комитетінің мәжілістерінде, коммунистердің жалпы жиналыстарында жиі-жиі қаралады. Ай сайын партия ұйымының жұмыс жоспарын партком мәжілісінде қарап, талқылаған кезде коммунистердің партиялық тапсырманы орындау барысын тексеру, өндірісте тікелей жұмыс істейтін коммунистердің есебін тыңдау мәселелерін айрықша ескеріп отырамыз.

Соның нәтижесінде үстіміздегі жылдың алғашқы жартысында партиялық тапсырманың орындалуы жөнінде алты цехтық партия ұйымында 17 коммунистің есебі тыңдалды. Мәселен, жүгері өсіретін звеноның жетекшісі Т. Қасымов, № 2 қой фермасының шопаны А. Жұманқұлов жолдастардың есебін тыңдау кезінде бұл коммунистердің партиялық тапсырманы орындауға үлкен жауапкершілікпен қарайтыны, өндірісте көрнекті табыстарға ие болып келе жатқаны ерекше сөз болды.

Т. Қасымов жолдас жүгеріден мол өнім жинаумен бірге қоғам жұмысына да белсене араласады. Ал байырғы шопан А. Жұманқұлов жолдас қой санын өсіру, оның өнімділігін арттыру жөніндегі міндеттемесін жыл сайын артығымен орындап жүр. Ол үстіміздегі жылы республикамыздың 50 жылдық мерекесі құрметіне алған социалистік міндеттемесін абыроймен орындап, әрбір жүз саулықтан 110 қозыдан алды, әр қойдан 3,5 килограмм жүн қырықты.

Тәжірибелі шопан қоғам өміріне де белсене араласады. Ол — аудандық Советтің депутаты. Оған партиялық тапсырма ретінде 10 шопан семьясы бекітілген. Ол еңбектес жолдастары арасында жиі болып, үгіт-түсінік жұмысын жүргізеді, газет-журналдардың жаңа номерлерінен

еліміздегі жаналықтарды, шетел хабарларын оқып береді. Сонымен бірге тәжірибелі шопан өз жолдастарына мал шаруашылығын өркендетудің тиімді жолдарын үйретеді, коммунист борышы, адамгершілік, семья тәрбиесі жайында әңгіме өткізеді, сөйтіп өз әріптестерін жаңа табысқа жетуге жігерлендіріп отырады. Коммунист өнегесінен үйренген шопандар Қ. Арықов, Т. Абашев биыл әр жүз саулықтан 107—109 козыдан алып, аман өсірді.

Партия комитеті алдағы уақытта да әрбір коммунисті тапсырманы орындау үстінде тәрбиелеуге ерекше мән беріп, бұл жөнінде жинақтаған тәжірибесін жетілдіре түспек. Біз партия ұйымының іскерлік қабілетін, жеке коммунистердің ұйым жұмысына жауапкершілігін арттыру үшін партия жиналыстарының ролін көтеруді алға міндет етіп қойып отырмыз. Жиналыстың күн тәртібіне қойылатын мәселені әзірлеуге біз партком мүшелерімен бірге қатардағы коммунистерді, мамандарды қатыстырып отырамыз. Мұның өзі қаралатын мәселенің жан-жақты әзірленуіне, егжей-тегжейлі талқылануына жағдай жасайды.

Партия комитетінің алдағы тоқсанға жасалған жұмыс жоспары бойынша № 3 өндіріс бригадасы, сиыр фермасы партия ұйымдарының коммунистерге партиялық тапсырма берудегі тәжірибесі, жеке коммунистердің өздеріне жүктелген тапсырманы орындауы туралы есебі тыңдалмақ. Бұлардың ішінде механизатор Ю. Сейітов, шофер Н. Мұхтаров, колхозшы О. Бажиев жолдастар бар. Әдетте парткомның жұмыс жоспары бекітілген күннен бастап, есеп беретін барлық коммунистерге алдын ала хабарландырылады. Сонымен бірге партком мүшелерінен арнайы адамдар бөлініп, олар есеп беретін жолдастардың жұмысына бақылау жүргізеді, оларға нақты көмек көрсетеді.

Коммунистерді партиялық парасаттылық, принциптілік рухында тәрбиелеп, оларды партияның саяси жауынгері етіп қалыптастыруда сын мен өзара сынның атқаратын ролі ерекше. Сондықтан біз партия жиналысында болсын, партком мәжілісінде болсын, коммунистерді кемшілік жіберген адамның қызмет дәрежесіне карамай партиялық принциптілік тұрғысынан сынап, сол кемшіліктерді жоюдың жолдарын көрсетеміз, көмек көрсете білуге үйретеміз. КПСС Уставының талаптарын бұзған, өзінің партиялық міндеттеріне немқұрайды қараған коммунистердің қателігін назардан тыс қалдырмай, кемшілігін бетіне басып, оны дер кезінде түзетуіне жәрдемдесіп отырамыз.

Колхоз коллективі КПСС Орталық Комитеті июль (1970 ж.) Пленумының шешімдеріне сәйкес алдағы бесжылдықта ауыл шаруашылығын өркендету жөнінде жаңа меже белгілеп отыр. Бізде қой саны 31 мыңға, ірі қара 2 мыңға жеткізілуге тиіс. Мал өнімдерін арттыру үшін малды жайып семірту, бордақылау жұмысының тыңғылықты ұйымдастырылуын қамтамасыз етуіміз керек. Жаңа бесжылдықта мемлекетке сататын әрбір ірі қара мен жылқының тірідей салмағын 320—350 килограмға, қойдың салмағын 50—55 килограмға жеткізуді жоспарлап отырмыз.

Жаңа бесжылдықта астық өндіруді ұлғайту жөнінде де колхозшылардың белгілеп отырған межесі жоғары. Олар барлық өндіріс бригадаларында егіншілік мәдениетін көтеру, ауыспалы егісті ұлғайту арқылы егіннің шығымдылығын едәуір арттырып, жыл сайын мемлекетке 80 мың центнер астық өткізіп отырмақ. Бұл үшін жүгері егісінің көлемін қазіргі 2 400 гектардан 3 мың гектарға жеткізіп, оның әр гектарынан 40 центнерге дейін дән жинау көзделіп отыр.

Алматы облысы,
Ұйғыр ауданы.

Т. АЛАХУНОВ,
Свердлов атындағы колхоздың
партия комитетінің секретары.

СҰРАҚҚА ЖАУАП

Орал облысы, Чапаев ауданының Чуйков атындағы колхозының партком мүшесі Н. Қабиев жолдас мынадай сұрағына жауап беруді өтінген.

СҰРАҚ: Партия жиналысында коммунистердің есебін тыңдауды бізде әркім әрқалай түсініп жүр. Бірсыпыра адамдар мұны коммунистің КПСС Уставы талаптарын, өзіне тапсырылған жұмысты қалай орындап жүргенін, өндірісте авангардтық роль атқаруын білу, байқалған кемшіліктерін кезінде түзету деп ұғынса, кейбір жолдастар оны теріс түсінеді. Мәселен, олар коммунистің есебін тыңдау кезінде кемшілік-міні байқалса, оны есеп беріп отырған коммунистің жеке ісін қарауға айналдырып, оған партиялық жаза қолдану керек, істеп жүрген қызметінен босату жөнінде колхоз басқармасының алдына мәселе қою керек деп түсінеді. Осы екі пікірдің қайсысы дұрыс?

ЖАУАП: Коммунистердің есебін тыңдау мен олардың жеке ісін қараудың айырмасы жер мен көктей. Мұны бір-бірімен шатастыруға болмайды. Партия жиналысында, бюронның мәжілісінде коммунистердің есебін тыңдау дегеніміз олардың уставтық міндеттері мен партиялық тапсырмаларды орындау жөніндегі жауапкершілігін, өндірістегі авангардтық ролін арттыру, идеялық-теориялық білім дәрежесін көтеру, қоғамдық жұмыстағы белсенділігін байқау деген сөз. Коммунистердің есебін тыңдау оларды партиялық және мемлекеттік тәртіпті нығайту рухында тәрбиелеуге, партия ұйымдарының іскерлік қабілетін арттыруға, коммунистердің белсенділігін күшейтуге зор ықпал жасайтынын партия жұмысының практикасы айқын көрсетіп отыр.

Ал коммунистің жеке ісіне келетін болсақ, бұл мәселе жеке коммунистер партиялық тәртіпті бұзып, моральдық жағынан азғындаған, КПСС мүшесі деген қадірлі атаққа кір келтіретіндей басқа да теріс қылық көрсеткен жағдайда ғана көтеріледі. Мұндай жағдайда байқалған фактілер мұқият тексеріліп, коммунистің жеке ісі ретінде партия жиналысының қарауына қойылады, егер коммунистке тағылған кінә расталса, жасаған қылмысына қарай оған партиялық жаза беріледі.

Әрине, өмірде мынадай жағдай да болуы ықтимал. Мәселен, коммунистің есебін тыңдау үстінде ойламаған жерден оның мінез-құлқындағы теріс қылықтары, бұған дейін партия ұйымы байқамаған тәртіпсіздік фактілері сөз болуы мүмкін. Мұндай жағдайда бұл фактілерді кейін мұқият тексеруді партбюронның мүшелеріне не басқа коммунистерге тапсыру керек. Фактілер егжей-тегжейлі тексеріліп, анықталғаннан кейін барып коммунистің жеке ісі кезекті партия жиналысында қаралуға тиіс.

Өзбек ССР-нің Сырдария облысы, Жетісай ауданы, Ленин атындағы колхозында тұратын КПСС мүшесі Ж. Сауырбаев жолдасының мынадай сұраққа жауап алғысы келеді.

СҰРАҚ: Бұрын сотталған адамды партия қатарына алуға және оны колхоздар мен совхоздарда немесе басқа мекемелерде басшылық қызметке ұсынуға бола ма?

ЖАУАП: Партия қатарына қабылдаудың лениндік принципі және КПСС Уставының темірдей тәртібі әрбір партия ұйымынан партия қатарының тазалығын қатаң сақтауды, оның қатарына лайықсыз адамдардың кіріп кетуіне жол бермеуді талап етеді.

Партия қатарына еңбекте, қоғамдық жұмыста және тұрмыста өзі жақсы жағынан көрсете білген, көпшілікке қадірлі адамдар ғана уставтық тәртіп бойынша жеке-жеке қабылданады. Әрине, бұрын сотталып, тиісті жазасын өтеп шыққан адам бұл талаптарға сай келмейді. Ол әуелі адал еңбегімен, жақсы қадір-қасиетімен танылып, еңбектес жолдастарының кәміл сеніміне ие болуы керек.

Сондай-ақ кадрларды іріктеу, орналастыру принципі де әркімнің іскерлік қасиетіне, саяси кемелдігіне қарай жүзеге асырылады. Сондықтан да шаруашылық органдарының басшылық қызметіне ұйымдастырушылық қабілеті күшті, беделді, алдыңғы қатарлы адамдар ұсынылуға тиіс.

Шымкент облысының Келес ауданындағы Абай селосында тұратын КПСС мүшесі Т. Бегалиев жолдас бізге мынадай сұрақтар жолдаған.

СҰРАҚ: Бұрын жасаған қылмыстары үшін партия қатарынан шығарылған адамға бастауыш партия ұйымы ешқандай шешімсіз партия билетін қайтарып бере ала ма?

ЖАУАП: Партия билетін иесіне қайтару немесе жаңасын беру, сондай-ақ билетті партиядан шығарылған адамнан алып қою бастауыш партия ұйымдарының міндетіне жатпайды. Мұндай право КПСС Уставы бойынша тек аудандық немесе қалалық партия комитеттеріне ғана берілген. Партия Уставының 10-параграфына сәйкес коммунисті партиядан шығару жөніндегі партия жиналысының шешімі бекітілгенге дейін партия билеті немесе кандидаттық карточка коммунистің қолында қалады және ол партияның жабық жиналыстарына қатысуға праволы.

Коммунисті КПСС қатарынан шығару туралы партия жиналысының шешімі бекітілген жағдайда, аудандық немесе қалалық партия комитеті сол жерде партиядан

шығарылған коммунистің билетін алып қалады. Партиядан шығарылған адамдардың жоғарғы партия органдарына, КПСС Орталық Комитетіне дейін екі айлық мерзім ішінде шағым арыз беру правосы сақталады. Коммунист жоғарғы партия органдарына шағым арыз берген жағдайда, оның партия билетін аудандық, қалалық партия комитеті үш ай мерзімге дейін жарамсыз етіп тастамай, өзінде сақтайды.

Жоғарғы партия органы әлгі коммунисті партияда қалдырған жағдайда, оған өзінің бұрынғы билеті қайтарылып беріледі. Егер белгілі бір себептермен сол коммунистің партия билеті жарамсыз етіп тасталған болса, аудандық немесе қалалық партия комитеті бюросының шешімі бойынша оған жаңадан партия билеті беріледі.

СҰРАҚ: Егер коммунисті КПСС қатарынан шығару туралы облыстық партия комитетінің шешімі Қазақстан Компартиясының Орталық Комитетінде бекітілген жағдайда, әлгі коммунист өзін партияда қалдыру жөнінде қайда өтініш білдіре алады және бұл үшін қандай документтер керек?

ЖАУАП: Егер облыстық партия комитетінің коммунисті КПСС қатарынан шығару жөніндегі шешімін Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті бекітіп жіберсе, онда бұл коммунист өзін партияда қалдыру жөнінде КПСС Орталық Комитеті жанындағы Партиялық Бақылау Комитетіне шағым арыз беруге правосы бар. Ол сол арызымен бірге өзіне тағылған кінәнің негізсіз екендігін дәлелдейтін документтерді қоса жіберуі керек. Ал ол документтер мынадай болады деп кесіп айту қиын, өйткені бұл коммунистке тағылған, нақты кінәға байланысты. Коммунистердің жасаған қателіктерінің де әртүрлі сипатта болатыны сияқты, олардың жеке ісі де бір-біріне ұқсас болып келе бермейді. Коммунистердің жеке ісі деп аталуының өзі де міне осыдан.

Орал облысы, Жәнібек ауданының «Қайрат» совхозындағы цехтық партия ұйымының секретары Қ. Жарасов жолдас төмендегідей сұрақтарға жауап беруді өтінген.

СҰРАҚ: Партияға адам қабылдау жөнінде партия жиналысының протоколын қалай жазу керек? Мұның белгіленген тәртібі бар ма? Мысалы, үш адамды бірден партияға қабылдау мәселесі жиналыстың күн тәртібіне қойылған жағдайда, үшеуіне жеке-жеке протокол жазыла ма, әлде бәріне бір-ақ протокол жазса болғаны ма?

ЖАУАП: Партияға адам қабылдағанда оның саяси және моральдық сапасына, іскерлік қабілетіне баса назар аударып, оларды тек жеке-жеке қабылдау туралы КПСС Уставы талаптары мен лениндік принциптерді бұлжытпай орындау қажет. Партия жиналысының протоколын жазған кезде «партияға адам алу туралы мәселе бастауыш партия ұйымының жалпы жиналысында талқыланып шешіледі, оның шешімі егер жиналысқа қатысқан партия мүшелерінің кемінде үштен екісі дауыс берген жағдайда қабылданды деп саналады» деген уставтық талаптың қатаң сақталуы әр уақытта есте болу керек. Жиналыс протоколында ұйым есебінде қанша коммунист тұратындығы, олардың қаншасының жиналысқа қатысып отырғандығы, келмей қалғандарының саны, нешеуінің себепті, себепсіз дәлелдермен келмей қалғандығы, партияға алу үшін қанша адамның дауыс бергені, қаншасының қарсы болғаны жеке-жеке ашып жазылуы керек.

Адамдарды КПСС мүшелігіне кандидаттыққа немесе партия мүшелігіне қабылдау туралы бір-ақ протокол жазылады да, әрбір адам туралы шешім жеке пунктпен көрсетіледі. Жоғарыда айтылғанындай, оған қанша коммунистің жақтап, қанша коммунистің қарсы дауыс бергендігі жеке-жеке жазылады.

Партия жиналысында қанша мәселе қаралса да, жазылатын протокол біреу-ақ болады, ал әр мәселе бойынша қабылданған шешім жеке пунктпен жазылады. Қаралған әрбір мәселе бойынша жеке-жеке протокол жазу дұрыс емес.

СҰРАҚ: Цехтық партия ұйымындағы 5 адамнан сайланған бюросының 2—3 мүшесі басқа жаққа ауысып кетсе, оның құрамын жаңадан сайлау өткізу арқылы толықтыруға бола ма, әлде партия органдарының кезекті сайлауын күту керек пе? Егер партия органдарының кезекті сайлауына дейін бюросының құрамын толықтыру қажет болған жағдайда, оны цехтық партия ұйымының өзі өткізе бере ме, әлде ол үшін совхоз партия комитетінің нұсқауы қажет пе?

ЖАУАП: Партия бюросының құрамын толықтыру үшін қосымша сайлау өткізу мәселесін нақты жағдайға байланысты партия жиналысының өзі шеше алады. Егер 5 адамнан сайланған партия бюросының 2 мүшесі шығып қалса, бұл, әрине, партия ұйымының күнделікті қызметіне пәрпенді басшылық етуге нұқсан келтіретіні сөзсіз. Мұндай жағдайда цехтық партия ұйымы совхоздың партия комитетімен келісе отырып, қосымша сайлау өткізу туралы шешім қабылдай алады. Бірақ қосымша сайлау өткізу әр уақытта қажет деп есептеуге болмайды. Мәселен, партия бюросының құрамынан бір адам шығып қалып, кезекті сайлауға дейін шамалы уақыт қалған жағдайда партия жиналысы бюросының қалған құрамы да ұйымға басшылықты қамтамасыз ете алады деп ұйғарса, қосымша сайлау өткізудің қажеттігі бола қоймайды. Сондай-ақ бюро мүшелерінің біреуі уақытша 2—3 айлық оқуға, командировкаға, демалысқа кеткен жағдайда да қосымша сайлау өткізудің қажеті жоқ.

Егер партбюро мүшесі елеулі қылмыс жасаған жағдайда партия жиналысы оның мәселесін қарап, оны бюро мүшелігіне лайықсыз деп тапса, партия жиналысы қылмыс жасаған адамды бюро мүшелігінен шығарып, оның орнына басқа коммунисті сайлай алады.

В. И. ЛЕНИН ЭКОНОМИКАНЫҢ РОЛІ ТУРАЛЫ. ӨНДІРІСТІҢ ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРУДЫҢ ОБЪЕКТИВТІК ҚАЖЕТТІГІ

Биылғы саяси оқу жылында «Қазақстан коммунисті» журналы марксизм-ленинизмді үйренушілер мен насихатшыларға жөн сілтейтін, мағлұмат беретін материалдарды жүйелі түрде жариялап отыруды ұйғарды. Ол негізінен «Қоғамдық өндірістің тиімділігін арттыру жолдары» деген проблемаға арналмақ. Журналдың осы номерінде экономика ғылымының докторы Т. Әшімбаев жолдастың «В. И. Ленин экономиканың ролі туралы. Өндірістің тиімділігін арттырудың объективтік қажеттігі» деген консультациялық мақаласын беріп отырмыз.

Жаңа социалистік қоғам орнатудың ғылыми негізін жасауда В. И. Лениннің сіңірген еңбегі ұшан-теңіз. Біздің елімізде және социализм орнатып жатқан басқа елдерде өндірістің социалистік әдісін дамытудың қазіргі кезеңіндегі лениндік теориялық мұраның методологиялық маңызы орасан зор. Себебі, В. И. Ленин еңбектеріндегі социалистік шаруашылықты жүргізу теориясының негіздері жаңа қоғамның шаруашылық құрылысына басшылығының тәжірибесіне сүйене отырып, онда болып жатқан өзгерістерді ғылыми тұрғыдан терең талдап, жинақтап қорыту барысында жасалған.

Өндірістің социалистік әдісін зерттеуді В. И. Ленин жаңа қоғамдық қатынастардың сонау алғашқы өркендері көгеріп көзге түсе бастаған кезде ақ қолға алды. Әлі бұғанасы бекімеген қоғамның сәулетті болашағына көз жіберіп, оның тарихи дамуының негізгі бағыттарын анықтауы кемеңгер көсемнің нағыз көрегендігі еді. Ол: «Кімде-кім жалпы мәселелерді алдын ала шешіп алмайынша жеке-дара мәселелерді қолға алса, оның әрбір қадам басқан сайын өзі үшін санасыз түрде сол жалпы мәселелерге қалайда «киліге береді»» деп жазды (Шығармалар, 12-том, 485-бет). Аса маңызды, жалпы мәселелерге В. И. Ленин бәрінен бұрын экономика мәселесін жатқызғаны белгілі. Өйткені сайып келгенде барлық қоғамдық, саяси өзгерістердің, теориялардың туатын тегінің, өсіп-өнетін өрісінің объективтік негізі — адамдардың экономикалық, өндірістік қатынастары. «...Шынында капиталистік қоғамнан социалистік қоғамға өтудің мәнінің өзі сияқты, Совет өкіметі негіздерінің мәнінің өзі де саяси міндеттердің экономикалық міндеттерге қарағанда бағынышты орын алатындығында болып отыр» (Шығармалар, 42-том, 38-бет) деп көрсетті В. И. Ленин.

Алайда В. И. Ленин саясатты экономиканың жай көрінісі деп қараған жоқ. Ол саясаттың экономикаға аса зор ықпал жасайтынын, әрі қоғамды социалистік жолмен өзгертуде маңызды роль атқаратынын талай мәрте атап айтты.

Пролетариат диктатурасы орнағаннан кейін жұмысшы табы тұңғыш рет экономика және саясат саласында билеуші күшке айналады. Мұның өзі саясатты экономикамен бірегей сәйкестікке келтіріп, оны жұмысшы табының

қолындағы қоғам дамуының қуатты қозғаушы факторына айналдырады. В. И. Ленин «саясат — экономиканың түйдек көрінісі» деуіміздің мағынасы өзінің шығу тегі жағынан экономика бірінші, ал саясат екінші; қондырмалық құбылыс болғандықтан саясат экономикадан, базистен туады деді. Бұл анықтама саясаттың экономикаға тікелей әрі аса күшті ықпал жасайтынын, оның экономиканы жинақтап, қорытуға және жетілдіруге әсер ететінін де көрсетеді.

Саяси бағыт дәл анықталып, қателіктерге жол берілмейтіндей болған күнде ғана, экономикалық мәселелер саясаттағы басты мәселеге айналмақ, деді Ленин, сонда ғана барлық күш шаруашылық құрылысқа, жүргізіліп отырған саясатты жүзеге асыруға жұмсалуды мүмкін. «Әрине, мен біз саясатпен азырақ шұғылданып, шаруашылықпен көбірек шұғылдансақ екен деген тілекті әрдайым айтқанмын, айтып отырмын, айтамын да. Бірақ бұл тілектерді орындау үшін саяси қауіптердің және саяси қателердің болмауы керек екенін түсіну қиын емес» деп жазды Ленин (Шығармалар, 32-том, 74-бет).

Жұмысшы табы маркстік-лениндік партияның басшылығымен капиталистердің үстемдігін жойып, еңбекшілердің қалың бұқарасының мүддесі үшін қоғам өмірін өзгертетін өзінің саяси билігін орнатады. Бұл міндетті ең алдымен экономикалық өзгерістер негізінде шешуге болады. Пролетариаттың өкімет билігін өз қолына жеңіп алғаннан кейін социалистік экономиканы құрудың практикалық міндетін бірінші кезекке қоятыны содан. Бұған шаруашылықты индустрияландыру мен коллективтендіру, қоғамдық өндірісті кеңейту негізінде барып еңбекшілердің материалдық әл-ауқатын жақсарту жатады. Мұның қиын да күрделі міндет болғаны жұртқа аян. Тек осы мәселелердің бәрін шешкенде ғана елімізде капитализмді жеңуге, капиталистік елдерден толық тәуелсіз болуға, социализмнің жеңістерін империалистер шабуылынан қорғап қалуға мүмкіндік туды.

Владимир Ильич Совет өкіметінің міндеттеріне тоқталған тұста социализм құрылысында экономиканың аса зор маңызы бар екенін атап көрсетті. «Шаруашылық іс, — деді ол 1921 жылғы майда, — біздің ортақ ісіміз. Бұл біз үшін ең қызғылықты саясат» (Шығармалар, 32-том, 458-бет).

Экономика мен саясаттың арақатынастары туралы, қоғамдық өмірді өзгертуде экономиканың басым болатыны туралы лениндік идеялар уақыт сынынан мүдірмей өтті. Бұл идеялар Совет Одағы Коммунистік партиясының документтерінде одан әрі дамытылып отыр. Қоғамды коммунистік негізде қайта құру жөніндегі Коммунистік партияның бүкіл қызметі—экономика мен саясаттың ажырамас бірлігінің үлгісі.

В. И. Ленин нұсқаған жолды басшылыққа ала отырып, партия совет халқының күшін қоғамдық өндірісті өркендетуге бағыттауда. Экономикалық құрылыс — КПСС-тің коммунизм үшін күрестегі қызметінің басты өрісі. Коммунистік қоғам құрылысының ғылыми программасын белгілегенде партия коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасауды еліміздің басты экономикалық міндеті деп көрсетті. Бұл міндетті екі түрлі жолмен: экстенсивтік немесе интенсивтік жолмен шешу мүмкін еді. Оның біріншісі, өндірістің негізгі факторларын: жұмысшы күшін, еңбек құрал-жабдықтарын шығаруды сан жағынан көбейтіп, солардың басымдығымен көздеген мақсатқа жету. Ал екінші жол мүлде күрделі. Өндірісті бұл жолмен дамыту қолда бар мүмкіндіктерді толық та тиімді пайдалану деген сөз.

КПСС Орталық Комитетінің декабрь (1969 ж.) Пленумы өндірісті интенсивті дамытуға, қоғамдық өндірістің тиімділігін арттыруға ерекше назар аударды. Пленум мұны коммунистік құрылыстың қазіргі кезеңіндегі көкейтесті проблема деп қарады.

Қоғамдық өндірістің тиімділігін арттыру — өзекті мәселенің бірі. Алайда шаруашылықты дамытудың кұллі кезеңінде бұл мәселе ойдағыдай шешіле бермеді. Экономиканы дамытудың объективтік жағдайлары кейде өндірісті өсірудің экстенсивтік факторларын пайдалануға мәжбүр етті. Мұның өзі өндірістің негізгі қорларының шұғыл жаңарып отыруына әсер етті.

Болашақта өндірісті өркендетудің қуатты қарқынын экстенсивтік факторлар есебінен қамтамасыз ету ешбір мүмкін емес. Қазіргі кезде еңбек ресурстарының оннан тоғызы қоғамдық өндірісте пайдаланылуда. Сол себептен де өндіріске жаңа жұмысшы күшін көптеп тартудың мүмкіндігі жоқ. Күрделі қаржыларды одан әрі үздіксіз өсіре беру жолы да тиімсіз, өйткені мұның өзі ұлттық табысты бөлуге қолайсыз әсер етуі ықтимал.

Сондықтан совет экономикасын дамытудың қазіргі кезеңінде қоғамдық өндірістің тиімділігін арттырудың маңызы орасан зор. Оның бірінші кезекке қойылуы да осындай объективтік жағдайларға байланысты.

Еліміздің халық шаруашылығы барған сайын негізгі өндірістік қорлармен мол жабдықталып келеді. СССР халық шаруашылығындағы өндірістік қорлардың көлемі қазір 400 миллиард сомнан асып, 1940 жылмен салыстырғанда 7 есе өсіп отыр. Қазір өндірістік қорды жұмыс істейтін әр кісіге шаққанда 5 мың сомнан айналады. Мұның өзі 1940 жылға қарағанда 3 есе артық деген сөз. Осы қорлардың берерін небәрі бір тиын арттырғанның өзінде қосымша қаржы жұмсамай-ақ ұлттық табысты 4 миллиард сомға көбейтуге болады.

Екінші бір мысал. Еліміздің шаруашылық айналымында еңбек құрал-жабдықтарының қомақты бір бөлегі қызмет етуде. Олардың пайдаланылуын бір процент арттырса, осы бесжылдықта 35 миллиард киловатт-сағат электр қуатын, 13 миллион тонна мұнайды, 30 миллион тонна көмірді, 4 миллион тонна прокатты, 4 миллион тонна цементті үнемдеуге болар еді.

«Қазір партияның XXIV съезі жақындап келеді, — деді Л. И. Брежнев жолдас, — келесі бесжылдыққа арналған жоспарды әзірлеу ісі аяқталуға жақындады. Басқа сөзбен айтсақ, совет экономикасын едәуір ұзақ мерзімге арнап дамытудың жолдарын белгілейтін жаңа келелі шешімдер қабылданбақ,

Біз бұл үлкен іске лениндік тұрғыдан қарауға, экономикалық міндеттердің бүкіл алуан түрінен, бүкіл тізбегінен басты, негізгі буынын тауып бөліп алуға ұмтылудамыз. Қоғамдық өндірістің тиімділігін арттыру, еңбек өнімділігін едәуір және жер-жердің бәрінде ұлғайту — міне осындай буын» («Ленин жолымен», 2-том, 641-бет).

Алда тұрған осынау аса жауапты міндеттерді шешу — әрбір кәсіпорындағы, совхоздағы, колхоздағы қорларды барған сайын тиімді пайдалануға, өнім өндіруге жұмсалған шығынның толық өтелуіне байланысты.

Өндірістің тиімділігін сан жағынан қалай өлшеу керек? Экономикалық әдебиетте бұл мәселе түрліше, тіпті кейде жаңсақ түсіндіріліп жүр. Экономистердің бірсыпырасы өндіріс тиімділігі ұлттық табыспен белгіленеді десе, кейбіреулері ұлттық табыстың жан басына шаққандағы мөлшерімен, енді біреулері — еңбек өнімділігінің өсуімен белгіленеді дейді. Оны пайда мөлшерімен анықталады дейтіндер де бар. Бұл көрсеткіштердің аса маңызды және оларды жақсартудың халық шаруашылығы үшін тиімді екені сөзсіз. Біздің ойымызша, бұлар өзінің мазмұны жағынан осы көрсеткіштерге қандай шығынды жұмсау арқылы қол жеткенін білдірмейтіндіктен өндіріс тиімділігінің бірден-бір кепілі бола алмайды.

Өндірістің экономикалық тиімділігі дәл айқындалған категория. Ол относительдік шамамен белгіленіп, өндіріс процесінде қол жеткен нәтижені жұмсалған шығынның мөлшерімен салыстырып барып есептеледі.

Социалистік өндірістің негізгі мақсаты — еңбекшілер талаптарын толық қанағаттандыру үшін қажетті номенклатура мен сапалы өнім шығаруды ұлғайту. Өнімнің қандай жағдайда, қандай қиындықтармен өндірілетініне қоғам ат үсті қарай алмайды. Өйткені сайып келгенде халық талабын қанағаттандыру осыған байланысты. Сондықтан да өндірістің тиімділігін арттыру міндеті туады. Сондықтан КПСС Программасында шаруашылықты жоспарлаудың және оған басшылық етудің барлық буындарында материалдық, еңбек және финанс ресурстарын, табиғат байлықтарын дұрыс, тиімді пайдалануға, өнімсіз шығынды болдырмауға ерекше назар аударудың қажеттігі айтылған. Неғұрлым аз шығын жұмсап, барынша жақ-

сы нәтижеге жету — шаруашылық құрылыстың бұлжымас заңы.

Өндірістің тиімділігін бір ғана көрсеткішпен емес, әрқайсысы өндірістің әртүрлі қырын білдіретін, тұтас алғанда өндіріс тиімділігінің объективтік көрінісін бағдарлайтын көрсеткіштер жүйесімен бейнеленеді.

Қоғамдық өндіріс тиімділігінің көрсеткіштерін өндіріс процесінің жұмысшы күші, қаржы, еңбек құрал-жабдықтары сияқты негізгі үш элементінің пайдаланылу дәрежесін білдіретін үш топқа бөлуге болады.

Бірінші топқа еңбек өнімділігі жатады. Ал еңбек өнімділігін ұлттық табыстың, жалпы өнімнің жұмыс істейтін әрбір адамға шаққандағы мөлшерімен өлшеуге болады. Сондай-ақ еңбек ақының (бұған әртүрлі сыйлықтар да қосылады) бір сомы есебінен өндірілген өнім мөлшерін де осы топқа жатқызуға болады.

Екінші топ негізгі өндірістік қорлардың өтелуін бейнелейді. Бұл қорлар: біріншіден, ұлттық табыстың, өндірілген жалпы және өткізілген өнімнің осы қорлардың жылдық орташа құнына қатынасы ретінде, екіншіден, пайданың осы қорларға қатынасы ретінде есептелуі мүмкін. Бірінші көрсеткіш — қорды өтеу, екіншісі — рентабельділік деп аталады.

Үшінші топқа еңбек құрал-жабдықтарын немесе айналым қорларын пайдалануды бейнелейтін көрсеткіштер кіреді. Бұл көрсеткіштердің көрнектісі — нормалы айналым қорының жылдық орташа құнының пайдаға қатынасы ретінде есептелетін айналым қорларының рентабельділігі. Кәсіпорындардың жаңа жүйе бойынша жұмыс істеуіне орай пайда күйіндегі негізгі және айналым қорларын өтеу қоса есептеліп, өндіріс рентабельділігі деп аталуда. Ал талдау мақсаты үшін бұл қорлардың пайдалану дәрежесін дербес есептеген дұрыс. Сондай-ақ бұл топқа айналым қаржыларының айналмалылығы, өндірілген ұлттық табыстың немесе жалпы өнімнің бір сомына шаққандағы материалдық шығындардың мөлшері сияқты көрсеткіштер де кіреді.

Өнімнің өзіндік құны — ерекше көрсеткіш. Мұнда шикізат пен материалдың жұмсалуды, жалақы, негізгі қорлардың өтелу құны (амортизация) сияқты шығынның барлық түрі бейнеленеді.

Өндірістің тиімділігін көрсеткіштер жүйесімен анықтау кейде қайшы қорытындыларға да соқтырады: еңбек өнімділігі қорды өтеудің төмендеуі нәтижесінде өсіп, өнімнің өзіндік құнының жалақыны үнемдеу арқылы кемітілуі де мүмкін, бірақ ол өтеу құны есебінен қымбаттап кетеді. Бұл жерде өндіріс тиімділігін анықтауға қатысатын көрсеткіштер өзгеруінің түрліше бағыттағы тенденцияларын байқау қиын емес: бір жағдайда үнемделген қаржы екінші бір жағдайда шығынның көбеюіне жол ашуы мүмкін. Мұндай кезде мол шығынның орнын үнемделген қаржы өтеп жатса өндірісті тиімді деп санауға болады. Мәселені шешудің бір жолы осындай. Өндірістің тиімділігін анықтаудың екінші жолы — адам еңбегі мен затқа айналған еңбекке қоса жұмсалған шығынды қол жеткен нәтижелермен салыстырып анықтау. Бұл ретте де кейбір методологиялық қиындықтар кездесетіні сөзсіз.

Өндірістің абсолюттік және отноcительдік тиімділігін айыра білген жөн. Жұмсалған шығынды анықтау нәтижесінде алынған көлем абсолюттік тиімділік деп аталады. Егер осы көлемді жобадағы мәліметтермен салыстырғанда немесе құрылымы тектес және номенклатурасы бірдей өнім шығарушы екі кәсіпорынның абсолюттік тиімділігін салыстырғанда шығатын нәтиже отноcительдік тиімділік болады. Мұндай салыстыру талдау жасау үшін қажет және ол өндіріс резервтерін жіті табуға мүмкіндік береді.

Өндірістің тиімділігін арттыру — тек экономикалық проблема ғана емес, сонымен бірге әлеуметтік проблема да. В. И. Ленин өндіргіш күштерді дамытудың басты факторы өндіріс әдісінің сипатына байланысты деп ескертті. Владимир Ильич капитализм тұсындағы, әсіресе оның империалистік даму дәуіріндегі өндірісті ұйымдастырудың әлеуметтік-экономикалық салдарын терең талдай отырып, өндіріс құрал-жабдықтарына қоғамдық меншік орнаған шақта ғана өндірістің экономикалық тиімділігін шексіз арттыруға

болатынын дәлелдеді. Қоғамдық шаруашылықты осындай жүйемен ұйымдастырғанда өндірістің мақсаты түбірінен өзгереді. Сонда ғана өндірістің тиімділігі жеке меншік иелерінің бас пайдасы үшін емес, барлық еңбекшілердің өскелең талаптарын толық қанағаттандыруға бағытталатын болады. Мұның өзі еңбекшілерді халық шаруашылығын неғұрлым тиімді өркендетуге мүдделі етеді. Егер бұған социализмнің күллі қоғамдық өндірісті жоспарлы түрде жүргізуге шексіз мүмкіндіктер ашатынын қоссақ, социализмнің қоғамдық өмірдің барлық саласында капитализмнен зор артықшылығы айқын көрінеді.

Совет Одағы экономикасының қарышты қарқынмен өскенін үздік дамыған капиталистік ел АҚШ-пен салыстыру арқылы байқауға болады. Мысалы, 1951—1968 жылдар ішінде СССР-дің ұлттық табысы жыл сайын орташа есеппен 8,8 процент өссе, АҚШ-та 3,75 процент қана өсті. Осындай қарышты қадам біздің елімізге Американы ұлттық табыстың көлемі жағынан басып озуға жағдай жасады.

Өндірісті ұйымдастырудың социалистік әдісінің артықшылығы патшалы Россияның бұрынғы шеткері аймақтарының бірі Қазақстан экономикасынан айқын көрінеді. Республика экономикасының өркендеу қарқыны күшті. Мысал үшін Қазақстан өнеркәсібінің 1969 жылы 1 ай 12 күн ішінде бүкіл 1950 жылы өндірілген өнімді бергенін айтсақ та жеткілікті. Қазақстан 1969 жылы 1950 жылғы өндірілген мұнайды 1 ай 12 күнде, көмірді 3 ай 2 күнде, болатты 1 айда, цементті 1 айға жетпейтін мерзімде, былғары аяқ киімді 1 ай 10 күнде шығарды. Ал 1950 жылы Қазақстан өнеркәсіп өнімін 1913 жылмен салыстырғанда 18 есе артық өндіріп, соғысқа дейінгі және соғыстан кейінгі бесжылдықтарды ойдағыдай орындап, жоғары көрсеткіштерге жеткен еді.

Бұл мысалдар — республика экономикасын өркендету жылдан жылға жедел қарқынмен дамып келе жатқан ғылыми-техникалық прогресс негізінде жүргізіліп отырғанының айғағы. Кейбір кемшіліктерге қарамастан жыл сайын өндіріске ғылым мен техника жетістіктерін енгізудің өрісі кеңейе түсуде.

Кемеңгер көсеміміз В. И. Ленин қол жеткен табысқа масаттанып қалмастан, әлі де болса шешілмеген мәселелерге баса назар аударып, жаңа жеңістерге жетуді көздеу қажет деп үйреткен еді. Экономикада қол жеткен тамаша табыстар шығар биігіміздің шегі емес екенін, олар әлі республика өнеркәсібінің ұлан-ғайыр мүмкіндіктеріне сай келмейтінін өмірдің өзі көрсетіп отыр. Кәсіпорындарда еңбек шығындары көп, негізгі өндірістік қорлардың бір сомына шаққандағы ұлттық табыстың кеміп кетуіне жол берілгендіктен өндірістің тиімділігі ойдағыдай болмай келеді.

Өндірістің экономикалық тиімділігін арттырудың екі түрлі әдісі бар: ол әкімшілік және экономикалық әдістер. Бұрын әкімшілік әдісі қолданылатын еді, енді шаруашылық реформасына байланысты оның қажеті жоқ, шаруашылыққа экономикалық әдіспен басшылық жасау керек деген сөздер жиі айтылады. Реформаға дейін бұл әдістердің екеуі де қолданылып келгені, қалыптасқан жағдайларға байланысты әкімшілік әдісі басымырақ қолданылу салдарынан кейбір кемшіліктерге жол берілгені жұртқа аян.

КПСС Орталық Комитетінің сентябрь (1965 ж.) Пленумы экономикаға басшылық жасаудың экономикалық әдістерінің аса зор маңызын атап көрсетті. Кәсіпорындарда қызметкерлерді өндіріс нәтижесіне ынталы ету принциптерін кең енгізу бүкіл экономикалық жұмыстың арқауына айналды. Алайда бұл өндірістің тиімділігін арттыруға әкімшілік шаралары мүлде қолданылмайды деген сөз емес. Біздің ойымызша, қажетті кезде әкімшілік әдісін де қолдана беруге болады. Мәселен, жұмыстың бағдары дұрыс белгіленіп, реформа принциптері дәл қолданылып отырғанда кәсіпорын өндірісті дамытудың қажетті қарқыны мен сәйкестікті қамтамасыз ете алмаса, әкімшілік шараларын қолданудан қашпау керек.

Өндірістің тиімділігін арттырудың қайнар бұлағы қандай? Оның ең негізгі көзі — тірі еңбек пен затқа айналған еңбек. Жұмыс уақытын дұрыс

пайдалануды К. Маркс коллективтік өндірістің бірінші экономикалық заңы деп есептеген болатын. Біздің елімізде бұл салада едәуір табыстарға қол жетті. Мұны дәлелдеу үшін СССР өнеркәсібінде еңбектің сағаттық өнімділігі (жұмыс күнінің қысқарғанын есепке алғанда) 1968 жылы 1913 жылмен салыстырғанда шамамен 23 есе өскенін айтсақ та жеткілікті. Үстіміздегі бесжылдықта еңбек өнімділігі одан әрі арттырылады. Егер өнеркәсіптің орташа жылдық өсу қарқыны 1964—1965 жылдары 4,6 процент болса, ал 1966—1968 жылдары ол 5,6 процентке жетті. Революцияға дейінгі Россияда өнеркәсіпте еңбек өнімділігі Америкадағыдан 9 есе кем болатын. Қазір біздегі еңбек өнімділігінің дәрежесі АҚШ-тағы еңбек өнімділігі дәрежесінің 50 процентіне жетіп, басқа дамыған капиталистік елдердің дәрежесінен асып түсті. Еңбек өнімділігін арттыруда Қазақстан өнеркәсібі үнемі өрлеу үстінде. Мысалы, 1968 жылы 1940 жылмен салыстырғанда бұл көрсеткіш 3,7 есе өсті.

Соңғы жылдары жұмыс уақытын босқа кетіруге жол берілмегенде табыстарымыз бұдан да қомақты болар еді. Кейбір кәсіпорындарда еңбекті ұйымдастыру мен автоматтандырудың дәрежесі төмен, механизмдер нашар пайдаланылады. Мұның өзі экономиканы дамытуға кедергі жасайды.

Қазақстанның өнеркәсібі барған сайын осы заманғы техникамен жарақтануда. Қазір Қазақстан негізгі қорларды жаңарту жөнінде еліміздің алдыңғы қатарында. Бірақ бұл қорлардың есесін қайтару әлі де мәз емес. Республика өнеркәсібінде 1969 жылы 1965 жылмен салыстырғанда қорды өтеу 10 процент кеміді. Әсіресе негізгі қорларды пайдалану дәрежесі облыстарда төмен. Жоғарыда аталған мерзімде қор есесін өтеу Ақтөбе облысында 42 процент, Қызылорда облысында 48 процент төмендеді. Мұндай кемшіліктер Орал, Целиноград, Көкшетау облыстарында да бар.

Өндірісті одан әрі дамыту және оны тиімділікпен жүргізу реформа принциптерін дұрыс пайдалануды қажет етеді. Қазіргі кезде материалдық жағынан ынталандыру барлық жерде бірдей өндірістің тиімділігін арттыруға байланысты жүргізілмей отырғанын жасыруға болмайды. Сондықтан да жалақының орташа өсімі еңбек өнімділігінің өсуінен асып түсіп жүр. Бұл ескеретін жай. Халық шаруашылығында экономикалық байланыстардың күрделіленуі, шаруашылықты өркендету жағдайларының жан-жақтылығы, сан салалылығы, экономикалық әдістерге есептеу техникасын пайдалану ендігі жерде басшылардан жұмыс нәтижесін дер кезінде талдап, қорыта білу, шебер шешім қабылдау, болашақты бағдарлай білу, жаңалық атаулыны қастерлей білу секілді жаңа қасиеттерді игеруді талап етуде.

Шаруашылықты жүргізудің жаңа жүйесі өндірістің тиімділігін арттыруға оңтайлы жағдай жасап отыр. Алайда барлық проблема өз-өзінен шешіле қалмақ емес. Сол себептен де кәсіпорындардың, министрліктер мен ведомстволардың экономист мамандары, шаруашылықтың барлық буындарының басшылары экономикалық білімді терең меңгеріп, өндірісті өркендету тенденцияларын тез іліп алып, өмір туғызып отырған талаптарды жедел де білгірлікпен шешіп отыруға қатысулары керек. Табыс тетігі тек осында ғана.

Т. ӘШІМБАЕВ,

Қазақ ССР Ғылым академиясының корреспондент мүшесі,
экономика ғылымының докторы, профессор.

МИЛЛИОНДАРДЫҢ РАДИОУНИВЕРСИТЕТІ

Бұқараны маркстік-лениндік біліммен қаруландырып, оның саяси саналылығын, еңбектегі белсенділігін арттыруда радионың мүмкіндіктері мол. Мұны Қазақ радиосы бірнеше жылдан бері жоспарлы түрде жүргізіп келе жатқан «Миллиондардың лениндік университеті» атты радиофакультеттің хабарларынан айқын аңғаруға болады.

Радиофакультет жұмысының өзегі де, арқауы да коммунистік құрылысты жүзеге асырудың қазіргі кезеңдегі негізгі міндеттерін еңбекшілерге табандылықпен терең түсіндіру, насихаттау, оның көкейтесті проблемаларын ойдағыдай шешуге көмектесу болып отыр. Бұл жөнінде тындырған істеріміз аз емес. Әсіресе В. И. Лениннің туғанына жүз жыл толу мерекесіне әзірлік кезінде насихаттың көптеген жаңа, тиімді формалары пайда болды. Радио арқылы «Лениндік оқу» ұйымдастырылып, лениндік идеялар кең насихатталды. Ленинизмді творчестволықпен насихаттау, В. И. Ленин шығармаларын, партияның документтерін терең, жете оқып үйренуді ұйымдастыру алдағы уақытта да совет адамдарына идеялық тәрбие берудегі басты шаралардың бірі болмақ.

КПСС Орталық Комитетінің 1969 жылғы декабрь Пленумы мен 1970 жылғы июль Пленумының шешімдерінде ғылыми-техникалық прогресті кең өрістетіп, өндірістің экономикалық тиімділігін арттыру, өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығы өндірісін интенсивтендіру жөнінде аса маңызды шаралар белгіленді. Жаңа саяси оқу жылында маркстік-лениндік білім беру жүйесінде партияның экономикалық саясатының аса маңызды мәселелерін оқып үйренуге ерекше назар аударылмақ. Осыған байланысты радиофакультетіміз «КПСС-тің қазіргі кезеңде-

гі экономикалық саясаты» дейтін 32 сағаттық жаңа курспен толықтырылды. Партия оқуының жоғары буыны тыңдаушыларына арналған радиосеминардың тақырыбы едәуір кеңіді. Семинар тыңдаушыларына «Ғылыми-техникалық революцияның әлеуметтік-экономикалық әсері», «Өндірісті интенсивтендіру — СССР халық шаруашылығын өркендетудің басты бағыты» сияқты экономика саласындағы көкейтесті проблемаларды кеңінен насихаттау радиофакультеттің басты міндеті.

Атап өтетін бір жәйт, жаңа оқу жылында ғылыми коммунизмнің маңызды мәселелерін жете оқып үйренуге ерекше назар аударылып отыр. Осыған сәйкес біздегі коммунистердің жалпы теориялық даярлығын арттыру үшін ұйымдастырылған радиофакультет «Ғылыми коммунизмнің аса маңызды проблемалары», «Ленинизм және дүние жүзілік революциялық процесс» мәселелеріне арналған әңгімелер өткізіп келеді. Сондай-ақ коммунистік құрылыстың, халықаралық коммунистік және жұмысшы қозғалысының, қазіргі идеологиялық күрестің проблемаларын талдап түсіндіретін көптеген материалдар саяси оқу тыңдаушыларына үлкен көмек көрсетіп, жөн сілтейді. Радиофакультеттің насихатшылары ғылымның әр саласындағы білікті мамандар, психологияның, логика және педагогиканың нақты тұжырымдарымен қаруландырылған шебер ұстаздар. Сонымен қатар олар марксизм-ленинизмді пәрменді насихаттауда ғылым мен мәдениет жетістіктерін тарихи тәжірибе мен күнделікті практиканы шеберлікпен ұштастыра пайдаланып жүрген ғалымдар.

Б. ДӘУЛЕТБАЕВ.

КОММУНИЗМНІҢ НҰР ШҰҒЫЛАСЫ

(ГОЭЛРО жоспарына 50 жыл)

Ә. КӘКІМЖАНОВ,

экономика ғылымының кандидаты

Коммунистік партия елімізде социалистік құрылыс ісін қолға алғанда В. И. Лениннің ғылым мен техниканың ең жаңа жетістіктеріне негізделген халық шаруашылығының барлық саласындағы жоғары дәрежеде дамыған индустриялық өндіріс қана социализмнің материалдық базасы бола алады деген нұсқауына сүйенді. Негізгі өндіріс құрал-жабдықтарын қоғамдастыру міндетінің шешілуіне қарай, деп көрсетті В. И. Ленин, «капитализмге қарағанда жоғары қоғамдық уклад жасаудың негізгі міндеті, атап айтқанда: еңбек өнімділігін арттыру, ал соған байланысты (және сол үшін) еңбекті жоғары дәрежеде ұйымдастыру міндеті қажетті түрде ең бірінші кезекке қойылады» (Шығармалар, 27-том, 249-бет).

Социализмнің мақсатына орай еңбек өнімділігін арттырудың кілті— ауыр индустрияны өркендетуде, елді электрлендіруде. Капитализм заманының тууы және оның кемеліне келіп дамуы бу қуатының өркендеуіне байланысты болса, социализм заманының туып, дамуы электр қуатына байланысты екенін В. И. Ленин айқын көрсетіп берді. Ол: «Коммунизм дегеніміз Совет өкіметі және бүкіл елді электрлендіру» деді.

В. И. Ленин бастаған Коммунистік партия өкімет билігін өз қолына алғаннан кейін, азамат соғысының қиыншылықтарына қарамастан елде социализм орнату мәселелерімен шұғылдана бастады. Дүниедегі тұңғыш социалистік мемлекеттің басшысы В. И. Ленин ел экономикасын өркендетудің өзекті мәселелерін зерттеп, тиянақты жолдарын көрсетті. Оның ерекше көңіл бөлген мәселесі елді электрлендіру болды. Ол Бүкіл россиялық X партия конференциясында: «Ресурстарымызды нығайту үшін, социалистік қоғамды орнату үшін керекті нағыз және бірден-бір база бір ғана, тек бір ғана ірі өнеркәсіп. Капиталистік ірі фабрикасыз, жоғары дәрежеде өркендеген ірі өнеркәсіпсіз тегінде социализм туралы әңгіменің де болуы мүмкін емес және ол туралы әсіресе шаруа елі жөнінде әңгіме аз болуы мүмкін, ал Россиядағы біздер мұны бұрынғыдан да гөрі анағұрлым нақты біліп отырмыз, сөйтіп, ірі өнеркәсіпті қалпына келтірудің анық емес немесе дерексіз формасының орнына біз қазір анықталған, дәл есептелген, нақтылы электрлендіру жоспары туралы әңгіме етіп отырмыз» (Шығармалар, 32-том, 434-бет) деді.

1920 жылғы 22 декабрьде болған Советтердің Бүкіл россиялық VIII съезі В. И. Лениннің ұсынысы бойынша Россияны электрлендірудің мемлекеттік жоспарын қабылдады. Ол ГОЭЛРО жоспары деген атпен тарихқа енді. Бұл жоспар бойынша 10—15 жыл ішінде 20 жылу және 10 су электр станциясын салу, сөйтіп электр станциясының жалпы қуа-

тын 1750 мың киловатт-сағатқа жеткізу көзделді. Россияда 1913 жылы 2 миллиард киловатт-сағат электр қуаты өндірілген болса, ГОЭЛРО жоспары орындалғанда 8,8 миллиард киловатт-сағат электр қуаты өндірілмек болды. Елді электрлендіру жоспары осы айтылғандармен ғана тынған жоқ. Жоспарда электр қуатын және табиғат байлығын пайдаланудың, озат техниканы, технологияны енгізудің, өндірісті ұйымдастырудың негізінде жаңа өндіргіш күштерді жасаудың басты бағыты белгіленді. Бұл жоспарда алға қойылған міндеттер:

— Электр қуаты негізінде халық шаруашылығын техникамен қайта жабдықтау.

— Ауыр индустрияның басым қарқынмен өркендеуін қамтамасыз ету.

— Электр қуатын өндіру үшін отын және су қорларын неғұрлым мол пайдалану.

— Аудандық электр қуаты жүйелерін құру және оларды бір-бірімен байланыстыру.

— Темір жолды және ауыл шаруашылығын электрлендіруге бағыт алу.

— Өнеркәсіпті социалистік принцип негізінде, социализм құрылысы ісіне тиімді түрде орналастыру.

Қысқасы, бұл жоспарда Коммунистік партияның түбірлі мақсаты — социализмді нығайтуға бағытталған саяси, экономикалық және әлеуметтік міндеттер алға қойылды. В. И. Ленин айтқандай, елді электрлендіргенде ғана, өнеркәсіптің, ауыл шаруашылығының және транспорттың осы заманғы ірі өнеркәсіптік базасын жасағанда ғана біз біржола жеңіп шыға алатын едік. Елді электрлендірудің лениндік жоспары социализм іргесін қалаудың дүние жүзіндегі бірінші ғылыми жоспары болды. Бұл жоспарға кеменгер көсеміміз ерекше мән беріп, оны Коммунистік партияның екінші программасы деп атады.

ГОЭЛРО жоспары бойынша өнеркәсіптің бірінші дүние жүзілік соғыс алдындағы дәрежесін қалпына келтіріп қана қоймай, оның жалпы өнімін екі есе арттыру көзделді. Бұл жоспардың орындалуы ел экономикасының одан әрі күшті қарқынмен өркендеуіне жол ашатын еді.

ГОЭЛРО жоспарын жасауда және оны жүзеге асыруда Коммунистік партияға көп қиыншылықтарды жеңуге тура келді. Троцкий және сол секілді сарыуайымшылдар: басқа елдерде социалистік революция жеңіп шықпайынша, Европада реакциялық құрылыс сақталып тұрғанда Россияда социализм орнату, батыл экономикалық өзгерістер жасау үмітсіз нәрсе деп ауыр индустрияны, оның ішінде электрлендіру жұмысын жүргізуге мүлдем қарсы болды. Елді электрлендіру жөнінде Рыковтың да ұстаған жолы теріс еді.

Советтік Россия азамат соғысы тұсында сұрапыл күйзеліске ұшырады. Күйзеліс барған сайын асқына түсті. Өндіріске шикізат та, отын да жетпеді. Энергетиканың күйзелгені сонша, электр станцияларының қуаты соғыстан бұрынғы дәрежеден бірнеше есе кеміп кетті.

Осындай қиыншылықтарға қарамастан кеменгер көсеміміз және Коммунистік партия жұмысшы табының, барлық еңбекшілер бұқарасының революциялық жігеріне, бұлардың жаңа өмір орнатуға деген ынта-ықыласына берік сенді. Партия елді электрлендіру жоспарын жүзеге асыруға бағытталған саяси-ұйымдастыру жұмыстарын өрістетті.

Коммунистік партияның данышпандық басшылығы мен совет халқының жігерлі еңбегі арқасында елді электрлендірудің лениндік жоспары асыра орындалды. 15 жыл өткеннен кейін, 1935 жылғы қорытынды бойынша өнеркәсіптің жалпы өнімі 3 есе, аудандық электр станцияларының қуаты 2,6 есе, көмір шығару 1,7 есе, мұнай өндіру 2 еседей, темір рудасын шығару 1,4 есе, шойын қорыту 1,5 есе, болат қорыту 2 есеге жуық, алюминий қорыту 2,5 есе асыра орындалды. 15 жылдың ішінде еліміз өнеркәсіп пен электр қуатының дәрежесі жағынан дүние жүзіндегі озат елдердің қатарына қосылды. 1940 жылдың қорытындысында 1913

жылғы дәрежемен салыстырғанда СССР өнеркәсібінің жалпы өнімі 12 есе, машина жасау 50 есе, электр қуатын өндіру 25 есе өсті. Бұл социализмнің материалдық-техникалық базасын жасау жолындағы тарихи жетістік еді. Жоспардың асыра орындалуы арқасында өнеркәсібіміз осы заманғы машиналар мен техниканың қандайын болса да, Отан қорғауға қажетті қару-жарақтың қандайын болса да өз күшімен өндіре алатын дәрежеге жетті.

Энергетиканың дамуын бүкіл индустрияның даму қарқынынан шапшаң жүргізіп отыру — партияның коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасау жолындағы күресінің лениндік сара жолы. Энергетика атаулының түр-түрінің ішінде электр қуатынан асатын ешқайсысы жоқ. Сондықтан да В. И. Ленин: «Электр қуаты бу күшінен арзан, оның артықшылығы — оны ұсақтап бөлуге болады, оны аса алыс жерге өте оңай жеткізуге болады, электр күшін пайдаланған кезде машинаның жүрісі неғұрлым дұрыс және неғұрлым тыныш болады, сондықтан оны астық бастыруға да, егін айдауға да, мал саууға да, малға беретін шөпті турауға да және басқаларға да пайдалану әлдеқайда тиімді болмақ» (Шығармалар, 5-том, 143-бет) деп атап көрсетті.

Көсем нұсқауын жүзеге асыра отырып, совет халқы еліміздің энергетикалық байлығын молайта түсуде. 1969 жылы елімізде 686 миллиард киловатт-сағат электр қуаты өндірілді. Соның нәтижесінде Совет Одағы электр қуатын өндіруде Европада бірінші, дүние жүзінде екінші орынға шықты. Россия революциядан бұрын электр қуатын Англия, Германия, Франция сияқты елдердің қайсысынан да кем өндірген болса, қазір Совет Одағы электр қуатын Англиядан 3 есе, Батыс Германиядан 3,2 есе, Франциядан 5,2 есе артық өндіреді.

Совет Одағында, әсіресе республикаларында электрлендіру ісі ерекше қарқынмен жүргізілуде. Мысалға Қазақстанды алуға болады. Қазір ол жаппай электрленген республикаға айналып отыр. Республикада 1969 жылы 30,7 миллиард киловатт-сағат электр қуаты өндірілді. Бұл патшалы Россияда 1913 жылы өндірілген электр қуатынан 15 есе артық. Қазір Қазақстан Австрия, Португалия, Түркия сияқты елдерді қосып алғанда, электр қуатын солармен бірдей өндіреді. Электр қуатының жалпы өнімін жан басына шаққанда республикамыз Израиль, Испания, Италия сияқты елдерді басып озып, Греция мен Португалиядан 2,5—3 есе, Түркиядан 10 есе асып түсіп отыр.

Елімізде электр станцияларын салу коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасауға сай жүргізілуде. Соңғы бесжылдықта жыл сайын қуаты орта есеппен он екі миллион киловатт-сағаттық жаңа электр станциялары салынды. Қазір Совет Одағында бір күнде бүкіл патшалы Россияда бір жылда өндірілген электр қуаты өндіріледі.

Электр станцияларының ішінде бу электр станцияларының алатын орны ерекше. Жалпы электр қуатының төрттен үшін осы станциялар өндіреді. Приднепр, Конаков, Қазақстандағы Ермак бу электр станциялары дүние жүзіндегі ең ірі станциялар. Мұндай станцияларды көбейтуде Екібастұз кенінің атқарып отырған ролі елеулі. Екібастұзда жаңа бесжылдықта салынатын ГРЭС-тің қуаты төрт миллион киловатт-сағатқа жетпек.

Электр қуатын өндіруде су байлығын пайдаланудың маңызы зор. Су электр станцияларының ең ірілері де біздің елде. Волга бойындағы электр станциялары, Ангара өзеніндегі Братск, Красноярск, Қазақстандағы Бұқтырма және Өскемен сияқты қуатты су электр станциялары барша жұртқа мәлім. Алматы маңында салынып жатқан Қапшағай су электр станциясының аяқталуы астанамыздың энергетикалық балансына шешуші үлес қоспақ.

Еліміздің электр қуатын қарыштап өсіруде атом қуатының келешегі өте зор. Уран немесе плутоний сияқты радиоактивті заттардың қуаты

орасан күшті. Бұлардың бір килограммының беретін қуаты екі мың тонна көмірдің беретін қуатына тең.

Дүние жүзіндегі алғашқы атом электр станциясы Совет Одағында 1954 жылы іске қосылғаны мәлім. Қазір жер шарында 80 атом электр станциясы жұмыс істейді. Олардың жалпы қуаты 15 миллион киловатт-сағаттан асады. Қәдімгі электр станциялары салына бастағаннан бері олардың жалпы қуаты мұндай дәрежеге жетуі үшін бір ғасыр керек болғанын еске алсақ, мұның зор табыс екенін көреміз. Еліміздегі Обнинск, Белоярск және Нововоронеж атом электр станциялары — дүние жүзіндегі ең ірі электр станциялары. Атом электр станцияларының қуаты келешекте де мол пайдаланылмақ.

Мұндай атом электр станцияларының жұмысы нейтронды реакторларға негізделеді. Бұл реакторлардың керемет артықшылығы олар уран — 238 және торий — 232 арқылы да жұмыс істей береді. Мұның өзі осындай электр станциялары пайдаланатын отын көзі сарқылмайды деген сөз. Мұндай электр станциясы дүние жүзінде тұңғыш рет Ульянов облысындағы Мелекесс қаласында, Маңкыстау түбегіндегі Шевченко қаласында салынып, іске қосылды. Шевченко атом электр станциясының қуаты күшті. Мұндай электр станциясы әзірге дүние жүзінде еш жерде жоқ. Ал Уралда салынып жатқан станцияның қуаты одан да зор. Шевченко мен Уралдағы атом электр станциялары алдағы бесжылдықта елімізде жаппай салынатын өнеркәсіптік маңызы бар ірі-ірі электр станцияларының үлгісі болмақ. Өнеркәсібіміз осындай электр станцияларына қажетті жабдықтарды көптеп өндіре бастады. Сөйтіп келешекте атом электр станцияларын салу ісі кең өріс алмақ.

Электр станцияларын салу көптеген шаруашылық мәселелерін қоса шешуге көмектесуде. Мысалы, бұл электр станциялары салынған жерлерде өнеркәсіп пен тұрғын үйлерді жылыту қоса жүргізілуде. Су электр станцияларын салу жерді суландыруға септігін тигізуде. Осы күні Совет Одағындағы су электр станциялары салынған өзендердің алқаптарындағы суарылатын жер көлемі 1,2 миллион гектардай. Сонымен қатар көптеген электр станциялары салынған өзендерде кеме қатынасы жақсарып отыр. Атом электр станциялары теңіз суын тұщыландыру үшін пайдаланылуда. Мысалы, Шевченко қаласындағы атом электр станциясы осындай өте маңызды жұмысты қоса атқаруда.

Электр станцияларын көптеп салу және олардың жалпы қуатын арттыру партияның коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасау жолындағы күресінің сара жолы болып отыр. Биыл елімізде 740 миллиард киловатт-сағат электр қуаты өндірілмек. Алдағы бесжылдықта электр қуатын тұтыну жан басына шаққанда 1970 жылғымен салыстырғанда 1,4 есе, ал 1980—1982 жылдары 2,2 есе өспек.

Елдегі күллі энергетика жүйелерін біріктіру — елді электрлендірудің лениндік принциптерінің басты шарты. Қазір еліміздің европалық және Урал алқаптарындағы елуден астам ірі-ірі станциялар СССР-дің бірыңғай энергетика жүйесіне біріктірілген. Бұл бірыңғай жүйенің жалпы қуаты жүз миллион киловатт-сағат. Мұндай энергетикалық жүйе дүние жүзінің бірде-бір елінде жоқ. Болашақта Совет Одағының территориясын түгел қамтитын бірыңғай энергетикалық жүйе жасалмақ. Бұл жүйе еліміздің Шығысындағы мол электр қуатын Совет Одағының европалық бөлегіне үздіксіз жеткізіп тұратын болады. Бұл мәселе ойдағыдай шешіліп те келеді. 1959 жылдан бастап қуаты 220—500 киловольттік желілер бірінен соң бірі іске қосылып жатыр. Америка Құрама Штаттары мұндай желіні тұңғыш рет тек 1964 жылы ғана игерді. 1967 жылы қуаты 750 киловольттік Москва — Қонаково желісі іске қосылған болатын. 1969 жылы еліміздің оңтүстігінде қуаты осындай 1100 километрлік желі тартыла бастады. Екібастұздан Тамбов қаласына дейін ұзындығы 2700 километрлік осындай желі тартылмақ. Бұл желінің қуаты 1500 киловольт. Бұл дүние жүзіндегі теңдесі жоқ электр желісі бол-

мак. Елімізді түгел шарлайтын электр жүйесі туысқан социалистік елдерге де электр қуатын жеткізбек.

Коммунистік партия өзінің экономикалық саясатында ғылым мен техниканың жетістіктерін барынша пайдалану, қоғамдық өндірісті тиімді дамыту, еңбек өнімділігін арттыру, ауыл шаруашылығын өркендету, осының негізінде халықтың тұрмыс жағдайын жақсарту, барлық совет адамдарының материалдық және мәдени қажетін бұрынғыдан да гөрі толық қанағаттандыру бағытын ұстап отыр. Еліміздегі коммунистік құрылыстың барысында осы заманғы ғылыми-техникалық революцияның жетістіктері кеңінен пайдаланылуда.

Энергетиканы дамытып, оны осы заманғы ғылыми-техникалық өзгерістің талаптарына сай пайдалану үшін адамдарымыздың да білімі мен мамандығы жоғары болуы керек. В. И. Ленин 1920 жылғы 2 октябрьдегі «Жастар одақтарының міндеттері» деген тарихи сөзінде былай деген болатын: «Сіздердің алдарыңызда бүкіл елімізді шаруашылық жағынан өркендету міндеті, егіншілікті де, өнеркәсіпті де қазіргі замандағы ғылымға, техникаға, электрге сүйенген қазіргі техникалық негізге салып, қайта құру, қалпына келтіру міндеті тұр. Сауатсыз адамдар электрлендірудің маңына бара алмайды, бұған жай сауаттылықтың бір өзі де жеткіліксіз екенін сіздер өте жақсы білесіздер. Бұл жерде электрдің не екенін ұғыну жеткіліксіз; электрді өнеркәсіпке де, егіншілікке де, өнеркәсіппен егіншіліктің жеке салаларына да техника жағынан қалай қолданудың ретін білу керек. Осыны өздеріңіз үйреніп алуларыңыз керек. Осыны жаңа өспірім еңбекші ұрпақтың бәріне үйретулеріңіз керек» (Шығармалар, 31-том, 290-бет).

Коммунистік партия мен лениндік комсомол көсеміміздің осы нұсқауларын ойдағыдай орындап шықты. Елімізді электрлендірудің келелі міндеттерін жүзеге асыру нәтижесінде халқымыздың техникалық мәдениеті көтерілді, энергетиканың күрделі мәселелерін шеше алатын сан мыңдаған инженер-техниктер, ғалымдар, мамандар өсіп жетілді.

Елді электрлендіруде орасан зор жұмыстар істелді. ГОЭЛРО жоспарын бекіткен Советтердің VIII съезінде В. И. Ленин былай деген еді: «...Егерде Россияға электр станциялары, күшті техникамен жабдықталған орындар мол жайылатын болса, онда біздің коммунистік шаруашылық құрылысымыз болашақ социалистік Европа мен Азияға үлгі болмақ» (Шығармалар, 31-том, 536-бет).

Кеменгер көсеміміздің айтқаны келді. Совет Одағының социалистік индустриясы мен энергетикасы тәуелсіздік және социализм жолында дамушы елдердің бәріне үлгі болып отыр. Совет Одағының көмегімен салынған Польшадағы В. И. Ленин атындағы Нова Гута металлургия комбинаты, СССР — Европа мұнай құбыры, Біріккен Араб Республикасындағы Асуан плотинасы, Индиядағы Бхилай металлургия комбинаты және солар сияқты толып жатқан кәсіпорындар мен электр станциялары достықтың куәсі болуда.

Елді электрлендіру Совет Одағында социализм орнатудың құдіретті құралы болды. Электрлендірудің маңызы коммунизм құрылысы тұсында да арта түспек. Партия программасында айтылғанындай, коммунистік экономика құрылысының өзегі болып табылатын электрлендіру ісі халық шаруашылығының барлық салаларын өркендетуде, қазіргі заманғы бүкіл техникалық прогресті қамтамасыз етуде жетекші роль атқаруда.



ҮНЕМДЕЙ БІЛГЕН ҰТАДЫ

Коммунистік партия еліміздің экономикалық өміріне басшылық жасаумен қатар совет адамдарының назарын әрдайым өндіріс резервтерін мейлінше толық пайдалану мәселесіне аударып, еңбекшілер бұқарасын шаруашылықты үнемді де ұтымды жүргізу жолындағы күреске жұмылдыруда.

Үнем тәртібін қатаң сақтау — социалистік құрылыстың ажырамас бөлігі, оның даму заңдылықтарының бірі. Сондықтан социалистік қоғамды өркендетуде еңбек шығынын, материалды және қаржыны мол үнемдеудің маңызы орасан зор.

Совет халқына арқа сүйеген Коммунистік партия еліміздің экономикалық дамуының барлық кезеңдерінде үнем тәртібін қатаң сақтау жөнінде берік бағыт ұстап, өнімсіз шығындарды жою үшін күресіп келеді. Себебі шаруашылықтың ішкі резервтерін іздеп тауып, іске қосу — өндіріс тиімділігін шұғыл арттыруға әсер ететін басты шарттардың бірі.

КПСС Орталық Комитетінің декабрь (1969 ж.) Пленумының шешімдерінде, сол секілді КПСС Орталық Комитетінің, СССР Министрлер Советінің, ВЦСПС пен ВЛКСМ Орталық Комитетінің «Халық шаруашылығында өндіріс резервтерін пайдалануды жақсарту және үнем тәртібін күшейту туралы» Хатында осынау түбегейлі мәселеге ерекше көңіл бөлінді. Бұл бағытта совет халқының алдында тұрған аса жауапты міндеттер айқындалды.

Мұндай маңызды шешім қабылдауда партияның Орталық Комитеті өнімсіз шығындарды жою жолындағы күресті шаруашылық құрылыстың барлық саласында мемлекеттік саясат дәрежесіне дейін көтеру қажет деген В. И. Лениннің нұсқауын басшылыққа алып отыр. В. И. Ленин: «Біз мынадай мемлекет орнату үшін тырысуға тиістіміз: бұл мемлекетте жұмысшылар шаруаларға басшылық ететін болуы керек, шаруаларды өздеріне сендіру керек және барынша үнемді болып, өздерінің қоғамдық қатынастарынан ысырапшылдықтың қандайының болса да ізін қалдырмай жоюы керек.

Біз өзіміздің мемлекеттік аппаратымызды мейлінше үнемшілдікке жеткізуге тиістіміз», — деп атап көрсеткен еді (Шығармалар, 33-том, 504-бет).

Осындай лениндік принциптерді жүзеге асыру — аса зор шаруашылық және саяси маңызы бар міндет. Мәселе шаруашылық жүргізудің шығынды мейлінше аз жұмсап, өндірістің тиімділігін көтеруге мүмкіндік беретін жүйесін ұйымдастыруда. Бұл үшін өндіріске ғылым мен техника жетістіктерін шұғыл енгізумен қатар өндірістік қуаттарды, материалдық және финанс ресурстарын ұтымды пайдалану керек. Әңгіме ең алдымен жұмыс уақытының әрбір минутын, шикізаттың, материалдар мен отынның әрбір грамын, халықтың табан ет, маңдай терімен тапқан қаржысының әрбір тиынын шашау шығармай, әрбір машина мен механизмге қатаң бақылау жасап отыруда.

«Қазір біздің экономикамызда ғылыми-техникалық революцияны жүзеге асырудан артық маңызды іс жоқ, — деді Л. И. Брежнев жолдас Қазақ ССР-і мен Қазақстан Компартиясының 50 жылдығына арналған салтанатты мәжілісте сөйлеген сөзінде. — Қоғамымызды дамытудың көптеген проблемаларын шешу осыған байланысты және бұл проблемалардың шешімі осыдан туады. Совет өнеркәсібі мен ауыл шаруашылығының әрбір басшысы, әрбір еңбеккері мұны түсінуге тиіс, ғылыми-техникалық

революцияны жүзеге асыруға белсене қатысуға, бұл революция қойып отырған талаптарды көре білуге тиіс».

Республика кәсіпорындарының, колхоздары мен совхоздарының коллективтері үнемшілдік жолындағы жорықта едәуір жұмыстар атқарып келеді. Олардың көбісінің биылғы мерекелі жылғы мерейлі істері, жаңа бесжылдықтың тапсырмаларын мерзімінен бұрын орындау жолындағы тамаша табыстары мұның айқын айғағы. Алайда бұл маңызды іске әлі де жеткілікті назар аударылмай отырғанын айтқан жөн. Кейбір шаруашылықтарда техникалық прогрестің жетістігін пайдалану тым баяу, үнем тәртібін сақтау да ойдағыдай емес. Қазіргі кезде ұлттық табысты көбейтудің 85 проценті мен өнім өндірудің сонша мөлшерін шығару еңбек өнімділігін арттыру есебінен жүзеге асырылуға тиісті. Сондықтан да еңбек өнімділігін арттыру мен өнімнің өзіндік құнын кеміту мәселесі — әрбір жұмысшының, колхозшының, маманның ерекше назар аударар төл ісі.

Өндірістің тиімділігін арттыру, ең алдымен, машиналар мен механизмдерді ұтымды пайдалануға, өндіріс қуаттарын жедел игеруге байланысты. Дегенмен техниканы пайдалануда әлі де кемшіліктер көп. Кейбір совхоздарда ауыл шаруашылығы машиналарын пайдалану техникалық мүмкіндіктерден анағұрлым төмен. Комбайндар мен тракторлар жұмысының маусымдық өнімділігі ғана емес, сменалық өнімділігі де ойдағыдай емес. Осы күнге дейін олардың көбісі бір сменада ғана жұмыс істейді. Жыл басында республика совхоздарындағы 5,2 миллион сомдық техниканың пайдаланылмай отырғаны белгілі болды. Мұндай техника саны кемудің орнына көбейіп бара жатқаны өкінішті. Әсіресе пайдаланылмай келе жатқан техника қоры Целиноград облысының Черняховский атындағы совхозында, Қостанай облысының «Притобольский» және «Қостанай комсомолы», Орал облысының «Восход» совхоздарында баршылық.

Тракторлар мен комбайндардың механизаторларға тұрақты бекітіліп берілмеуі салдарынан техниканың күтіміне, өнімді жұмыс істеуіне үлкен зиян келіп жүр. Тиісті адамға бекітіліп берілмеген техникаға жұрттың жауапсыз қарайтыны, оның бөлшектері кез келген уақытта тозып, құритыны түсінікті. Мәселен, Талдықорған облысының «Қарабөгет» совхозында осындай жағдай кездесті. Әлі жөндеу мерзімі жетпеген тракторларды көрінген механизатор мініп кете бергендіктен олар тез істен шығып, совхоз қайта жөндеуге 23 мың сом жұмсаған.

Біздің ойымызша, техниканы әкімшілік жолымен механизаторларға бекітіп бергенмен де оны тиімді пайдалану проблемасы егжей-тегжейлі шешілмейтін сияқты. Әкімшілік шараларына экономикалық ынталандыру шараларын да қосқан жөн. Техника жөндеуге бөлінген қаржыдан ауысқан ақшадан машинасын жақсы күткен механизаторларға сыйлық берілсе, олардың бұл іске деген ынтасы артар еді.

Республика колхоздары мен совхоздарында техниканы тиімді пайдалану жөнінде жинақталған тәжірибе мол. Сол тәжірибені кең таратқан кезде жаңа техника сатып алу үшін қыруар қаржыны үнемдеуге мүмкіндік туары сөзсіз.

Мал шаруашылығын механикаландырудың жайы да мәз емес. 1970 жылдың 1 июліне дейін сүт сауатын қондырғылардың тек 68 процентінің ғана пайдаланылғаны, механизм күшімен су берілетін қораларда бағылатын мал санының 18 процент қана өскені жұмысты өз дәрежесінде ұйымдастыра алмаудың салдары деп білу керек.

Ет, сүт және жұмыртқа өндіруді арттыру мен өнімнің өзіндік құнын кеміту мал шаруашылығының өнімділігін көтеруге тікелей байланысты. Соған қарамастан кейбір шаруашылықтар мал шаруашылығы мәселелерімен, әсіресе оны өркендетудің экономикасымен ойдағыдай айналыспай

келеді. Мал тұқымын асылдандыру жұмысы тым нашар. Биыл республиканың 25 совхозында төлдейтін малдың қысыр қалуынан келген зиян 1,5 миллион сомға жетті. Осындай шығындардың мөлшері Целиноград облысының «Максимовский», «Искра» және Аманкелді атындағы совхоздарында, Павлодар облысының «Ямышевский», Қарағанды облысының «Маржанкөл» совхоздарында өте көп.

Малды бордақылау мен жайып семіртуді дұрыс ұйымдастыру мал өнімдерін өндірудің үлкен резерві екенін Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті мен республика Министрлер Советі бірнеше рет атап көрсеткен болатын. Бұл іспен айналысатын әрбір бригадаға мемлекетке өткізілетін жекелеген ірі қараның салмағын 350 килограмға, қойдың салмағын 45 килограмға, шошқаның салмағын 100—120 килограмға жеткізу міндеті жүктелген еді. Амал не, кейбір шаруашылықтар бұл нұсқауларды дұрыс орындамай, мемлекетке мал өнімдерін сатуда үлкен зиян шегуде.

Ауыл шаруашылығы өнімдерін еселеп арттыруда, егіншілік мәдениетін көтеруде ауыл шаруашылығын химияландырудың болашағы зор. Минералдық тыңайтқыштарды жер-жерде ұқыпты қолданып, үнемдеп жұмсау, оның ысырап болуына жол бермеу үшін күресу — егіннің шығымын, өнімін арттырудың басты кепілі. Кейбір совхоздарда ауыл шаруашылығы өндірісі қарқынының төмендігі химияландырудың баяу жүзеге асырылуынан болып отыр. Совхоздар агрохимиялық зерттеу материалдары мен нұсқауларды дер кезінде ала алмайды. Мұның өзі жұмысқа едәуір кеселін тигізіп келеді.

Талдықорған облысының бірсыпыра совхоздары агрохимиялық карталарды жоғалтып алғандықтан топыраққа тыңайтқыш енгізудің жүйесін жөнді сақтамайды. Тыңайтқыштар жабдықталмаған алаңдарда, кез келген жерде шашылып ысырап болуда. Мәселен, мұндай жағдайлар осы облыстың «Қарабөгет» совхозында көп кездеседі. Совхоз қоймасында, кейбір ашық алаңдарда босқа жатқан жүздеген тонна тыңайтқыштар мен улы химикаттарды айтпағанда, шаруашылықта 27 мың сомның минералдық тыңайтқыштары із-түзсіз жоғалып кеткен. Бұл үшін әзірше жауап беріп жатқан жан жоқ. Аудан басшыларының осындай фактілерге қалай төзіп отырғаны түсініксіз.

Ауыл шаруашылығы органдарында агрохимиялық қызметтің ролін көтермейінше химияландыру проблемаларын шешу мүмкін емес. Агрохимиктер шаруашылықтарды дер кезінде егістік жердің картограммаларымен қамтамасыз етіп, мамандарға тыңайтқышты енгізудің ғылыми жүйесін жасауда көмектесуі керек.

Совет Одағында салынып жатқан тұрғын үй құрылысының көлеміне дүние жүзінің ешбір елі теңесе алмайтыны хақ. Қазір алыс ауылдардың өзі үлкен құрылыс алаңына айналған. Кешегі құлазыған құла түзде бүгін сәнді селонның бой көтеруі — советтік қоғамның соны серпіні. Республика совхоздарында соңғы он жыл ішінде жалпы көлемі 16,2 миллион шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді. Жыл сайын мемлекет қаржысы есебінен 40 мың пәтер салынуда. Қазір республика Ауыл шаруашылығы министрлігінің қарамағындағы совхоздардың тұрғын үй қоры 15,6 миллион шаршы метрге жетті. Мемлекет тұрғын үй қоры мен коммуналдық шаруашылық объектілерін ұстауға арналған қаржылардың көпшілігін өз міндетіне алып отыр. Мәселен, 1970 жылы республика совхоздарының тұрғын үй, коммуналдық шаруашылықтарын ұстауға мемлекеттік бюджеттен 20,3 миллион сом, ал совхоздардың өндірістен тапқан пайдасынан 26,1 миллион сом қаржы бөлінді. Мемлекеттің осынау қамқорлығы шаруашылық басшыларына тұрғын үй мәселесі жөнінде аса жауапты міндеттер жүктейді.

Мұның өзі ең алдымен тұрғын үйлерді пайдаланудағы ысырапқорлыққа қарсы қатаң тәртіп орнатуды қажет етеді. Бақылау бар жерлерде тұрғын үйлердің тұтынылуы да ойдағыдай. Мысалға Қостанай облы-

сындағы «Федоровский» совхозын алайық. Мұнда бір шаршы метрлік тұрғын үй алаңына жұмсалатын шығын облыстың басқа совхоздарына қарағанда екі есе кем. Шығыс Қазақстан облысындағы Шемонайхы ауданы совхоздарындағы коммуналдық шаруашылықтарының жұмысы да назар аударарлық. Ауданның көптеген совхоздарында пәтер ақыдан түсетін қаржылардың нақты есебін алуға, материалдық және ақшалай қаржыларды орынсыз жұмсауды болдырмауға ерекше көңіл бөлінген.

Алайда совхоздардың бәрі бірдей тұрғын үй шаруашылығын тиімді жүргізеді дей алмаймыз. Олардың біразының үй шаруашылығынан шеккен зияны жоспардағыдан әлдеқайда артық. Экономикаға ат үсті қараудың осындай фактілері Павлодар, Қостанай, Қарағанды, Орал облыстарында кездесіп отыр. Кейбір совхоздардың тұрғындары ұзақ уақыт бойы пәтер ақысын төлемейді, электр қуатын жұмсаудың да нақты есебі жоқ. Себебі пәтерлердің көбісінде пайдаланылған электр қуатын өлшейтін приборлар орнатылмаған. Электр қуатын пайдалануда шамадан тыс шығындарға жол беріліп келеді. Ауылдық жерлерде тұрғын үйді пайдаланудағы осындай көптеген резервтер іске қосылса, осының өзі-ақ қыруар байлық емес пе?!

Шаруашылықты тиімді жүргізудің маңызды шарттарының бірі, үнем тәртібін қатаң сақтаудың негізі — мемлекеттік тәртіпті бұлжытпай орындау. Тәртіп жоқ жерде жұмыста береке болмайды. Сондықтан жергілікті партия, кәсіподақ, комсомол ұйымдары әрбір жұмысшының, техниктің мемлекеттік тәртіп заңдарын бұлжытпай орындауын үнемі қатаң талап етіп отыруға тиісті. Өйткені ұқыптылық пен үнемшілдік үшін күресу — әрбір еңбеккердің бүгінгі таңдағы абыройлы борышы.

Өндіріс резервтерін іздеп табу мен үнемдеу тәртібі науқан емес. Өндірісті мейлінше ұқыпты ұйымдастыру, техниканы тиімді пайдалану — кезек күттірмейтін міндет. Ендеше бұл міндетті қалың бұқараның белсенділігіне арқа сүйей отырып, табандылықпен жүзеге асыра беру керек.

С. ХАЛИТОВ.

ҚАЛА ҚҰРЫЛЫСЫНЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

Халық үшін қызмет етіп, еңбекшілердің қажетін үнемі өтеп отырды Коммунистік партия өзінің қасиетті борышы санайды. «Барлығы адам үшін, адамның игілігі үшін» деген программалық талап, айбынды ұран партияның шешімдерінде атап көрсетілген. Халықтың әл-ауқатын жақсарту мәселесінің бір буыны — тұрғын үй мәселесі және осыған байланысты қала құрылысының мәселесі. Сондықтан да партия әрі көрікті, әрі халықтың тіршілік етуіне қолайлы қалалар салуға, оларды еліміздің территориясына біркелкі орналастыруға үлкен мән береді.

Қала — елді мекеннің ең бір прогрестік түрі, өнеркәсіп орындарының, мәдениет, ғылым, денсаулық сақтау және тұрмыс түзеу мекемелерінің ордасы. Темір жол, автомобиль, әуе қатынас жолдары да осында келіп түйіседі. Шаруашылық және мәдени құрылыстың орталықтары ретінде де қалалар қоғам өмірінде жетекші роль атқарады. Қалалардың пайда болуы мен орналасуы, дамуы мен қызметі қоғамның саяси-экономикалық құрылымының сыр-сипатын бейнелейді. Сонымен қатар қала құрылысының кең етек алуы, ескі қалалардың көркейіп, жаңа қалалардың салынуы ел экономикасының өсіп, мәдениетінің көркеюіне, мемлекеттік құрылысының нығаюына тікелей байланысты. Бұған Қазақстан жеріндегі қалалардың қалыптасып, өркен жаю барысы толық дәлел бола алады.

Ұлы Октябрь социалистік революциясына дейін Қазақстан жерінде шағын-шағын 20 қала ғана болатын. Соның өзінде Шымкент, Әулиеата, Түркстан қалаларынан басқалары XVII және XVIII ғасырларда патша үкіметінің отарлық саясатын жүзеге асыру үшін салған бекініс-қорғандары ретінде пайда болған қалалар еді. Қазақ даласында қаланың орын тебуіне негіз болған осы фактор оның сырт бейнесі мен ішкі әлпетіне де әсерін тигізді. Мұндай қалаларда бюрократтық-отарлық әкімшілік орындары мен шамалы гарнизон әскерлерінің мекендерінен басқа ешбір мәдени-тұрмыстық және айтарлықтай ағарту орындары болмады. Бұлар өнеркәсіптен де құралақан еді. Тек қарадүрсін мал шаруашылығының шикізатын өңдейтін майда-шүйде кәсіпорындар ғана болды. Мұндай қалалар, әрине, мәдениет ордасы да, индустрия ошағы да бола алмады. Демек, бұлар болашағы сүреңсіз, көрген күні берекесіз, томаға-тұйық жатқан қалалар болатын.

Қазақ даласында шашырай орналасқан бұл қалалар негізінен өлкенің солтүстік және шығыс аудандарын тұтас алып жатты. Кейбір қалалар Орынбор — Ташкент темір жолы бойында ірге тепті. Ал кең көсілген Сарыарқада небары үш-ақ қала — Қарқаралы, Торғай және Ырғыз салынған-ды. Табиғи байлығы мол, бұл дарқан дала құлазып бос жатты. Халқымыз негізінен киіз үйде күнін өткізіп, көшіп-қонумен болды. Басы бір жерге қосылып, ұйымдасып көрмеген, өнеркәсіптен жұрдай, жұмысшы табы мүлдем дерлік жоқ көшпелі бұқараны езіп-жаншу, оның жерін емін-еркін немдену үшін патша үкіметіне және бай-феодалдарға бұл жағдай қолайлы еді. Сондықтан әкімдер нағыз қала салу, өнеркәсіп ошақтарын өркендету мәселесін есіне де алмады.

Патша үкіметінің Қазақстандағы позициясының нығаюына байланысты бертін келе бұрынғы қалалардың атқаратын қызметі де өзгере бастады. Олар бірте-бірте әкімшілік және сауда орталықтарына айналды. Бірақ мұның өзі қалалардың көркейіп, өркен жаюына жол ашпады. 1913 жылы Қазақстанның барлық қалаларындағы тұрғын үй қоры неба-

ры 2 миллион шаршы метр еді. Бұларда бірде-бір жоғары оқу орны болмады. Электр жарығы, су құбыры, канализация дегенді ешкім білмейтін. Қалалардың көбі темір жолдан шалғай жатты. Мәселен, Ақмола қаласына ең жақын темір жол станциясы — Петропавл 500 километр жерде болатын.

1913 жылы Қазақстандағы халықтың 9,7 проценті ғана қалаларда тұрды. Халқы аз қалаларда тұрғын үй құрылысы мүлдем дерлік жүргізілмеді, көшелері батпақ, үйлері алба-жұлба, аласа болатын. Тұрғын үй жетіспеді, оның көлемі орта есеппен бір адамға 1,7 шаршы метрден ғана келетін. Әсіресе қала еңбекшілерінің, оның ішінде қазақ жатақтарының көрген күні қараң еді. Олар жер үйлерді пана етті. Патша үкіметі халық үшін тұрғын үй салу, қала шаруашылығын жолға қою ісіне қамқорлық етуді ойлаған да жоқ. Мәселен, қазіргі капиталистік елдердегі әрбір қалада бай адамдар тұратын кварталдардың әдемілігі мен көркі және еңбекші халық тұратын шет аймақтардағы кір-қоқыс, тозығы жеткен лашық үйлердің арасындағы айырмашылық қандай болса, революцияға дейінгі Қазақстан қалаларының жағдайы дәл солай болды.

Патша үкіметінен қалған осы ауыр мұрадан арылу Совет республикасына оңай болған жоқ. Тұрғын үй тапшылығы, қалалардың тиімді орналаспауы және олардың тұрмысқа қолайсыздығы қала еңбекшілерінің әл-ауқаты мен мәдениетін жақсарту ісіне көп кедергі жасады. 1920 жылдың өзінде Қазақстанда бірде-бір индустриялы орталық жоқ еді. Сол жылы, Қазақ автономиялы республикасы құрылғанда, елдегі қалалардың бірде-біреуі астанаға лайық болмай шықты. Оларда не тұрғын үй қоры, не мекемелер орналасатындай үлкен үйлер болмады. Сондықтан Орынбор қаласын уақытша Қазақстанның құрамына енгізіп, оны астана деп жариялауға тура келді.

Республика болып шаңырақ көтерісімен-ақ Қазақстан Компартиясы республика еңбекшілерінің күш-жігерін социализм құрылысына бағыттады. Ұлы орыс халқының көмегі арқасында Қазақстан басқа халықтармен терезесі тең республика дәрежесіне жетті. Өндіргіш күштерді тиімді орналастыру жөнінде лениндік саясатты мүлтіксіз жүзеге асыру нәтижесінде Қазақстан Компартиясы республиканың табиғи байлығын тиімді пайдалануға бас-көз болып, қаржы мен жұмысшы күшін алдымен осы іске жұмылдырды. Соның нәтижесінде Қазақстан қысқа мерзім ішінде индустриялы республикаға айналды. Мұның өзі әлеуметтік-саяси өмірдің барлық саласында түбегейлі өзгерістер тудырып, республикада жаңадан көптеген өндіріс орындарының пайда болуына, қалалар салып, оларды кең-байтақ қазақ даласына тиімді орналастыруға игілікті әсер етті.

Алғашқы бесжылдықтар жоспарларын жүзеге асыру жылдарында ұлан-ғайыр қазақ даласында жаңадан ондаған қала, көптеген қала типтес поселкелер орнады. Қаланың пайда болып, дамуының негізінде жатқан факторлардың өзі сапа жағынан өзгеріп, жаңа мағынаға ие болды. Жаңа қалалар енді қазақ жерінде социализм орнатудың тірегі ретінде пайда болып, тез өркен жайып, гүлдене, көркейе берді. Сонымен қатар бұлар республика экономикасын индустрияландырып, қайта құруға орай салынатын болды. Әрбір жаңа қала, әрбір бесжылдықтың жүзеге асырылу барысында ірге теуіп, сол бесжылдықтың төл перзенті ретінде өсіп, дамыды. Және бұлардың әрқайсысының өзіндік бет-әлпеті мен дәстүрі бірге қалыптасты: біреуі металлургтер қаласы атанса, екіншісі химиктер, үшіншісі кеншілер қаласы атанды.

Ұлы Отан соғысының алдында, 1941 жылы, Қазақстанда 31 қала және 70 қала типтес поселке болатын. Соғыстан кейінгі 1946 жылы олардың саны тиісінше 36 және 105 болды. Осы жылдары республиканың картасында Талдықорған, Ленгер, Макин және басқа бірнеше қалалар

пайда болды. 1960 жылы бұлардың санына тағы да 8 қала қосылды, ал қала типтес поселкелер 140-қа жетті.

Республика экономикасының шарықтап өркендеуі жолындағы елеулі белес жетіжылдық жоспарды жүзеге асыру дәуірі болады. Бұл кезде өнеркәсіп өнімінің мөлшері еселеп артты. 42 миллион шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді. Осы мерзім ішінде өндірілген өнім мөлшері республика құрылғаннан бергі 39 жыл ішінде өндірілген өнімнен асып түсті. Экономиканың осыншама жедел қарқынмен дамуы нәтижесінде Қазақстанда жаңадан 19 қала пайда болды. Олардың қатарында көмір өнеркәсібінің ошақтары — Абай мен Шахтинск, энергетиканың орталығы — Ермак және Серебрянск, кен шығару орталықтары — Қаражал мен Арқалық, Қаратау мен Текелі қалалары бар.

Қазақстанда жетіжылдық жоспар тұсында пайда болған қалалардың соғысқа дейінгі жаңа қалалардан айырмашылығы болды. Әр қала енді бірден өзіне тән кәсібі, соған орай кейіп-келбеті бар өнеркәсіп ошағы ретінде қалыптасты. Мысалы, Теміртау — металлургтер қаласы атанса, Кентау — машина жасаушылар мен кен қопарушылар қаласы, Рудный — құрылысшылар мен кеншілер, ал Екібастұз, Саран, Абай көміршілер қаласы болып қалыптасты.

Көне қалалардың өздері жаңа түрге бөленіп, жаңа сыр-сипат алды. Мәселен, Ертіс жағасындағы Павлодар қазір ірі индустрия ошағына, машина жасаушылар қаласына айналды. Целиноград пен Көкшетау, Жамбыл мен Қызылорда жөнінде де осыны айтуға болады.

Тың жерлерді игерудің барысында республиканың солтүстік облыстарының бейнесі күрт өзгерді. Мұнда жүздеген әсем поселкелер мен бірнеше жаңа қалалар пайда болды. Есіл, Красноармейск, Алексеевка және Державинка қалалары осы өзгерістер нәтижесінде туып, бой түзеді. Сол сияқты көптеген жаңа қалалардың пайда болуына арқау, дамуына негіз болған факторлардың бірі — Қазақстанда темір жол құрылысының кең етек алуы. Темір жолдардың бойында сап түзеген қалалар қатарында Шу, Арыс, Аякөз, Щучье, Үштөбе, Ерейментау бар. Бұлардың әрқайсысы өзінше әсем, көрікті әрі тұрмысқа қолайлы.

Өнеркәсіпті орналастыруда лениндік принципті мүлтіксіз жүзеге асыру және экономиканы жоспарлы түрде жедел қарқынмен дамыту нәтижесінде болған социалистік өзгерістер Қазақстан қалаларының қазіргі кең жүйесін қалыптастыруға мүмкіндік берді. Әрине, еліміздің шығыс аудандарының, оның ішінде Қазақстанның экономикасын шұғыл өркендетуде КПСС XXIII съезі шешімдерінің маңызы ерекше болды. 1968 жылғы 1 январьдағы дерек бойынша республикамызда 71 қала мен 176 қала типтес поселке бар екен. Бір кезде селолық, ауылдық аймақ болып келген Қазақстан енді қала тұрғындарының саны жағынан Одақта үшінші орынға шықты. Республикадағы бүкіл халықтың 48,5 проценті қалаларда тұрады. Ал одақ бойынша бұл көрсеткіш 56 процент екенін еске алсақ, Қазақстанның қалалы республикаға айналып келе жатқанын аңғаруға болады.

Қазақстан қалаларының басым көпшілігі жас, шағын қалалар. Қазір республикада кіші-гірім 47, орташа 10 қала бар да, 12 қала үлкен қала, ал халқы жарты миллионнан асатын 2 қала ең ірі қала атанады. Жаңадан пайда болған қалалардың бір ерекшелігі, бұлар — негізінен өнеркәсіп ошақтары және транспорт тораптары. Бұлардың экономикасы мен мәдениеті бірдей өркендеп келеді. Жаңа қалалардың тағы бір ерекшелігі, бұлардың орталығы мен шет аймағы біркелкі дамытылған, көрікті де әдемі, бұлар жұмыс жағдайына да, тынығуға да қолайлы. Мұның өзі — өндіргіш күштерді орналастырудың лениндік принципінің ойдағыдай жүзеге асырылуының нәтижесі, халықтар достығының тамаша айғағы. Олай дейтін себебіміз, бірсыпыра жаңа қалалар туысқан

республикалар қалаларының, әсіресе қуатты құрылыс орындары бар қалалардың көмегімен салынған. Мәселен, кенді Рудныйды, металды Теміртауды салуға және тың төсінің ошағы Целиноградты өркендетуге Москва мен Ленинградтың, Урал мен Украинаның құрылыс ұйымдары мен құрылысшылары зор көмек көрсетті.

Әрине, қала құрылысы өріс алған республикамызда қала салу және оған басшылық ету тәжірибесі жинақталуда. Соңғы жылдары қала құрылысына партиялық басшылықтың дәрежесі айтарлықтай жақсарып, қаланы архитектуралық жағынан әсемдеп, жобалау принциптерін жетілдіру ісі біршама жақсара түсті. Микроаудан қала құрылысын ұйымдастыруда негізгі принцип ретінде кең етек алуда. Мұның өзі құрылыс жұмысын тездетумен қатар еңбекшілердің тұрмысына да қолайлы жағдай жасады. Архитектор кадрлары өсіп, олардың қатары көбеюде. Қазақстан қалаларын жобалап, жоспарлау міндеттерін негізінен республикадағы жобалау институттары атқарады. Оларға Москваның, Ленинградтың және Украинаның институттары көмек көрсетуде.

Қала — он мыңдаған адамдардың өмір сүріп, еңбек ететін, демалатын мекені. Сондықтан олардың қолайлы да көрікті болуына партиямыз баса назар аударады. Осыған байланысты соңғы уақытта республика қалаларын негізінен жаңғыртып, жетілдіру жұмысы қолға алынып отыр. Алдымен жаңа қалалар бірегей жоспар бойынша салынатын болды. Ал ескі қалалардың барлығы қала құрылысының осы заманғы талабына сай келетін бас жоспарлармен қамтамасыз етіліп, олар соған орай жақсартылып, жаңғыртылуда. Мысалы, соңғы уақытта Қазақстанның 51 қаласының бас жоспары жасалып, бекітілді, сөйтіп еңбекшілер депутаттары қалалық Советтерінің қолына тапсырылды. Ұлы Октябрьдің 50 жылдығы мен В. И. Лениннің туғанына 100 жыл толуы қарсаңында осы бас жоспарға сәйкес республиканың көптеген қалаларын, әсіресе облыс орталықтарын көгалдандырып, көркейту жөнінде едәуір жұмыс істелді.

Қазақстанның жаңа қалалары бас жоспар бойынша салынуда. Бір кезде қалалар көктем суындай жайылып, жадағай өссе, енді шоғырланып, аспанға, биікке өрлеп өсуде. Бұл да қала құрылысының соңғы ерекшеліктерінің бірі. Жаңа қалаларда негізінен типтік жобамен салынған көп этажды үйлер басым. Егер 1959 жылы Қазақстан қалаларындағы бүкіл тұрғын үй қорының 42 проценті бір этажды үйлер болса, 1962 жылы ол көрсеткіш 37 процент қана болды. Сол сияқты төрт этажды тұрғын үйлердің саны бұл мерзім ішінде 11 проценттен 21 процентке дейін артты. Қалалардағы тұрғын үйлердің этажын арттыруға бағытталған бұл тенденция кейінгі жылдарда кең етек алды. Қазір республика қалаларында тұрғын үйлер көп этажды, көрікті, тұрмысқа қолайлы етіліп, типтік жобамен салынуда. Тұрғын үй қорын ұлғайту міндетін жүзеге асырғаннан кейін партия мен үкімет енді әр семьяны жеке пәтермен қамтамасыз ету мәселесін алға қойды. Бұл міндет те іске асырылуда.

Қазақстан Компартиясының XII съезі қала құрылысына көп көңіл бөліп, республика партия ұйымдарына бұл істегі орын алған кемшіліктерді батыл жою міндетін жүктеді. Кейбір қалалар әлі де болса ертеде жасалып бекітілген, көбіне бүгінгі күн талабына сай келе қоймайтын ескі жоспар бойынша салынуда. Мұның өзі қала құрылысында көп қателіктер туғызып, орынсыз шығынға ұшыратуда. Қала тұрғындарын сумен қамтамасыз ету, канализация жүйесін салу мәселесі де әлі толық шешімін тапқан жоқ. Көшелерді, тротуарларды көгалдандыру, асфальттау, қала маңынан қала тұрғындары дем алатын аймақ ұйымдастыру сияқты мәселелерді комплексті түрде жүзеге асыру қажет. Осылардың бәрін назардан тыс қалдырмай, халық шаруашылығын жоспарлағанда тиісті қаражат бөліп отыру партия, совет орындарының борышы екенін съезд атап көрсетті.

1970 жылдың көктемінде бүкіл прогресшіл адамзат В. И. Лениннің туғанына 100 жыл толуын тойлады. Қазақ ССР Министрлер Советі осы торқалы тойдың құрметіне республиканың астанасындағы Ленин проспектісін қайта салу туралы қаулы қабылдаған-ды. Бұл проспект архитектура сәулеті мен қала құрылысының қазіргі талабына сай 8, 9 және 12 этажды үйлермен көркемделді. Бұл сәулетті проспектіде астана тұрғындарына 42 968 шаршы метр тұрғын үй пайдалануға беріледі. Тұрмысқа аса қолайлы зәулім үйлермен, мәуелі ағаш, көркем гүл газондарымен көмкерілген проспект көрген адамның көзі тойып, көңілі толарлықтай әсем де көрікті рең алып келеді. Ондағы үйлер түгел дерлік бой түзеді, енді құрылысшылар тұрғын үйлердің ішкі әрлеу жұмыстарын тездете жүргізуде. Бұл үйлердің көпшілігі пайдалануға берілді де. В. И. Ленин проспектісін жаңғырту жобасын Алматыдағы «Қазгорстрой-проект» жобалау институтының коллективі жасаған. Бұл тамаша жобаны жүзеге асыру республикамыздағы озат құрылыс коллективтеріне тапсырылған болатын. Мәселен, «Соколоврудстрой» тресінің коллективі Ленин проспектісі мен Комсомол көшесінің бұрышында 12 этажды 60 пәтерлі үйдің қабырғасын көтеріп, маңын реттеді де, енді үйдің ішкі жұмысына кірісті.

Архитекторлар мен жобалаушылардың творчестволық ойымен, құрылысшылардың қажырлы да жемісті еңбегімен салынып жатқан бұл проспект — Қазақстан еңбекшілерінің В. И. Ленинге деген зор сүйіспеншілігінің айғағы.

Қазақстанның басқа қалаларында да мерекелік құрылыс кең өрістелді. Қала еңбекшілерінің тұрмыс жағдайын жақсарту, әл-ауқатын арттыра түсу, қаланы көркейту мақсатымен Целиноград қалалық Советі биыл 2 230 пәтер үй салып беруге, 86 мың шаршы метр көнерген тұрғын үйді жаңартып, жөндеуге уәде берді. Осы мерзім ішінде қалада мектеп жасына дейінгі балалар мекемесіне жаңадан 1 260 орын қосылды. Жастар сарайы, кең экранды кинотеатр салынып бітеді, Есіл өзенінде қайық станциясы салынады. Қалада отырғызылған ағаш 50 гектардан асады. Гүл аландары көбейіп, скверлер мен парктер кеңейтіледі. Жаңадан 3 емхана, 2 поликлиника салынады. Екі монша, кір жуатын орын, 10 асхана іске қосылады.

Қазір республиканың барлық қалаларын су құбырымен қамтамасыз ету мәселесі ең бір күрделі міндет ретінде алға қойылып отыр. Әр қаланы канализация жүйесімен қамтамасыз ету де — кезектегі мәселенің бірі. Қазір Қазақстанның 51 қаласында ғана су құбыры, 35 қалада канализация жүйесі бар. Қалаларды жылыту жүйесімен жабдықтау ісінде ойдағыдай емес. Бүгінге дейін тек 13 қаланың ғана жылыту жүйесінің жобалау документтері толық жасалған. Міне осының бәрі Қазақстан қалаларының инженерлік жағынан жабдықталуы әлі де болса төмен дәрежеде екенін көрсетеді. Қалалардың бас жоспарларын әзірлеп, бекіту ісіндегі самарқаулық бұл іске үлкен кедергі болып отыр.

Қойнауы кенге толы, кең көсілген қазақ даласында әлі де болса ондаған қалалар қанат жайып, сәулет құратыны айқын.

Т. СӘРСЕНБАЕВ,
Целиноград инженерлік-құрылыс
институтының аға оқытушысы.



ВЕНГЕР ИНТЕРНАЦИОНАЛИСТЕРІ

Өткен жылы Венгер Совет Республикасының 50 жылдығын атап өту кезінде совет-венгер достығы қоғамының қазақ бөлімшесі құрылғанды. «Советтік Қазақстан мен Венгер Халық Республикасын шынайы достық сезім байланыстырып отыр, — деп атап көрсетілді осы ұйымның алғашқы документінің бірінде—...Бұл достық Ұлы Октябрь күндерінде қолына қару алып, Қызыл Армия қатарына қосылған венгер интернационалистері еңбекшілердің тұңғыш Отанын қорғауға, Қазақстанда Совет өкіметін орнатуға қатысқан шақта қалыптасып, нығайған болатын». Бұл тарихи шындық еді. Пролетарлық интернационализм шежіресіне жазылған осы тамаша беттерді бүгінде өзінің 50 жылдық мүшелді мерекесін тойлап отырған шақта қазақ халқы алғысқа толы ыстық сезіммен еске алуда.

Дұшпан жан-жақтан анталап, жас Совет өкіметіне қатер төнген шақта, 1918 жылғы 18 январьда Халық Комиссарлары Советінің Жұмысшы-Шаруа Қызыл Армиясын құру туралы В. И. Ленин қол қойған декреті жарияланды. Октябрь жеңістерін қорғау міндеті жүктелген Қызыл Армия қатарына өзінің интернационалдық және революциялық борышын түсінген шетел еңбекшілері де кіре алады, деп көрсетілді декретте. Сол жылдың февралінде партия «Социалистік Отанға қатер төнді. Отанды қорғауға жаппай аттанайық!» деп ұран тастағанда Қызыл Армия қатарына еріктілер ағылды. «1918 жылдың жазына дейін армияға жарты миллиондай еріктілер жазылды» (КПСС тарихы, 298-бет). Осылардың қатарында мындаған әскери тұтқындар, оның ішінде венгерлер де бар еді.

Ол кезде Қазақстан жерінде сан мындаған әскери тұтқындар; венгерлер, поляктар, немістер, словактар, чехтар, тағы басқалар болатын. Октябрь революциясы туралы хабарды олар Орынбор, Семей, Павлодар, Петропавл қалаларындағы тұтқындар лагерінде естіді. Большевиктер партиясының шақыруына революционер-интернационалистер дереу үн қосты. 1918 жылдың көктемінен бастап Семей және Ақмола облыстарында алғашқы интернационалдық қызыл отрядтар құрылып, олар ақ гвардияшыларға қарсы шайқасқа араласты. РКП(б) Омск комитеті мүшелерінің басшылығымен Павлодарда, Өскеменде, Петропавлда, Семейде интернационалистердің ерікті отрядтары құрылып, қызыл Армия қатарына қосылды. 1918 жылғы 19 мартта Омскіден Шығысқа Семснев бандыларына қарсы күреске интернационалдық армияның бірінші дербес отряды аттанды.

Әскери тұтқындарды ұйымдастырып, олардың арасында үгіт-түсінік жұмысын жүргізуде шетелдік коммунистер елеулі роль атқарды. Бұл істе апрель айында Москвада болып өткен Совет өкіметіне тілектес әскери тұтқындардың съезінің маңызы ерекше зор болды. Семейдегі әскери тұтқындар делегат сайлап жіберген австриялық коммунист В. П. Феттер съезд жұмысына белсене қатысты. Бұл съезге венгер тұтқындар тобының өкілдері Бела Кун мен Э. Поор да қатысып отырды. Съезден кейін әскери тұтқындар арасында үгіт-түсінік жұмыстары кең өрістетілді. Шет-

елдік коммунистер өз елінің әскери тұтқындарына Октябрь революциясының маңызын, жас Совет өкіметін қорғаудың қажеттігін түсіндірді.

Осы шаралардың арқасында Қызыл Армия қатарына интернационалистер тобы көптеп қосыла бастады. 1918 жылғы майда құрылған Қызыл Армияның 1-Семей ротасының, атты әскер отряды мен арнаулы пулеметшілер командасының басым көпшілігі интернационалистер болғанын Семей облыстық мемлекеттік архивіндегі документтер дәйектеп отыр. Армия қатарына қосылумен бірге интернационалистер Советтердің жергілікті өкімет орындарына да өз өкілдерін сайлады. Қызыл Армияның 1-Семей ротасының жалпы жиналысында (29 май) бұрынғы әскери тұтқындар Иосиф Юнак пен Франц Гижицкий жұмысшылар мен солдаттар депутаттарының жергілікті Советіне бірауыздан сайланды. Ал май айының аяғына дейін Семей губерниялық әскери комиссариатының қарамағында елуге жуық шетелдік ерікті пролетарлар қызмет істеді. Бұлардың арасында Имре Сокач, Иосиф Пугач, Шандор Ковач, Ференц Кунц, Немеш Иштван сияқты венгерлер болды.

Қостанайда құрылған мадьярлар ротасы 1918 жылғы 18—19 июньде ақ чехтарға қарсы кескілескен шайқасқа қатысты. Троицк станциясына жақын жердегі Солодянки станицасындағы ұрыста шетелдік интернационалистер ротасы ерлік пен тапқырлық көрсетті. Осы ротаның бір эскадроны «сақалдылар» деп аталған ақ қазақтардың барлаушы тобын қырып салды. Ал басқа эскадрон Қостанай отрядының жауынгерлерімен тізе қосып, дұшпанның бронепоезды аударып тастап, Троицк вокзалына басып кірді, қолға көп қару-жарақ түсірді.

Австрия-Венгрияның реакцияшыл және контрреволюцияшыл пиғылдағы офицерлері интернационалистердің қимылынан сескеніп, олардың Қызыл Армия қатарына қосылуына кедергі жасамақ болды. Бірақ олардың арам ниетінен ештеңе шықпады. Қызыл гвардияшыл интернационалистер буржуазия итаршыларының әрекетіне жол бермеу үшін Совет елінің азаматтығын қабылдады. 1918 жылғы апрель-май айларында тек Семейдің өзінде ғана ВЦИК-тің 1 апрельдегі декретіне сәйкес 250 шетелдік совет азаматы болуға тілек білдірді. Жұмысшылар мен солдаттар депутаттарының Советтері бұлардың тілегін қабыл алды.

1918 жылдың жазында Әліби Жанкелдиннің интернационалдық отрядында көптеген мадьярлар болды. Бұл отряд ақ гвардияшылар ойран салған аудандарды орағытып, қарт Каспийді жағалап, одан кейін меніреу шөл даламен үш мың километрдей жол жүріп өтіп, Ақтөбе майданына қару-жарақ керуенін жеткізді. Тар жол, тайғақ кешуден өтіп, екі жарым айдай жол азабын шеккен осы отрядтың ерлігі аңызға айналды. Кейіннен Әліби Жанкелдин осы жорықты еске ала отырып, 150 адамнан құрылған интернационалдық отряд қатарында Морец Кальман, Франц Шальман, Иштван Балин және басқа ержүрек те адал интернационалистер бар еді деп еске алды.

Қазақстанда Совет өкіметін орнату жолында және азамат соғысындағы арпалыста ерліктің үлгісін көрсеткен венгер интернационалистері аз болған жоқ. Мысалы, 1918 жылғы июльде Орал майданына Москваның 1-ші интернационалдық батальоны келді. Оны венгер коммунисті Лайош Винерман бастап әкелді. Новоузень, Александров-Гай, Таловка-Киргизская түбіндегі шайқастардан кейін Л. Винерман Александров-Гай әскер тобының бастығы болып тағайындалады. Осы әскер тобының Петропавловск деревнясында қоршауда қалған бір шағын отрядының ерлігі жайлы «Правда» газетінің 1918 жылғы 28 августығы нөмірінде үлкен мақала жарияланды. Онда былай делінген «...Деревняны қорғаған отыз жауынгер қаза тапты, олардың денесінде жарадан сау жер жоқ еді. Қазақтар да үлкен шығынға ұшырады: олар ұрыс алаңында 291 өлігін, оның ішінде 50 офицерді тастап кетті...».

Осындай ерлік дәстүрі бар Винерман басқарған интернационалистер отрядының қатары өсе берді. Кейін оған Астраханьнан тағы бір отряд қосылған соң ол интернационалдық полк деп аталды. 1918 жылдың күзінде

жарты мың жауынгері, 15 пулеметі мен 4 зеңбірегі бар бұл отряд сол жылғы октябрьде 4-ші армия қатарына қосылып, Орал бағытында шабуылға шықты да, ақ гвардияшыларды өкшелей отырып, Бұзылық пен Орынборға бет алды. Алайда ақ гвардияшылармен Әбішев селосы түбінде болған шайқаста Винерман ерлікпен қаза тапты.

4-ші армияның революциялық-әскери советі арнайы бұйрық жазып, ержүрек командирдің қазасын аза тұтты. 23 октябрьде Лайош Винерманның денесі Қызыл алаңға Кремль қабырғасының түбіне қойылды. Өзі құрған полк бұдан былай Винерман атындағы полк деп аталып, оның командирлігіне венгер коммунисті Гербе тағайындалды. Бұл полк кейін даңқты Чапаев дивизиясының құрамында болып, ақ казактарға талай өлтіре соққы берді.

Большевиктермен қоян-қолтық бірлесіп Совет өкіметін жанқиярлықпен қорғаған венгер интернационалистерінің біразы ақ чехтар мен колчакшылардың қолынан қаза тапты. Мысалы, 1918 жылғы майда Петропавл станциясындағы чехословак бүлікшілері ақ гвардияшылармен ауыз жаласып, Совет өкіметіне қарсы бас көтерді. Олар Совет мүшелері мен бір топ венгер интернационалистері ерлікпен қорғаған Совдеп үйіне басып кірді. Ақ гвардияшылар большевиктер мен совет активистерін, оның ішінде 22 венгер интернационалистің айуандықпен атып өлтірді. Ал Семейде ақ гвардияшыл жендеттер интернационалшыл-коммунист В. Феттерді түрмеден алып шығып, жауыздықпен азаптап өлтірді. 1918 жылы Илецк қаласын дұшпаннан азат ету жолындағы шайқаста 38 венгер интернационалисті ерлікпен қаза тапты.

Совет адамдары бақытты болашақ үшін жанын пида қылған интернационалистердің ерлік күресі мен жарқын ісін мәңгі-бақи естерінде сақтап, ұрпақтан ұрпаққа жеткізуде. Жалынды венгер коммунисті Л. Винерман қаза болған Әбішев селосының орталық алаңына қойылған ескерткіштегі жазу әйгілі қызыл командирдің ерлігін жұртшылыққа паш етуде, осы ескерткіштің етегінен жауқазып гүл бір арылмайды. Сондай-ақ 22 венгер интернационалисті қаза тапқан Петропавлда олардың құрметіне ескерткіш қойылды. РКП(б) Орынбор ұйымының шешімі бойынша Илецк қаласын азат етуде қаза тапқан венгер бауырлар құрметіне 1920 жылдың жазында ескерткіш орнатылған болатын.

Алайда ақ гвардияшылардың ызалы өшпенділігі мен жауыздығы жарқын болашақ үшін күрес жолына түскен венгер және басқа шетел интернационалистерін тоқтатуға дәрменсіз болды. Интернационалистердің жаңа топтары Қызыл Армия қатарына лек-легімен келіп қосыла берді. 1918 жылы шетел коммунистері Шипко, Дюрко, Олеандер, Дюрчек, Бауэр РКП(б) Орынбор губкомының тапсыруы бойынша Ақтөбеде интернационалдық полк ұйымдастырды. Кейін Орынбор полкі деп аталған бұл бөлімнің қатарында 4 венгер, бір неміс және чехтар батареясы болды.

В. И. Лениннің 1918 жылғы 2 августа азамат соғысының майдандарына аттанғалы тұрған интернационалистер отрядтарының алдында сөз сөйлеуінің интернационалистер күшін топтастыруда аса зор маңызы болды. В. И. Ленин былай деп атап көрсетті:

«...Жолдастар, егер сіздер барлық соғыс күштерін интернационалдық айбынды Қызыл Армияға біріктірсеніздер, сөйтіп бұл темірдей берік батальондарды қанаушыларға қарсы, озбырларға қарсы, бүкіл дүние жүзінің қара жүздігіне қарсы: «не өлу, не жену керек!» деген жауынгерлік ұранмен аттандырсаңыздар — онда бізге империалистердің ешқандай күші қарсы тура алмайтынына сенемін!» (Шығармалар, 28-том, 24-бет).

Ұлы көсемнің осы жалынды шақыруына үн қосқан интернационалистер қызыл батальондар құрды, ал олардың жау тылындағылары партизан отрядтарының қатарына қосылды. Мысалы, 1918 жылдың жазында Оңтүстік Уралда азамат соғысының даңқты батыры, аса көрнекті әскери қайраткер В. К. Блюхердің партизан отрядтарының қатарында 500

адамнан құрылған интернационалдық батальон болды. Өзінің естеліктерінде В. К. Блюхер осы батальон жайында былай деп жазды: Троицк отрядында интернационалистер батальоны болатын. Олардың көпшілігі мадьярлар (венгерлер) Будапештің, Венгрияның басқа да өнеркәсіп орталықтарының жұмысшылары болатын-ды... Бұл ұйымшыл, жауынгер әрі табанды батальон еді. Оның жауынгерлері ерліктің, табандылық пен батырлықтың үлгілерін сан рет көрсетті («Оңтүстік Уралда», Москва, 1958 ж. 84-бет).

1919 жылғы апрельде Қостанайда Қолчак тәртібіне қарсы көтеріліс басталғанда, оған интернационалист венгерлер белсене қатысты. Осы көтерілісті басу тапсырылған атаман Дутов Қолчак «үкіметіне» мынадай телеграмма жолдады: «Қостанай уезінен әскери тұтқындар мен әскери міндеттілерді аластап, оларды казак станицаларына жіберуді қолданылатын кезекті шара деп санаймын. Өйткені көтерілісті ұйымдастырушылар әрі үгітшілер осы шетелдіктер болып отыр». Ақ гвардияшылар венгер және басқа шетел интернационалистерін концентрациялық лагерлерге қамамақ та болды, қамады да. Бірақ бұл шаралардың бәрі коммунист интернационалистердің топтасып қимыл жасауына тосқауыл бола алмады. Әскери тұтқындар арасында Омскідегі мадьярлардың большевиктік астыртын ұйымының ықпалы күшті болды.

Совет өкіметі үшін жан аямай күрескен коммунист Карои Лигети 1918 жылы құрған «Шетел пролетарларының легионы» деп аталған бұл ұйым 1919 жылға дейін әрекет жасады. Оның 270-тен аса тұрақты мүшесі болды.

Қолчактың «үкіметін» құлатып, армиясын тас-талқан күйреткеннен кейін интернационалистер контрреволюция сілімтіктерін құртуға, Қазақстанда Совет өкіметін нығайтуға белсене ат салысты. Олардың көпшілігі темір жол транспортына жұмысқа аттанды, күйреген шаруашылықты қалпына келтіруге кірісті. 1920 жылдың жазында венгер интернационалистері Совет өкіметінің азық-түлік саясатын жүзеге асыруға елеулі үлес қосты. Совет елін өз Отаны санап, Совет Одағында еңбек етіп, өмір сүруді қалаған интернационалистер де аз болған жоқ. Венгер коммунистері Венгер Советтік республикасын халықаралық буржуазия құлатса да, оның түбінде бір бас көтеріп, қайта орнайтындығына және бұл жолда оған тұңғыш социализм Отаны көмектесетініне кәміл сенді. Қазақстанда темір жол транспортында жұмыс істеп қалған, азамат соғысының ардагері Иозеф Колимар былай деп жазды: «Совет халқының Венгрия халқына туысқандық көмек көрсететініне, сөйтіп Отанымның азаттыққа қолы жетіп, бақытты өмір сүретін күні туатынына мен кәміл сендім. Солай болды да. Қазір менің екі Отаным бар және оның екеуі де азат та бақытты ел. Олар жарқын болашаққа қоян-қолтық қадам басып келеді. Міне осы үшін азамат соғысының майданында жаумен арпалысуға, осы үшін өмір сүріп, еңбек етуге әбден болады» («Гудок» газеті, 1966 жылғы 17 февраль).

Советтік Отанымыздың алғашқы жылдарында, социализм тағдыры азамат соғысының майдандары мен тап күресінің тар жол, тайғақ кешу жолдарында шешіліп жатқан қиын-қыстау кезеңде біздің халқымызбен бірге етігімен су кешкен интернационалистерді совет адамдары, Қазақстан еңбекшілері ұмытпақ емес. Пролетарлық интернационализмнің осы шынайы көріністері Қазақстан еңбекшілерінің көкірегіне берік ұялап, бауырмал достыққа ұласты. Бұған венгер халқы мен казак халқы арасындағы бүгінгі жарасты достық пен бауырмал қарым-қатынас куә. Ал 1969 жылғы апрельдегі венгер әдебиеті мен өнерінің Қазақстанда, сентябрьдегі казак әдебиеті мен өнерінің Венгриядағы онкүндіктері осы достықтың тамаша салтанатына айналды.

Б. СІРГЕБАЕВ.

ЛЕНИНДІК «ИСКРАНЫҢ» ШЫҒА БАСТАҒАНЫНА 70 ЖЫЛ

В. И. Ленин «Искра» газетін шығарарда: «...Біздің өз органымызды әртүрлі көзқарастардың жай бір қоймасы еткіміз келмейтіні түсінікті. Біз оны, қайта, өте айқын бағыт рухында жүргіземіз. Бұл бағытты: марксизм — деген сөзбен білдіруге болады» (Шығармалар, 4-том, 372-бет) деп мәлімдеді.

Лениндік «Искра» шын мәнісінде революцияшыл марксистердің жалпы орыстық саяси газеті болды, жаңа тұрпатты партия құруда үлкен роль атқарды, большевиктік баспасөздің негізін қалады.

Бұдан 70 жыл бұрын 1900 жылы 24 декабрьде «Искраның» бірінші номері жарық көрді. Бұл газеттің ұйымдастырушысы да, басшысы да, оның тұңғыш редакторы да кемеңгер В. И. Ленин болды. Ильич газеттің әрбір номерінің жоспарын өзі жасады, мақала қорытты, авторлар тартты, тілшілермен байланыс жүргізді, газеттің Россияға жеткізілуімен шұғылданды.

Газет шетелде (Лейпциг, Лондон, Женева қалаларында) жасырын басылды, тиражы 8—10 мың дана болды, аса зор қиыншылықпен Россияға жеткізілді. Оның бірсыпыра номерлері астыртын баспаханаларда қайта басылды. «Искраға» Владимир Ильичтің өзі көп жазды. Үш жылдың ішінде (1900—1903) «Искра» газетінде Лениннің 50-ден астам мақаласы жарияланды.

Көнігі революционерлер И. В. Бабушкин, Н. Э. Бауман, И. Ф. Дубровинский, Р. С. Землячка, М. И. Калинин, Г. М. Кржижановский, Е. Д. Стасова, М. И. Ульянова және басқалары «Искраның» агенті және тілшісі болды. Редакцияның секретарьлық қызметін Н. К. Крупская жүргізді. Лениндік «Искра» жұмысшы табына саяси тәрбие беруде және самодержавиеге қарсы революциялық күресті ұйымдастыруда ерекше роль атқарды. Ол партия күшін біріктірудің, Россияда нағыз революцияшыл, пролетарлық партия құрудың орталығы болды.

XX ғасырдың басында Россияда монополистік капитал қалыптаса бастады. Мұның өзі аса ірі өнеркәсіп орталықтарында пролетариаттың шоғырланып, ұйымдасуына, жұмысшылардың таптық сана-сезімінің өсіп жетілуіне себепкер болды. Бұған дейін өзінің одақтасы болмағандықтан талай сәтсіздікке ұшырап келген шаруалар көтерілісі ұлы жеңіске баспайтын жұмысшы қозғалысымен ұштасты.

Жұмыссыздық пен қайыршылық жұмысшы қозғалысының өрши түсуіне, оның барған сайын революциялық сипат алуына жағдай жасалды. Жұмысшылар енді экономикалық стачкалармен шектеліп қалмай, саяси күреске аттанды. Олар жаппай демонстрациялар арқылы демократиялық бостандықты талап етті, самодержавиені мүлдем құлатуға белін бекем байлады. Революциялық қозғалыс шаруаларды да қамтыды, ел ішінде наразылық күшейді.

Сөйтіп Россияда революция кезеңі туған еді. Бірақ осы шақта халық бұқарасының революциялық күресін бастайтын марксистік партия әлі құрылған жоқ еді. Ол кезде жеке үйірмелерден құралған социал-демократиялық ұйымдар мен топтар ғана болатын. Бұл ұйымдардың арасында ауызбірлік болмады. Идеялық алауыздық, бытыраңқылық социал-демократиялық ұйымдардың революциялық қозғалысқа басшылық етуіне мүмкіндік бермеді. В. И. Ленин жұмысшы табы саяси күресті шаруалар бұқарасымен одақтаса отырып жүргізгенде ғана, революциялық қозғалысқа марксизм идеяларымен қаруланған партия басшылық еткенде ғана жеңіске жетуге болатынын алдын ала болжап білді.

В. И. Ленин «Искра» газетінде жарияланған «Неден бастау керек?» деген мақаласында жаңа тұрпатты партия құрудың нақты жоспарын ұсынды. Мақаланың солай аталуының мәні бар. РСДРП-нің 1898 жылы болып өткен бірінші съезі партия құрылды деп жариялаған болатын. Бірақ жұмысшы табының марксистік партиясы іс жүзінде құрылған жоқ еді. Өйткені социал-демократиялық ұйымдар мен үйірмелер бытыраңқы күйінде қала берді, партияның Уставы мен Программасы болмады; сондай-ақ оның орталық басқару органы да жоқ еді.

Жұмысшы табының партиясын құруды «Неден бастау керек?» деген мәселе осы кезде туды. Бұл мәселе жөнінде түрліше пікірлер айтылды. Кейбіреулер партия құру мәселесін екінші съезді шақыру арқылы шешуге болады деді. Ал басқалары жергілікті ұйымдар мен топтарды нығайтуды басты мәселе етіп көтерді.

В. И. Ленин мұндай тұрлаусыз, дүдәмал пікірлердің бәріне қарсы шықты. Ол РСДРП-нің екінші съезін шақырудан бұрын әуелі негізгі екі ағымның бірін саналы түрде таңдап алып, идеялық және ұйымдық жағынан бірігудің негізін жасауды, партияның мақсаттары мен міндеттері туралы мәселені анықтап алуды талап етті. Осы міндеттерді орындау үшін ол алдымен жалпы орыстық саяси газет шығаруды ұсынды. Партия құру мәселесін шешуді осыдан бастауымыз керек деді.

В. И. Ленин «Искра» газетінің партияны құру жөніндегі ұйымдастырушылық ролін жоғары бағалап, оны құрылыстың жалпы тұрқын белгілейтін, құрылысшылардың бір-бірімен қатынасын жеңілдетіп, олардың жұмысты бөлісуіне, ұйымдасқан еңбектен шыққан нәтижелерді шолуына жәрдем беретін сатылы ағашқа теңеді.

Шынында да лениндік «Искра» жұмысшы табының марксистік партиясын құрудың ұйтқысы болды. Ол социал-демократиялық ұйымдар арасында марксизмді насихаттады, жұмысшы табына саяси тәрбие берді. Партияның идеялық және ұйымдық жағынан бірігуіне себепші болды. Лениндік «Искра» партия Программасының жобасын жасады, РСДРП-нің II съезін әзірледі.

В. И. Ленин «Искра» газеті белгілі саяси бағыттың органы болуға, сөйтіп революциялық социал-демократияның теориялық көзқарастары мен саяси бағытын жүзеге асыру үшін күресуге және түрлі түсті оппортунистік ағымдарды әшкерелеуге тиіс деп атап көрсетті.

Жұмысшы қозғалысындағы алғашқы оппортунистік ағым — «экономизм» жаңа ғана өрлей бастаған жұмысшы қозғалысына және жаңа тұрпатты партия құру ісіне орасан зор қауіп төндірді. «Экономистер» жұмысшы табы саяси күрес жүргізуге тиісті емес, ол түгелдей либерал буржуазияның ісі деп есептеді. Жұмысшылар тек экономикалық күрес жүргізуге тиісті деді олар. Пролетариаттың түбегейлі мақсаты үшін күресуіне жөн сілтейтін социалистік идеологияның, революциялық теорияның дамуына «экономистер» ешқандай көңіл бөлмеді.

В. И. Лениннің «Біздің қозғалысымыздың келелі міндеттері», «Неден бастау керек?», «Экономизмді жақтаушылармен әңгіме» және басқа мақалалары революцияшыл марксистердің міндеттерін, «экономистерді» талқандаудың жолдарын, бытыраңқы ұйымдарды бір партияға топтастыру жөнінде болашақта жүргізілетін жұмыстың бағдарын айқын белгілеп берді. В. И. Ленин 1901 жылғы майда «Искрада» жарияланған «Неден бастау керек?» деген бас мақаласында революцияшыл марксистік партия құрудың жоспарын баяндай келіп, баспасөздің түйінді үш міндетін белгілеп берді. В. И. Лениннің данышпандық анықтамасы бойынша «Газет тек коллективтік насихатшы, коллективтік үгітші ғана емес, сондай-ақ коллективтік ұйымдастырушы да». Газет социал-демократияның идеялық және ұйымдық бірлігін жасауға көмектеседі, жұмысшы табын революциялық қозғалыстың жетекші күші етіп тәрбиелейді, еңбекші бұқарасының арасында кең тарап, пролетариат күресіне

одақтастар тартады; өзін жақтайтын ұйымдарды, партияның ұйтқысы, арқауы болатын агенттерді топтастырады деп көрсетті ол.

В. И. Лениннің осы мақаласының әсері орасан зор болды. Достар бұл мақаланы қуана, дұшпандар ызалана қарсы алды. Петербургтің бір жұмысшысы ол туралы былай деп жазды: «Мен өткен жексенбі күні он бір адамды жинап алып, «Неден бастау керек?» атты мақаланы оқып бердім, түн ортасына дейін отырдық». Мақаланың барынша түсінікті екенін, онда мәселенің түгел қамтылғанын айта келіп, автор өз ойын білдіріп, «Искраға» хат жазбақшы болады.

Марксистік идеяларға жол ашу үшін ең алдымен «экономизмді» әшкерелеу және лениндік жоспарды кеңінен түсіндіру қажет болды. В. И. Ленин «Неден бастау керек?» деген мақаласында өзінің пікірін жан-жақты дамытып, кітапша жазатынын ескертті. Осыған байланысты көптеген өтініш пен хаттар түсті. Болашақ кітапшаның конспектісі болған «Экономизмді қорғаушылармен әңгіме» деген 1901 жылғы декабрьдегі мақаласында Ленин кітапша бір жарым айдан кейін шығады деп жазды. Сөйтіп «Не істеу керек?» атты кітап 1902 жылғы мартта басылып шықты.

Бұдан біз В. И. Лениннің «Не істеу керек?» деген еңбегінің лениндік «Искраның» тарихымен тығыз байланысты екенін көреміз. Ленин өз кітабын 1901—1902 жылдардағы искралық тактика мен искралық ұйымдастыру саясатының жиынтығы деп атады. Бірақ кітап өзінің мазмұны жағынан «жиынтық» шеңберінен әлдеқайда асып кетті. Лениннің бұл еңбегі революциялық теорияны дамытудың жаңа кезені болды. Онда жаңа тұрпатты пролетарлық партия құру идеялары жан-жақты негізделді. Жұмысшы табының партиясы әлеуметтік революция мен пролетариат диктатурасының партиясы болуға тиісті деген пікір кітаптың негізгі арқауы болды. Сондықтан да В. И. Ленин сын семсерін «экономизмге» қарсы жұмсады, оны идея жағынан толық талқандап, нағыз маркстік партия құру мақсатын көздеді.

Лениндік «Искра» «экономистерге», түрлі түсті оппортунистерге және олардың баспасөз органдарына қарсы күресте Маркс пен Энгельстің идеяларын ілгері дамытты. Газет революцияшыл партияны құруда баға жетпес роль атқарды.

Партияның екінші съезі қарсаңында Россияның жергілікті социал-демократиялық ұйымдарының көпшілігі «Искраның» шақыруына үн қосты. Басқаша айтқанда, В. И. Лениннің осы газет арқылы ұсынған тактикалық программасы мен ұйымдастыру жоспарын мақұлдап, «Искраны» өздерінің жетекшісі деп білді. Сондықтан да партияның II съезі өзінің арнаулы қаулысында «Искраның» партияны құру жөніндегі атқарған қызметін ерекше атап көрсетті. Оны РСДРП-нің орталық органы деп жариялады.

Бірақ съезден кейін көп ұзамай-ақ редакция алқасы мүшелерінің көпшілігі Плехановтың қолдауымен меньшевиктер болып кетті. II съездің шешіміне қарама-қарсы жасалған осы өзгеріске байланысты В. И. Ленин осыдан былай газетке қатысудан бас тартты. 1903 жылғы 52-номерінен бастап «Искра» меньшевиктердің қолына көшті.

Өзінің тарихындағы осы екі түрлі кезеңге орай газет лениндік, большевиктік бағытта болған бұрынғы «Искра» және меньшевиктік, оппортунистік жаңа «Искра» деп аталатын болды.

Жаңа «искрашылдарға» қарсы күрес жүргізу үшін В. И. Ленин 1904 жылы Женева қаласында кітап баспасын ұйымдастырды. Баспа Ильичтің басшылығымен большевизмді қорғайтын, меньшевиктерді әшкерелейтін үндеухаттар, кітапшалар мен кітаптар шығарды. Жергілікті партия комитеттері Ленинді жақтады. Солардың қолдауына сүйеніп, ол большевиктік «Вперед» газетін ұйымдастырды. Бұл газет, — деп мәлімдеді Владимир Ильич, — бұрынғы «Искраның» бағытында болады, жана «Искраға» қарсы күрес жүргізеді (Шығармалар, 8-том, 126-бет). Ленин-

дік «Искра» Россиядағы барлық ұлттардың жұмысшылары мен еңбекші бұқарасын пролетарлық интернационализм рухында тәрбиеледі. Ол тек Россияның орталық қалаларында ғана емес, шеткері аймақтарында да, соның ішінде Қазақстанда революциялық қозғалыстың дамуына үлкен әсер етті. Қазақстанның жергілікті социал-демократиялық ұйымдары орталықтан құпия әдебиет, сонымен бірге «Искраны» алып, таратып отырды. Бұған осыдан біраз жыл бұрын Орал облысының Жымпиты ауданындағы бір үйден лениндік «Искраның» бірінші номерінің табылуы дәлел.

1902 жылғы 15 январьда «Искра» газетінде Орынбор — Ташкент темір жол құрылысындағы жұмысшылардың ауыр халі туралы хабар жарияланды. Онда жұмысшылардың мүлде адам айтқысыз жағдайда тұратыны, қатты қанауға ұшырап, орынсыз айып, заңсыз алым-салық төлеп отыратыны баяндалған.

Газет 1903 жылы Орынбор — Ташкент темір жол құрылысындағы жұмысшылардың жайы жөнінде тағы бір хат басып шығарды. Бұл хатта жұмысшыларды қанаушылық күннен күнге күшейіп отыр, олар барак деп аталатын, төбесін сабаңмен жапқан жеркепелерде тұрады, борсыған сорпамен қоректенеді делінген. Әсіресе құрылыс басқарушыларына шағымын айтуға бара жатқанда жолшыбай 46 жұмысшының үсіп өлгенін «Искра» жан түршігерлік оқиға деп көрсетті.

Лениндік «Искра» өзіне жүктелген тарихи міндетін абыроймен орындады. Ақыры большевиктер жеңді, бұрынғы лениндік «Искраның» бағыты жеңді. Газеттің атынан соң: «Ұшқыннан жалын лаулайды» деп тегін жазылмаған еді. Шынында да Ленин тұтатқан ұшқыннан кейін ұлы революцияның жалыны лаулады! Бұл өрттің жалыны самодержавие мен буржуазиялық үкіметтің күлін көкке ұшырды.

Лениннің басшылығымен құрылған біздің ұлы партиямыз маркстік-лениндік теорияны негізге ала отырып, совет халқын коммунизм жеңісіне бастап келеді. Лениндік партияның қаһармандық тарихы, революциялық қызметі бүкіл дүние жүзінің коммунистік және жұмысшы партиялары үшін өшпес үлгі-өнеге болып отыр.

В. И. Ленин негізін қалаған біздің баспасөзіміз бәрінен бұрын маркстік-лениндік идеялылығымен, партиялық принципшілдігімен, халық бұқарасымен өте тығыз байланыстылығымен күшті. Совет баспасөзі — нағыз еркін және халықтық баспасөз. Оның буржуазиялық баспасөзден түбірлі айырмашылығы міне осында.

В. И. Ленин «Искраның» ұстайтын бағыты марксизм, сондықтан да ол Маркс пен Энгельстің идеяларын дәйекті түрде жақтайды деді. Көсемнің осы данышпандық анықтамасы совет баспасөзін ешбір адастырмайтын шамшырақтай жарқырауда. Жоғары идеялылық, партиялылық, бұқарамен тығыз байланыстылық, маркстік-лениндік теорияның творчестволық сипатын үнемі насихаттау, буржуазиялық идеологияға қарсы батыл күрес жүргізу — лениндік «Искрадан» мұра болып қалған тамаша дәстүрлер мен принциптерді «Правда» бастаған бүкіл партия-совет баспасөзі, соның ішінде қазақ совет баспасөзі оған әрі жалғастыруда. Қазір баспасөз совет халқын КПСС-тің XXIV съезін лайықты тартулармен қарсы алуға жұмылдыруда.

Біздің елдің «Искрадан» бергі баспасөзінің бай тәжірибесінен бүкіл дүние жүзінің коммунистік және жұмысшы партияларының баспасөзі үйреніп, үлгі-өнеге алуда.

«Бізге, — деп көрсетті В. И. Ленин, — бәрінен бұрын газет керек. Онсыз принцип жүзінде сыннан өткен, әртарапты насихат пен үгітті үнемі жүргізіп отыру мүмкін емес» (Шығармалар, 6-том, 9-бет). Лениндік «Искра» осындай міндетті атқарған тұңғыш большевиктік газет болды.

Х. БЕКХОЖИН,

тарих ғылымының докторы, профессор.

«ВОПРОСЫ ИСТОРИИ КПСС»

ЖУРНАЛЫ АЛДАҒЫ ЖЫЛДА

КПСС Орталық Комитетінің жапындағы Марксизм-Ленинизм институтының органы «Вопросы истории КПСС» журналында жарияланатын материалдар біздің партиямыздың даңқты тарихы мен халықаралық коммунистік қозғалыстың тарихын оқып үйренушілердің бәріне барынша көмектесіп отырады. Журналдың негізгі оқушылары — партия қызметкерлері мен ғылыми қызметкерлер, жоғары оқу органдарының оқытушылары мен насихатшылар, партия оқуы жүйесінің тындаушылары, студенттер, Ленин партиясының даңқты тарихын оқып білгісі келетін басқа да адамдар.

1971 жылы журнал беттерінде КПСС тарихын ғылыми тұрғыдан кезеңдерге бөлу және партия құрылысының көкейтесті мәселелерін талқылау аяқталады. Журнал өз оқушыларына алдағы жылы қандай материалдар ұсынбақ? Ең алдымен КПСС XXIV съезіне арналған мақалалар журналда көрнекті орын алады. Сондай-ақ партияның коммунистік құрылысқа басшылығы, маркстік-лениндік теорияны дамыту мәселелеріне арналған материалдар жарық көреді.

Алдағы уақытта да К. Маркстің, Ф. Энгельстің, В. И. Лениннің идеялық-теориялық мұраларын одан әрі оқып үйрену мәселелеріне журнал кең орын береді. Бірқатар мақалалар мен заметкалар партия тарихының бұрын аз зерттелген мәселелеріне арналады. Партия құрылысының теориясы мен тарихы жөнінде, өте-мөте партия ұйымдарының қазіргі кезеңдегі жұмыстарын жан-жақты көрсететін көптеген мақалалар жариялау жоспарланып отыр.

Журналда халықаралық коммунистік және жұмысшы қозғалысының тарихына арналған бірқыдыру мақалалар беріледі. Туысқан маркстік-лениндік партиялардың стратегиясы мен тактикасы туралы, олардың өз қатарын нығайту жөнінде алда тұрған міндеттерді қалай жүзеге асырып жатқаны жайлы, халықтардың империализмге қарсы күрес туының астына топтасқандығы туралы, социализм, демократия және бейбітшілік жолындағы күрес мәселелеріне арналған мақалалар басылады. Буржуазиялық идеологияға қарсы, ревизионизм мен догматизмге қарсы аяусыз күрес жүргізу мәселелерін үзбей жазып отыру бұрынғыша журналдың басты бағытының бірі болып қала бермек.

Журналда КПСС тарихының оқытушылары мен насихатшыларына арналған консультациялар жиі жарияланып тұрады. Сонымен бірге жоғары оқу орындарында КПСС тарихын оқыту методикасының күрделі мәселелері жөнінде мақалалар басылады.

1971 жылы В. И. Ленин туралы жаңа естеліктер, партия тарихына байланысты аса маңызды оқиғалар жөнінде материалдар жарық көреді. Сонымен қатар жаңа документтер, тарихнама мен деректеме мәселелеріне арналған мақалалар мен шолулар жиі беріліп тұрады.

Журналдың «Сын және библиография», «Ғылыми өмір» деген бөлімдерінде де аса бай материалдар жарияланады. Оларда КПСС тарихы мен халықаралық коммунистік қозғалыс жөніндегі тарихшылардың ғылыми қызметінің нәтижесі талқыланады, ғылыми коллективтер мен жеке еңбектер жөнінде толық мағлұмат беріліп тұрады.

Л. КЛЮЧНИК,
«Вопросы истории КПСС»
журналының бөлім меңгерушісі.

ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫНЫҢ ШЕЖІРЕСІ

Ұлы көсеміміз В. И. Лениннің туғанына 100 жыл толуы қарсаңында және Қазақ ССР-і мен Қазақстан Компартиясының 50 жылдық мерекесіне әзірлік күндерінде қазақ халқының социализм тұсында қолы жеткен тарихи, әлеуметтік, экономикалық өзгерістерді баяндайтын бірнеше кітаптар жарыққа шықты. Солардың бірі «Жамбыл облысы»^{*} деген қысқаша тарихи-географиялық және мәдени-экономикалық анықтама.

Кітап алты бөлімнен тұрады. Оның бірінші бөлімінде Ленин орденді Жамбыл облысының бұрынғысы, бүгінгісі және болашағы көрсетілген. Революцияға дейінгі Әулиеата уезінің жағдайы жан-жақты сипатталады. Патшалық Россияның басқа да шет аймақтарындағы сияқты, бұл өңірдегі жергілікті халықтардың да өмірі өксімен, аянышты ауыр халде өткені, олардың қараңғылықта, аш-жалаңаштықта болғаны тарихи деректер негізінде баяндалады. Мысалы, уезд орталығы болып саналатын Әулиеатада (қазіргі Жамбыл) халық арарту ісіне қалалық бюджеттің бір процентке жетпейтін бөлігі жұмсалған. Осының салдарынан сауатты адамдардың саны бірнәрсені ғана еді. Жоғары білімді адамдар атымен болмаса, орта білімі бар бір-ақ адам болған. Бүкіл уезд бойынша бір кітапхана, бір дәрігер жұмыс істепті.

Октябрь революциясынан кейін облыс экономикасы мен мәдениетінің қарыштап дамуы — кітаптың өзекті тақырыбы. Экономика мен мәдениетті өркендетуде уездік партия және совет органдары орасан зор жұмыстар жүргізді. Оларды республикамызда Совет өкіметін орнату жолындағы күреске белсене қатысқан көрнекті мемлекет қайраткерлері Тұрар Рысқұлов, Қабылбек Сарымолдаев, тағы басқалар басқарды. Коммунистік партияның басшылығымен жергілікті жерлерде бастауыш партия ұйымдары құрылды, жер-су реформалары жүргізілді, кедей шаруалар Қосшы ұйымдарына біріктірілді. Кітапта көрсетілгендей, облыс экономикасы, өте-мөте бірінші және екінші бесжылдықтар кезінде күшті қарқынмен дамыды. Бұл кезде Жамбыл облысының жерін атақты Турксиб темір жолы басып өтті. Облыс өнеркәсібінің жедел дамуына темір жолдың үлкен септігі тиді. Осы жылдары Мерке қант заводы салынды. Георгиевка торқа заводы, алты май заводы, нан комбинаты пайдалануға берілді. Сонымен қатар Шудағы цемент, Жамбылдағы сыра заводтары негізінен қайта жаңартылып, кеңейтілді.

Облыс еңбекшілері ауыл шаруашылығы мен мәдениет саласында да көптеген табыстарға жетті. Мәселен, 1940 жылы мектепте оқитын балалардың саны 1917 жылғымен салыстырғанда 24 есе өсті. Бұл кезде облыс еңбекшілеріне 205 көпшілік кітапханасы мен 26 аурухана қызмет істеді. Жамбылдың 1939 жылғы октябрьде жеке облыс болып бөлініп шығуы облыс халық шаруашылығы мен мәдениетінің одан әрі дамуына кең жол ашты, облыс құрамына 9 аудан кірді. Бұл жылдары облыста ауыл шаруашылығын коллективтендіру негізінен аяқталып, 366 колхоз, 15 МТС ұйымдастырылған еді. Көптеген колхоздар мен совхоздар ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруде айтарлықтай табыстарға жетті. Мәселен, Қордай ауданының «Тру-

^{*} «Жамбыл облысы» Қысқаша тарихи-географиялық және мәдени-экономикалық анықтама. Жамбыл, 1970, 125 бет.

довик», Жамбыл ауданының «Красная звезда», Куйбышев атындағы колхоздары 1940 жылы Бүкіл одақтық ауыл шаруашылығы көрмесіне қатысты. Облыс коммунистері ауыл шаруашылығындағы барлық табыстардың ұйымдастырушысы және бастаушысы болды. Облыстағы коммунистер саны бұл кезде 4884 адамға жетіп, оның үштен екісі тікелей өндірісте еңбек етті.

Кітаптың үлкен бір бөлімі облыс еңбекшілерінің Ұлы Отан соғысы жылдарындағы майдандағы ерлік істері мен тылдағы ерен еңбегіне арналған. Соғыстың алғашқы күнінен бастап облыстың мыңдаған ұл-қыздары майданға аттанды. Олар өз Отанының азаттығы үшін ерлікпен күресті. Коммунистік партия мен Совет үкіметі Жамбыл облысы жауынгерлерінің майдандағы ерлігін жоғары бағалады. Облыстың мыңдаған жауынгерлері ордендермен және медальдармен наградталды. 20 адамға майдандағы асқан жанқиярлық ерлігі үшін Совет Одағының Батыры атағы берілді.

Отанға қауіп төнген қатерлі кезеңде облыс еңбеккерлері тылда да қажырлы еңбек етті. Партия ұйымдарының басшылығымен облыс еңбеккерлері мемлекетке өткізетін ауыл шаруашылық өнімдерін жылма-жыл арттырып отырды. Тек 1941 жылдың өзінде ғана облыс диқандары Отан қоймасына 900 мың пұт астық өткізді. Мал басы да едәуір өсті.

Ұлы Отан соғысы аяқталғаннан кейін халық шаруашылығын қалпына келтіруге облыс еңбеккерлері жаппай ат салысты. Қаратау фосфорит кенінің мол қоры негізінде облыста химия өнеркәсібі кең қанат жая бастады. 1946 жылы Қаратау кен-химия комбинаты іске қосылды. Ал 1950 жылы Жамбыл суперфосфат заводы пайдалануға берілді. Сонымен қатар бұл жылдары Жамбыл былғары, механикалық-құю заводтары іске қосылды.

Облыс еңбеккерлері ауыл шаруашылығы саласында да зор табыстарға ие болды. Мысалы, 1956 жылғы егіс көлемі 1940 жылғымен салыстырғанда 3,7 есе өсті. Партиямыз бен үкіметіміз ауыл шаруашылығы еңбеккерлерінің қол жеткен табыстарын жоғары бағалады. 1946—1950 жылдар аралығында ауыл шаруашылығының озаттарынан 195 адамға Социалистік Еңбек Ері атағы берілді. Олардың ішінде республикаға ғана емес, бүкіл елімізге белгілі Социалистік Еңбек Ері атағын екі рет алған, қой өсірудің майталман шебері Жазылбек Қуанышбаев, Свердлов ауданындағы «Красная звезда» колхозының атақты қызылшашылары Сындыбала Оңғарбаева, Дарига Жантоқова және басқалар бар.

Облыс партия ұйымдары бұл жылдары колхоздарды ірілендіру, тың және тыңайған жерлерді игеру жөнінде бірқатар жұмыстар жүргізді. Облыста жаңадан 405,3 мың гектар жер игеріліп, бірнеше ірі совхоздар ұйымдастырылды.

Жамбыл облысы еңбекшілерінің соңғы он жылдағы қол жеткен табысы — кітаптың өзекті тақырыбы. Бұл жылдары өнеркәсіп өнімдері облыс бойынша 2,5—3 есе өсті. Жаңадан елуге тарта ірі өнеркәсіп орындары іске қосылды. Олардың ішінде елімізге белгілі Қаратау химия комбинатының байыту фабрикасы, «Молодежный», Ақсай рудниктері, суперфосфат заводының жаңа цехтары, Жамбыл қос суперфосфат заводы, жылу энергия орталығы, тағы басқа кәсіпорындар бар. Сонымен қатар облыстың ауыл шаруашылығы да дамыды. Астық пен қант қызылшасын өндіруде, мал шаруашылығын онан әрі өркендетуде ірі-ірі табыстарға қол жетті. Мал санының өскендігін, астық пен қант қызылшасы өнімдерінің бірнеше есе артқандығын дәлелдейтін фактілер мен мысалдар кітапта мол келтірілген.

Облыстың мәдениет саласындағы қол жеткен табыстары да айтарлықтай. Бұрын жоғары оқу орындары облыста атымен болмаса, соңғы 7—8 жылда халық шаруашылығына мамандар даярлайтын үш институт ашылды, оларда жеті мыңнан астам студент жастар оқиды. Облыс партия ұйымдары кадрларды іріктеп, оларды жұмыс қабілетіне қарай орналастыруда бірқатар шараларды жүзеге асырды. Облыс коммунистерінің 73 проценті тікелей өндірісте жұмыс істейді.

Ч. МУСИН,

тарих ғылымының кандидаты.

ЖАҢА ДӘСТҮРЛЕР МЕН САЛТТАР

Жуырда «Қазақстан» баспасы мәдениет университеттерінің тыңдаушыларына, лекторлар мен насихатшыларға көмекші құрал ретінде Мәдина Үсенованың «Жақсы дәстүр жалғаса береді» деген кітапшасын басып шығарды (1970 ж., 60 бет). Кітапшада жаңа дәстүрлердің, мерекелер мен әдет-ғұрыптардың туу заңдылықтары мен қалыптасуы сөз болады. Автор Целиноград облысы партия ұйымдарының жаңа дәстүрді, әдет-ғұрыптарды дамытудағы тәжірибелерін жинақтап, нақты фактілермен әңгімелейді.

Совет адамдарын, әсіресе жастарды революциялық, социалистік, әскери-патриоттық дәстүрлердің үлгісімен тәрбиелеу — осы заманғы коммунистік құрылыстың аса маңызды міндеттерінің бірі. Жастарды социалистік Отанға деген ыстық махаббат, советтік патриотизм, жоғары адамгершілік рухында тәрбиелеу — идеологиялық жұмысымыздың басты бір саласы.

Көптеген революциялық дәстүрлер біздің жастарымызға ерлік пен батылдықтың романтикасын ғана емес, аға ұрпақ бастан кешірген үлкен сынақтарды да, қиыншылықтар мен жоқшылықтарды да түсінікті етіп, айқын көрсетеді. Бұл жөнінде кітапшада ақ гвардияшылар қолынан қаза тапқан жалынды большевик Әділбек Майкотовтың, ержүрек революционерлер Сәкен Сейфуллиннің, Нестор Монииннің, Бәкен Серікбаевтың, Жұмабай Нұркиннің және басқа да күрескерлердің өшпес ерліктері мысалға келтірілген.

Әскери-патриоттық тәрбиенің маңызды формаларының бірі—Совет Армиясының қатарында қызмет етуге шақырылғандарды салтанатты түрде шығарып салу. Мұндай дәстүр республикамызда кең етек алған, ол көп жағдайларда Отанын қорғаушыларға деген ыстық ықыласқа толы демонстрацияға айналып кетеді. Еңбек, соғыс ардагерлері болашақ солдаттарға оң сапар тілейді, ата-аналар өз ұлдарынан адалдықты, ерлікті күтетіндігін айтады. Әскерге баратындарға комсомолдың атынан значоктар, кітаптар беріліп, аманаттар тапсырылады.

Өндіріс озаттарына құрмет көрсету, жұмысшылар мен колхозшылардың еңбек юбилейлерін өткізу, пенсияға шығарып салу, тағы сол сияқты тамаша дәстүрлер көптеген еңбек коллективтерінің өміріне мықтап енді. Қорғалжын, Балқашин және Ерейментау аудандарының совхоздары мен колхоздарының партия, комсомол ұйымдары, жергілікті Советтері әрдайым кештер өткізіп, онда «Таңдаулы шопан», «Таңдаулы сауыншы», «Таңдаулы механизатор» деген құрметті атақтар беріледі. Ерейментау ауданының «Торғай» совхозында «Диқан атағын беру» мерекесі өткізіліп жүр. Мұндай жаңа дәстүрлер жастарды еңбек адамдарын сыйлауға, өзінің мамандығына деген мақтанышын арттыруға, коллектив намысы үшін жауапты болуға, жолдастық қарым-қатынасқа сергек қарауға үйретеді.

Жаңа туғандарды тіркеу, ат қою, кәмелетке толғанды атап өту, некелесу, комсомолдық үйлену тойын өткізу, жаңаша «Жар-жар» айту, туған күнді атап өту, тағы сондай қуанышты да салтанатты, бақытты сәттердің үлкен тәрбиелік маңызы бар. Бұл дәстүрлердің қалай өткізіліп жүргені жайында кітапшада нақты да қызықты деректер берілген. Мұндай жаңа салттар мен дәстүрлер біздің идеалдарымыз бен ниеттерімізді білдіре отырып, үнемі социалистік жаңа мазмұнмен байи түсетін болады. Советтік жаңа дәстүрлер, әдет-ғұрыптар, салттар өмірге қызғылықты сән береді, жарқын әсер қалдырады, демалысымызды мазмұнды, еңбегімізді көңілді ете түседі.

Б. САРБАСОВ.

КОМСОМОЛДАҒЫ ПАРТИЯ ҰЙТҚЫСЫ НЫҒАЙТЫЛСЫН

Жақында Гурьев облыстық партия комитеті бюросында Шевченко қалалық партия комитетінің комсомолға басшылығы, жастар арасында жұмыс істеп жүрген коммунистердің жауапкершілігін арттыру жөніндегі жұмысы жан-жақты сөз болды, бұл салада бірсыпыра жұмыс тындырылғанымен, елеулі кемшіліктердің орын алып отырғаны атап көрсетілді.

Қалалық партия комитеті, бастауыш партия ұйымдары комсомол кадрларын іріктеу, орналастыру және тәрбиелеу мәселелеріне жете көңіл бөлмейді, көп жағдайда комсомол жұмысына жастарға жетекшілік жасай алмайтын, ынта-жігері, қажетті өзіндік кем адамдар ұсынылып жүр. Соның салдарынан жыл сайын комсомол ұйымдары секретарьларының жартысынан көбі ауысып отырады. Комсомол ұйымдарындағы партия ұйтқысын нығайту жұмысы да ойдағыдай емес. Отыз жасқа дейінгі 745 коммунистің ішінен комсомолдың сайламалы органдарында тек 147 адам, яғни 80 проценті ғана жұмыс істеп жүр. Сондай-ақ қаладағы көптеген партия ұйымдары, оның ішінде автобаза, тұрмыс қажетін өтеу комбинаты партия ұйымдары практикалық жұмыста жақсы жағынан көрінген, таңдаулы комсомолецтерді партия қатарына тартуға да жеткілікті көңіл бөлмей келеді.

Комсомол жұмысында жүрген коммунистердің қалалық партия комитетінің бюросында, партия жиналыстарында есеп беруі жоқтың қасы. Комсомол ұйымдары жетекшілері мен активтерінің кеңестері де сирек өткізіледі. Комсомол жиналыстарында жастардың еңбектегі белсенділігін арттыру, оларды идеялық жағынан шындау сияқты маңызды мәселелер жиі талқыланып отырмайды.

Гурьев облыстық партия комитетінің бюросы комсомолға партиялық басшылықты жақсартуға, комсомол жұмысында жүрген коммунистердің партия тапсырмасын орындауға жауапкершілігін арттыруға бағытталған қаулы қабылдады.

ҰЛЫ ОЙШЫЛ-РЕВОЛЮЦИОНЕРГЕ АРНАЛҒАН ҒЫЛЫМИ СЕССИЯ

Жақында бүкіл прогресшіл адамзат Фридрих Энгельстің туғанына 150 жыл толуын кең атап өтті. Осы датаның қарсаңында Қазақ ССР Ғылым академиясы мен Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті жанындағы Партия тарихы институты Алматыда ұлы ойшыл-революционерге арналған ғылыми сессия өткізді.

Республика Ғылым академиясының вице-президенті А. Н. Нүсіпбеков «Фридрих Энгельс және ғылыми коммунизмнің дамуы», Ғылым академиясының корреспондент мүшесі А. Б. Резняков «Фридрих Энгельс және табиғат диалектикасы» деген тақырыпта баяндамалар жасап, аса көрнекті революционер-ғалымның орасан зор еңбегіне сипаттама берді.

Энгельстің барлық шығармаларымен санаспайынша, деп жазды В. И. Ленин, марксизмді түсінуге болмайды және оны тұтас баяндауға болмайды. Қазір дүние жүзінде Ф. Энгельстің аса бай ғылыми-теориялық мұрасы пайдаланылмайтын бірде-бір білім саласы жоқ. Ол айтқан данышпандық ойлар социализм мен коммунизм орнатып жатқан миллиондаған адамдардың жасампаз қызметінде нақты жүзеге асырылуда. К. Маркстің, Ф. Энгельстің, В. И. Лениннің ұлы ілімі адамзаттың жарқын болашағын нұрландырып отыр.

СССР МЕМЛЕКЕТТІК СЫЙЛЫҒЫНЫҢ ЛАУРЕАТТАРЫ

Жуырда КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің қаулысы бойынша ғылым мен техника саласындағы аса үздік жетістіктері үшін еліміздің көптеген көрнекті ғалымдарына, халық шаруашылығының мамандарына 1970 жылғы СССР Мемлекеттік сыйлықтары берілді. Олардың ішінде республикамыздың бір топ өкілдері бар.

Техника саласында — Оңтүстік Кемпірсай кен-руда ауданында хромиттің жаңа үлкен кенін ашып, барлағаны және СССР-де хромит рудаларының бірегей шикізат базасын жасағаны үшін бір топ геолог-ғалым СССР Мемлекеттік сыйлығына ие болды. Барлығы 11 адам. Олардың арасында Қазақтың минералдық шикізат ғылыми-зерттеу институтының бөлім меңгерушісі Л. И. Қиселев, Қазақ ССР геология министрі М. Д. Морозов бар.

«Оңтүстік Қазақстан мериносы» биязы жүнді қойының жаңа тұқымын өсіріп шығарғаны, оны Шымкент, Жамбыл, Қызылорда облыстарында өндіріске енгізудің экономикалық тиімділігі үшін СССР Мемлекеттік сыйлықтары «Күйік» асыл тұқымды қой зауытының, «Шалдар» совхозының жеке мамандарына, Алматы зоотехникалық-мал дәрігерлік институтының, мал шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының бірсыпыра ғалымдарына, тағы басқаларына берілген. Барлығы 12 адам.

Жезқазған кен-металлургия, Ащысай полиметалл комбинаттарының шахталарында өздігінен жүретін жабдықтарды пайдалану арқылы кен жұмыстары процестерінің комплексті механикаландыру жолымен руда өндірудің жаңа технологиясын жасап, өндіріске енгізгені үшін Жезқазған кен-металлургия комбинатының директоры В. В. Гурба бастаған бір топ қызметкерге СССР Мемлекеттік сыйлығы берілді. Олардың ішінде Шығыс Жезқазған руднигінің директоры Д. О. Ешпанов, Жезқазған руда басқармасының бұрынғы директоры М. Қ. Бөпежанов бар. Барлығы 12 адам.

Өте сапалы кабель өнімдерін шығаруды мықтап арттыруды қамтамасыз ететін, құйманы оттегісіз мыстан үздіксіз құятын комплексті автоматтандырылған цехты жасағаны және оны металлургия өнеркәсібінде тұңғыш рет игергені үшін еліміздің көрнекті 12 маманы СССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаттары атанды. Бұл техникалық жаңалықты ашуға Балқаш кен-металлургия комбинаты мен Қазақ ССР Ғылым академиясының ядролық физика институтынан 4 адам қатысқан.

* * *

Сондай-ақ ҚПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің қаулысы бойынша әдебиет, өнер және архитектура саласындағы аса көрнекті еңбектері үшін еліміздің бір топ талантты жазушылары мен өнер қайраткерлері 1970 жылғы СССР Мемлекеттік сыйлықтарын алды. Солардың ішінде:

Музыка және концерт-орындаушылық қызметі саласында — 1967—1968 жылдардағы концерт программалары үшін СССР халық артисі Бибігүл Ахметқызы Төлегеноваға да СССР Мемлекеттік сыйлығы берілді.

БАСТАУЫШ ПАРТИЯ ҰЙЫМДАРЫ СЕКРЕТАРЬЛАРЫНЫҢ СЕМИНАРЫ

Жақында Қызылорда облыстық партия комитеті колхоз, совхоз партия ұйымдары секретарьларының семинарын өткізді.

Семинарға қатысушылар ұйымдастыру-партия жұмысы, ішкі партия жұмысы жөнінде бірнеше баяндама тыңдады. Семинарда идеология жұмысының қазіргі кезеңдегі кейбір мәселелері туралы, бастауыш ұйымда коммунистердің есебі мен партия шаруашылығын жүргізу жайлы, коммунистер мен комсомолдердің маркстік-лениндік білімін арттыруды ұйымдастыру жөнінде, коммунистердің жеке істері мен шағымдарын қарау практикасы туралы, бастауыш ұйымда партия жиналысын жоспарлау, әзірлеу және өткізу практикасы жайлы, колхоз, совхоз комсомол ұйымдарының жұмысын жақсарту шаралары туралы облыстық партия комитетінің жауапты қызметкерлері — Д. Айдаров, А. Махамбетов, Ә. Өтегенов, Ә. Әбішев, С. Үсенов, Қ. Дүйсенбаев жолдас-тар баяндама жасады.

Сондай-ақ семинарға қатысушылар облыстық ауыл шаруашылығы, су шаруашылығы басқармаларының, «Қазсельхозтехника» облыстық бірлестігінің, облыстық халықтық бақылау комитетінің, мемлекеттік банктің облыстық конторының басшы қызметкерлерінің баяндамаларын тыңдады. Олардың баяндамалары ауыл шаруашылығында еңбекті ғылыми негізде ұйымдастыру, ауыр жұмыстарды механикаландыру және электрлендіру, суармалы егіншілікті онан әрі дамыту, мал шаруашылығын үрдіс өркендету, шаруашылық есепті қолдану, ауыл шаруашылық өнімдерінің өзіндік құнын кеміту жолдары сияқты маңызды мәселелерге арналды.

Сонымен бірге Шиелі ауданындағы Ленин атындағы колхоздың партия ұйымының секретары Ж. Рысманов жолдас коммунистердің колхоз өндірісіндегі жетекшілік ролін арттыру, Жалағаш ауданындағы «Коммунизм» совхозының директоры М. Шәменов жолдас шаруашылық есепті қолдану тәжірибесін ортаға салды.

«ҚАЗАҚСТАН КОММУНИСТІ»

журналында 1970 жылы

жарияланған материалдар

	№	беті
Владимир Ильич Лениннің туғанына 100 жыл толуына Совет Одағы Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің Тезистері	1	3
Лениннің ісі мәңгі жасап, жеңіске жете береді. Л. И. БРЕЖНЕВ жолдастың КПСС Орталық Комитетінің, СССР Жоғарғы Советінің және РСФСР Жоғарғы Советінің 1970 жылғы 21 апрельде Владимир Ильич Лениннің туғанына жүз жыл толуына арналған бірлескен салтанатты мәжілісінде жасаған баяндамасы	5	1
В. И. Лениннің жаңа документтері	7	2
КПСС Орталық Комитетінің Пленумы	7	1
КПСС-тің кезекті XXIV съезін шақыру туралы КПСС Орталық Комитеті Пленумының 1970 жылғы 13 июльде қабыл- дарған қаулысы	8	1
Совет Одағы Коммунистік партиясының Орталық Комитетінің Пленумы туралы информациялық хабар	12	1
СССР Жоғарғы Советі Президиумының Указы Қазақ Советтік Социалистік Республикасын Октябрь Революциясы орденімен наградтау туралы	9	1
Қазақстан Коммунистік партиясының Орталық Комитетіне, Қазақ Советтік Социалистік Республикасы Жоғарғы Советінің Президиумы- на, Қазақ ССР Министрлер Советіне	9	2
Халықтардың социализм туғызған ұлы туысқандығы Л. И. БРЕЖНЕВ жолдастың сөзі	9	4
Қазақ Советтік Социалистік Республикасы мен Қазақстан Коммунистік пар- тиясына 50 жыл. КПСС Орталық Комитеті Саяси Бюросының мүшелігіне кандидат, Қа- зақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші секретары Д. А. ҚОНАЕВТЫҢ баяндамасы	9	17
Совет Одағы Коммунистік партиясының Орталық Комитетіне, СССР Жо- ғарғы Советінің Президиумына, ССР Одағының Министрлер Советіне	9	36
Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің XII Пленумы	1	36
Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінде Теміртау қалалық партия ұйымының еңбекшілерге интернационалдық тәрбие беру жөніндегі жұмысы туралы	2	61
Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің Пленумы	8	2
Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінде Семей қалалық партия ұйымының коммунистерге маркстік-лениндік білім беру ісін жақсарту жөніндегі жұмысы туралы	9	39
Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің пленумы	12	2
Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті XV пленумының қаулысы Қазақстан Коммунистік партиясының кезекті XIII съезін шақыру туралы	12	2

БАС МАҚАЛАЛАР МЕН РЕДАКЦИЯЛЫҚ МАҚАЛАЛАР

Қолхозшы шаруалардың даңғыл жолы	1	37
Коммунистердің тәрбие мектебі	1	68
Мерекелі жылдың биік белестері	2	3
Совет жауынгерінің ерлігі мен патриотизмі	2	41
Ленинизм туы астында	3	3
Замана талабы	5	36
Өшпес данққа бөленген халық	5	42
Жаңа асулар алдында	6	3
Мемлекеттік және еңбек тәртібі қатаң сақталсын	7	3
Мерекелі жыл берекелі болсын	8	4
Бүкіл партияның, барша халықтың ісі	9	43
Асқар асу, зор міндет	10	3
Коммунизмнің жас құрылысшылары	11	26
Баспасөз мәдениеті туралы	11	64
Ауыл шаруашылығын өркендетудегі жаңа кезең	12	3

КПСС XXIV СЪЕЗІНІҢ ҚАРСАҢЫНДА

Ахметов Х. — Социалистік заңдылықтың дамып, нығаюы	10	9
Иванов И. — Техникалық прогресс жолында	11	39
Кетебаев К. — Халық шаруашылығын жоспарлау және ішкі резервтер	9	49
Қоспанов Ш. — Резервіміз ұшан-теңіз	12	10
Тазутдинов Р. — Еңбек заңы және совет адамы	12	16
Ықсанов М. — Суармалы егіншіліктің өзекті проблемалары	11	32

ЛЕНИНИЗМ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ЗАМАН

Асанов Ә. — Жаңа тұрпатты партия туралы лениндік ілім негіздері	2	9
Асфандиярова М. — Жаңа қоғам орнатудағы финанстың ролі	3	14
Бәйішев С. — Экономикалық теорияның асқар шыңы	4	19
Бейсенбаев С. — Заманымыздың жеңімпаз туы	2	13
Жанкелдин Т. — Философиялық ой-пікірдің кеменгері	4	25
Кәкімжанов Ә. — В. И. Ленин және социализмнің экономикалық заңдары	1	43
Кішібеков Д. — Диалектика жайындағы лениндік қағидалар	3	10
Қабдолов З. — В. И. Ленин әдебиеттің партиялылығы туралы	1	55
Қазыбаев К. — Даңқты мерске жылы	1	49
Қонаев Д. А. — Ильич өсиеттеріне адалмыз	4	3
Тұрсынбаев Ә. — Ұлы интернационалист	4	31

ЛЕНИН ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАН

Бижанов Қ. — Екібастұздың кешегісі мен бүгінгісі	3	25
Буров И. — Индустриялы Павлодар	2	15
Демиденко В. — Ленин идеяларының нұрымен	3	18
Қожантаев С. — Шаруаның мерейі	4	65
Ливенцов В. — Мақталы, малды, кенді аймақ	1	61
Матюшин П. — Шыңдыққа айналған аңыз	4	61
Пешнин П. — Шаттық нұрына бөленген қала	4	57
Серкебаев Е. — Өнер күдіреті	4	68
Смайылов К. — Шабыт қайнары	2	22

КӨСЕМНІҢ ЖАРҚЫН БЕЙНЕСІ

В. И. Ленин өмірбаянының қысқаша очеркі	3	29
Адамбаев Б. — Ақылдың кені данышпан	4	48
Бектепов Ж. — Горкиде өткен күндер	6	31
Ерыкалов Е., Старцев В. — Бақыт басы Октябрь	4	37
Есенжанов Х. — Миллиондар жүрегінде	4	43
Крупская Н. К. — Маркстің еңбектерін Ленин қалай оқып үйренді	2	26
Лейберов И., Великанова А. — Февральдан Октябрге дейін	2	33
Сапарғалиев М. — Еңбекшілердің мүддесін қорғаушы	3	50
Старцев В. — Дауыл алдында	3	45
Тәтібеков С. — Халқым жетті мұратқа	4	55
Ульман А. — Ильич кітапханасында	4	51
Шәкенов Н. — Шушада, Саян таудың бауырында	3	58
Ізбасаров Ж. — Көсемді көргеніме бақыттымын	4	54

ҚАЗАҚ ССР-і МЕН ҚАЗАҚСТАН КОМПАРТИЯСЫНЫҢ 50 ЖЫЛДЫҒЫНА

Ағдарбеков Т. — Қазақ мемлекеті осылай құрылған	7	14
Эбсаттаров Р. — Шынайы достық сипаттары	7	20
Әбілдаев К. — Қаһармандық жаршысы	7	35
Әуелбеков Е. — Жер шоктығы Көкшетау	6	9
Бурлаков Ю. — Жаңа белесте	8	34
Ерпилов П. — Орақ-Балға одағы	7	26
Есенәлиев М. — Өскен өнер	8	39
Имашев С. — КПСС-тің айбынды отряды	8	17
Көркей, гүлден, республикам!	7	41
Қаратаев М. — Халық өмірінің жыршысы	6	21
Морозов М. — Қазыналы Қазақстан	8	29
Мұқанов С. — Жаңарған ел, жайнаған дала	8	24
Ниязбеков С. — Коммунизм орнатушылар сапында	8	11
Салықов К. — Кен ордасы — Жезқазған	7	31
Тілеукеев Ә. — От оранған өрендер	6	27
Хасенов Е. — Бәрі де совет адамы үшін	6	16
Шежіре сыры	8	54-60

ОКТЯБРЬ ШАПАҚТАРЫ

Айтуаров Ж. — Партияға рахмет!	8	3
Арыстанбеков Х. — Мамандар дүкені	8	49
Әлібаев М. — Совет өкіметін нығайту күресінде	8	55
Бегәлиева М. — Жарқын жол	8	58

Бекешева К. — Менің бақытым	8	61
Тілеубергенев Ғ. — Кентау келбеті	8	45

АРДАҚТЫ, АБЗАЛ ЖАНДАР

Әбдікерімова Н. — Кенші данқы	9	70
Баймендин Х., Нұрқанов А. — Революция сарбаздары	8	68
Біләлиев А. — Орда үстіндегі ту	8	72
Есмұрзаев Ш. — Қызыл партизан	4	71
Есмұрзаев Ш. — Алтын адам	8	75
Жүсіпбеков С. — Біздің Тоқаш	10	62
Қайроллаев Ә. — Айнымаймыз аға ұрпақ салтынан	4	77
Мұстафин Б. — Көктем қуанышы	4	75
Назханов К. — Ильичпен дидарласқан	8	62
Сіргебаев Б. — Венгер интернационалистері	12	61
Табылдиев Х. — С. М. Киров Қазақстанда	10	58

ФРИДРИХ ЭНГЕЛЬСТІҢ ТУҒАНЫНА 150 ЖЫЛ

Ленин В. И. — Фридрих Энгельс	11	2
Бәйішев С. — Марксизмнің экономикалық іліміне қосылған зор үлес	11	8
Бейсенбаев С. — Карл Маркстің ұлы досы әрі серігі	10	14
Қасымжанов А. — Диалектикалық-материалистік теорияның негізін қалаушы	11	13
Сүлейменов Б. — Энгельс және революциялық Россия	11	18
Ұлы ойшылдың өмір кезеңдері	11	22

ҰЛЫ ЖЕҢІСТІҢ 25 ЖЫЛДЫҒЫНА

Ғабдуллин М. — Астана түбіндегі арпалыс	3	57
Жұмабаев Ә. — Халық қаһармандығының эпопеясы	3	63
Жұмағұлов Ш., Потапов А. — Социалистік Отанды қорғау туралы лениндік идеялар	2	47
Қашқынбаев З. — Соғыс қарсаңында	2	52
Қошқарбаев Р. — Рейхстаг үстіндегі қызыл жалау	5	61
Қызыл Армия шежіресінен	2	60
Момышұлы Б. — Шайқастарда шындалдық	5	52
Мұхамедияров А. — Партия сөзінің күші	5	48
Сатыбалдиев М. — Ұмытылмас есімдер	2	57
Снегин Д. — От-жалында сыналған достық	5	57
Ысмағұлов Б. — Балқаш мысы — жауға оқ	5	64

ОЛ КҮНДЕРДІҢ ӨШПЕС ДАҢҚЫ

Аманжолов К. — Еліміздің қорғаныс қуатын нығайту жолында	6	46
Бектемісов Ә. — Қару мен қалам	6	72
Қозыбаев М. — Жеміс арсеналы	6	50
Машақов С. — Майдан елестері	6	70
Мәденов Қ. — Батыр гвардияшылар	6	66
Мәуленов С. — Қаһарман қаланың оттары	6	60
Перминов П. — Жауынгерлік жорықта	6	68
Сейітов С. — Партияның перзенттері	6	55

ҰЙЫМДАСТЫРУ-ПАРТИЯ ЖҰМЫСЫ

Алахунов Т. — Партиялық тапсырма — тәрбие құралы	12	35
Асанов С. — Партия топтарына қамқорлық керек	12	31
Қайсанов О., Рыльский Г. — Иландыру өнері	11	50
Қожахметов Ж. — Табыс ұйтқысы — коммунистер	10	36
Сұраққа жауап . . . 6, 9, 10, 11, 12, номерлердің	75, 68, 39, 53, 38	беттерінде.
Тойбазарова Т. — Партия комиссияларының жұмысын жетілдіре берейік	11	44

СОВЕТ ЖӘНЕ ӨМІР

Алыбаев Ә. — Жұмысшы табының жас түлектерін шындайық	12	27
Төртқарин Б. — Бұқараның өндірістегі белсенділігі	12	21

ӘНГІМЕ ӨЗЕГІ — ПАРТИЯ ЖҰМЫСЫНЫҢ СТИЛІ МЕН ӘДІСТЕРІ

Аблакова Р. — Советтердің күші партия басшылығында	10	26
Еркіннов О. — Коммунистің жауапкершілігі мен борышы	7	44
Жәркенов Т. — Кадр мәселесін сөз етсек	7	49
Парфенов А. — Партия қызметкерінің өресі	10	20
Птущенко А. — Саяси-бұқаралық жұмыстың маңызды саласы	10	31

ИДЕОЛОГИЯЛЫҚ ЖҰМЫС МӘСЕЛЕЛЕРІ

Аралбаев Ж. — Жаңа дәстүр, жаңа салт	9	59
Белов А. — Оқу процесі және студент жастар тәрбиесі	7	54
Жұмағалиев Б. — Коммунистер Лениннің идеялық мұрасын оқып үйренуде	6	37

Партия оқуы жүйесінің 1970—1971 оқу жылына арналған теориялық семинарларының үлгі тақырыбы	10	41
Плотников А. — Партиялық насихат пәрменді болсын	9	53
Теміров Н. — Антикоммунизм — империализмнің идеялық қаруы	6	42

МАРКСИЗМ-ЛЕНИНИЗМ НЕГІЗДЕРІН ҮЙРЕНУШІЛЕРГЕ КӨМЕК

Әшімбаев Т. — В. И. Ленин экономиканың ролі туралы. Өндірістің тиімділігін арттырудың объективтік қажеттігі	12	40
Дәулетбаев Б. — Миллиондардың радиоуниверситеті	12	46

ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТАҚЫРЫПҚА

Әйтимов З. — Ең маңызды, ең басты шарт	11	55
Батырбеков О. — Социалистік жарыстың экономикалық заңдылығы	10	47
Еренов Ә., Байсалов С. — Жер — халық қазынасы	3	69
Кәкімжанов Ә. — Коммунизмнің нұр шұғыласы (ГОЭЛРО жоспарына 50 жыл)	12	47
Мырзағалиев Ғ. — Аудандық комитет және еңбекті ғылыми негізде ұйымдастыру	10	43
Пуриц В., Иванченко Н. — Шаруашылық реформасы және қоғамдық қорлар	7	58
Сатыбалдин С. — Есеп пен бақылаудың ролі	10	53
Сәрсенбаев Т. — Қала құрылысының кейбір мәселелері	12	56
Халитов С. — Үнемдей білген ұтады	12	52

ӨНДІРІС ЖӘНЕ КОЛЛЕКТИВ

Бекалаев О. — Алыптың адымы	7	63
Бодаубаев Б. — Алтын шаңырақ	7	66
Сакиев З. — Маңдай тердің маржаны	11	60
Швец Н. — Еңбек қуанышы	7	71

ӘДЕБИЕТ ПЕН ӨНЕР

Байтанаев Ә. — «Абай жолындағы» әлеуметтік мәселелер	10	72
Ғабдуллин Н. — Қоғам. Әдебиет. Қаһарман	10	66
Қабдешев Ш. — Ауыл кітапханасы	10	75
Қанафияева-Кереева К. — Г. Успенский шығармаларындағы қазақ тақырыбы	11	70

АБАЙ ҚҰНАНБАЕВТЫҢ ТУҒАНЫНА 125 ЖЫЛ

Дүйсенбаев Ы. — Ақын даңқы	7	73
----------------------------	---	----

СОЦИАЛИЗМ ЕЛДЕРІНДЕ

Қаржаубаев Ғ. — Көсегесі көгерген Монғол елі	2	76
Қожамсейітов С. — Халықтық демократия туы астында	5	73

СЫН ЖӘНЕ БИБЛИОГРАФИЯ

Балақаев Т. — Отты жылдар оқиғасына арналған еңбек	11	74
Жаманқұлов С. — Ғылыми атеизм негіздері	3	79
Жаңа кітаптар 9, 11 номерлердің		76, 77 беттерінде
Жеребятьев Ф., Темірәлин Ж. — Экономикалық заңдар және ауыл шаруашылығы	9	74
Мусин Ч. — Жамбыл облысының шежіресі	12	70
Сарбасов Б. — Жаңа дәстүрлер мен салттар	12	72
Ульман А. — Ленин еңбектері туралы бағалы анықтама	10	77

БАСПАСӨЗ. РАДИО. ТЕЛЕВИЗИЯ

Бағаев Ұ. — «Социалистік Қазақстан» газетіне 50 жыл	2	71
Бекхожин Х. — Лениндік «Искраның» шыға бастағанына 70 жыл	12	65
Елеукенов Ш. — Әрқашан алдыңғы сапта	5	67
Кенжебаев Ә. — Ойлар мен ізденістер	3	73
Ключник Л. — «Вопросы истории КПСС» журналы мереке алдында	3	77
Ключник Л. — «Вопросы истории КПСС» журналы алдағы жылда	12	69
Бүгінгі күннің тыныстары . 6, 9, 10, 11, 12 номерлердің . . . 77, 77, 79, 79, 73 беттерінде		
Жарияланбаған хаттың дерегі	9	78
Журнал оқушыларына	10	10
«Қазақстан коммунистінің» оқушыларына	1	79
«Қазақстан коммунистінің» сынына жауап береміз	6	79

МАЗМҰНЫ

Совет Одағының Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің Пленумы туралы информациялық хабар	1
Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің пленумы	2
Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті XV пленумының қаулысы. Қазақстан Коммунистік партиясының кезекті XIII съезін шақыру туралы	2

КПСС XXIV СЪЕЗІНІҢ ҚАРСАҢЫНДА

Бас мақала — Ауыл шаруашылығын өркендетудегі жана кезең	3
Ш. Қоспанов — Резервіміз ұшан-теңіз	10
Р. Тазутдинов — Еңбек заңы және совет адамы	16

СОВЕТ ЖӘНЕ ӨМІР

Б. Төртқарин — Бұқараның өндірістегі белсенділігі	21
Ә. Алыбаев — Жұмысшы табының жас түлектерін шындайық	27

ҰЙЫМДАСТЫРУ-ПАРТИЯ ЖҰМЫСЫ

С. Асанов — Партия топтарына қамқорлық керек	31
--	----

БАСТАУЫШ ПАРТИЯ ҰЙЫМЫ СЕКРЕТАРЫНЫҢ ТРИБУНАСЫ

Т. Алахунов — Партиялық тапсырма — тәрбие құралы	35
Сұраққа жауап	38

МАРКСИЗМ-ЛЕНИНИЗМ НЕГІЗДЕРІН ҮЙРЕНУШІЛЕРГЕ КӨМЕК

Т. Әшімбаев — В. И. Ленин экономиканың ролі туралы. Өндірістің тиімділігін арттырудың объективтік қажеттігі	40
Б. Дәулетбаев — Миллиондардың радиоуниверситеті	46

ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТАҚЫРЫПҚА

Ә. Кәкімжанов — Коммунизмнің нұр шұғыласы (ГОЭЛРО жоспарына 50 жыл)	47
С. Халитов — Үнемдей білген ұтады	52
Т. Сәрсенбаев — Қала құрылысының кейбір мәселелері	56

АРДАҚТЫ, АБЗАЛ ЖАНДАР

Б. Сіргебаев — Венгер интернационалистері	61
□ _____	
Х. Бекхожин — Лениндік «Искранық» шыға бастағанына 70 жыл	65
Л. Ключник — «Вопросы истории КПСС» журналы алдағы жылда	69

СЫН ЖӘНЕ БИБЛИОГРАФИЯ

Ч. Мусин — Жамбыл облысының шежіресі	70
Б. Сарбасов — Жаңа дәстүрлер мен салттар	72
□ _____	
Бүгінгі күннің тыныстары	73
□ _____	
«Қазақстан коммунисті» журналында 1970 жылы жарияланған материалдар	75

СОДЕРЖАНИЕ

Информационное сообщение о Пленуме Центрального Комитета Коммунистической партии Советского Союза	1
Пленум Центрального Комитета Компартии Казахстана	2
Постановление XV пленума Центрального Комитета Компартии Казахстана о созыве очередного XIII съезда Коммунистической партии Казахстана	2

НАВСТРЕЧУ XXIV СЪЕЗДУ КПСС

Передовая — Новый этап в развитии сельского хозяйства	3
Ш. Коспанов — Наши резервы неисчерпаемы	10
Р. Тазутдинов — Закон о труде и советский человек	16

СОВЕТЫ И ЖИЗНЬ

Б. Турткарин — Экономическая реформа и творчество масс	21
А. Алыбаев — Молодой смене рабочего класса — отеческую заботу	27

ОРГАНИЗАЦИОННО-ПАРТИЙНАЯ РАБОТА

С. Асанов — Больше внимания партийным группам	31
---	----

Трибуна секретаря первичной партийной организации

Т. Алахунов — Партийное поручение — важное средство воспитания	35
Ответы на вопросы	38

В ПОМОЩЬ ИЗУЧАЮЩИМ ОСНОВ МАРКСИЗМА-ЛЕНИНИЗМА

Т. Ашимбаев — В. И. Ленин о роли экономики. Объективная необходимость повышения эффективности производства	40
Б. Даулетбаев — Радиоуниверситет миллионов	46

НА ЭКОНОМИЧЕСКИЕ ТЕМЫ

А. Какимжанов — Неугасимый свет коммунизма (к 50-летию плана ГОЭЛРО)	47
С. Халитов — Режим экономии и бережливость — требование дня	52
Т. Сарсембаев — Некоторые вопросы градостроительства	56

БОРЦЫ ЗА СЧАСТЬЕ НАРОДА

Б. Сиргебаев — Венгерские интернационалисты	61
Х. Бекхожин — Ленинской «Искре» — 70 лет	65
Л. Ключник — «Вопросы истории КПСС» в 1971 году	69

КРИТИКА И БИБЛИОГРАФИЯ

Ч. Мусин — Летопись Джамбулской области	70
Б. Сарбасов — Новые традиции и обряды	72
Будни наших дней	73
Список материалов, опубликованных в 1970 году на страницах журнала «Казахстан коммунист»	75

РЕДАКЦИЯ КОЛЛЕГИЯСЫ:

УГ08777.

Зак. 24.

Тираж 46650.

К. САҒЫНДЫҚОВ (бас редактор), З. АЙТМАҒАМБЕТОВ (жауапты секретарь), Ә. АХМЕТОВ, С. БЕЙСЕНБАЕВ, Ш. ЕСМҰРЗАЕВ, Т. ЖАНКЕЛДИН, Ә. КӘКІМЖАНОВ, С. ҚОЖАМСЕЙІТОВ, К. МЕНДІБАЕВ, Ә. РАХИМОВ, Т. ЫДЫРЫСОВ.

Редакция адресі: Алматы қаласы. Қомсомол көшесі, 103.

Телефондар: секретариат — 67-20-95, партия тұрмысы және мәдениет бөлімдері — 67-13-30, насихат және экономика бөлімдері — 67-14-04, редактор — 67-23-00

10/ХІІ-1970 жылы басуға қол қойылды, қар. 70×108¹/₁₆. 2,5 қар. — 6,85 авт. табак.

Қазақстан КП Орталық Комитеті баспасының баспаханасы. Алматы, Ленин проспекті, 4.